

3456-23  
С 18

Қәкімбек  
**САЛЫҚОВ**

БАЙКЕН  
**ЖОЛЫ**

# Кәкімбек САЛЫҚОВ

*Еңбек ері, ұлы Отан соғысының ардағері  
Бәйкен Әшімовтың 90 жасқа толған  
мерейлі тойына арналды*

# БАЙКЕН ЖОЛЫ

*Лирикалық поэма  
және өлеңдер*



"Сәздік-Словарь"  
2007

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөніне ақпарат  
министрлігінің бағдарламасымен басылып шыкты.*

С 18 Салықов Кәкімбек  
Бәйкен жолы. — Алматы: “Сөздік-Словарь”, 2007. — 168 бет.

ISBN 9965-822-09-3

Қазактың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері Кокімбек Салықовтың бұл жинағына “Бәйкен жолы” атты поэмасы және осы тақырыпқа сәйкес олendezері өмір көріністерінің айшыкты мезеттерін сипаттайды. Қай өлеңді алсак та, Еңбек ери, Отан соғысының ардагері, Қазақстанның үкіметін он төрт жыл басқарған елдің ардақты ақсақалы Бәйкен Әшімовтің бейнесін сипаттауға арналған. Кітап сүйкімді лирика мен әдемі әзілге бай. Той толғаныстары поэзиядағы жаңаңың іспеттес қырынан көрініп тұр. Жаңа жинақты жыр сүйгіш қауым ризашылықпен карсы алар деп сенеміз.

40351

C 4702250202  
00(05)-07

ББК 84 Қаз 7-5

018

ISBN 9965-822-09-3

© Салықов К., 2007  
© Сөздік-Словарь, 2007

## Алғы сөз

Қара сөзден өлең оңай ақынға,  
Сергек сезім көнер ойлы ақылға.

Алғы сөзді  
Жаздым арнау өлеңмен,  
Татымы бар ой жатсын деп затында.

Батырсың ба жаудан кегін мол алған,  
Ақынсың ба зор құрметке оранған,  
Жер бетіне  
Даңқың қанша жетсе де,  
Зор атақ сол үлттың ұлы бола алған.

Ағыбайдай бермес жауға намысын,  
Мағжандай оқтан таймас ар үшін,  
“Үлттың ұлы” деп атайды қазақым,  
Қажу білмес қазанат туған арысын.

Еәйкен жайлы кірсем үлкен кенеске,  
Ол да нағыз үлттың ұлы емес пе.  
Үкіметті дәл он төрт жыл басқарып,  
Тікті жалау 90 жастық белеске.

Қанаттас бол  
Қыл өтпеген арадан,  
Ең сенімді серікtestіk қалаған,  
Қонаев пен Әшімовті жөн болар,  
Бірге ардактап шығармаған санадан.

Ізгілік пен мейірбандық арнасы,  
Қалды артта талай сәтті таңбасы.  
Бәйкен жолы дербестікті аңсаған,  
Даналар салған данғыл жолдың жалғасы.

**Бірінші бөлім**

*Өлеңдер*

## *Өмірдің академигі*

Асыл жандар арсыздыққа көнбейді,  
Тура сілтеп, алға алаңсыз өрлейді.  
Ерлігімен ел мұнына сеп болып,  
Салт-дәстурмен ереженді жөндейді.

Соның бірі Бәйкен-аға Әшімов,  
Сүрлемейік ақиқатты жасырып:  
Дәл он төрт жыл үкіметті басқарса,  
Мәскеуден де жүрді амалын асырып.

Бір сырлы жан бойда өнері мың қырлы,  
Қазак үшін ғажап істер тындырыды.  
Қолда барды қорлағанды жек көріп,  
Тегістеді кейде кедір-бұдырды.

Бодан тірлік бұзды талай қамалын,  
Дауыл кешті күтпей өмір самалын.  
Көрі-жасқа бірдей ізет білдіріп,  
Азаматтың сақтай білді адалын.

Ізгіліктің бек сақшысы жүрегі,  
Білмегенге сәл жымыш күледі.  
Мың тексеріп түк таппаған  
Колбиндер,  
Сол күндерден тазалығын біледі.

Үлкен талант  
Сезді өресін ел іші,  
Есіл-Көкше дейді әйдік егінші.  
Шахталарда кеншілікті игеріп,  
Жетісуда болды күріш егуші.

Алау-жалау жоқ қызбага жерігі,  
Алда журді киындықта ең ірі.  
Карт майдангер, Еңбек ері  
дәл айтсақ;  
Ол өмірдің үлкен академигі.

01.07.2007ж.  
Астана

### *Есіл таңы*

Атқанда арай шашып Есіл таңы,  
Шықты ғой жас күнімдей есім тағы.  
Тоғайдан тоқсан тарау бұлғактаған,  
Тотының таңға ғашық естілді әні.

Ақ сәуле күлім қаққан сүймес кімді,  
Жауқазын қызығалдақпен тілдестірді.  
Күн шықты аппақ жүзің жарқ еткендей,  
Өзінмен бала күнгі үндестірді.

Ақ шуақ көк Есілдің таң самалы,  
Ақку, қаз сырнай-керней қарсы алады.  
Сандугаш сайда сайрап сәлемдессе,  
Көнілдің дамыл тапты аңсағаны.

Сағыныш осындайда селдіреді,  
Ән неткен таза нәркес мөлдір еді.  
Осылай жатады еken тебіреніп,  
Лұпілдең таң мезгілде ел жүргегі.

12.05.2002 ж.  
Астана

## *Fашық қала Алматы*

Алматы алмағайып әсем қала,  
Қазағым басын иген көсем қала.  
Атқан таң бір сүюге аңсап жетсе,  
Батқан күн кимай жылжыр бәсек ғана.

Жұлдыздай көш бастаған Үркердегі,  
Алматы махаббаттың үлкен төрі.  
Жұмақтың бір апортын ала келіп,  
hay-Ата, hay-Ананың түскен жері.  
Жан құштар жемісіне баққа келіп,  
Таппадық махаббаттан басқа желік.  
Салса да қанша тыйым өте төтті,  
Біз дағы сол алманы татқан едік.

Бұлт сүйген тау гүліндей ашық қала,  
Жан-жаққа жатыр нұрын шашып қана.  
Көрген жан Алматыға ғашық болса,  
Алматы адамзатқа ғашық қала.

27.04.2003 ж.  
*Алматы*

## *Жасай бер, біздің Елорда*

Жауқазын әсем, жас қала,  
Көңілге жылы наз арттың.  
Елорда болдың Астана,  
Ақмоласы қазактың.

Атаган бабам “Ақ қамал”,  
“Ақ құмбез” сені түрленткен.  
Тарихта таңба сақталар,  
“Қараөткел” көрген құрметпен.

Целиноград боп атандың,  
Жоқ атау туып сөзімде.  
Ол да бір көрген қатал күн,  
Амалсыз көнген төзімге.

Қазағым мақтан етерлік,  
Сәулет пен дәулет шыңысын.  
Сан үрпак сақтап өтерлік,  
Тәуелсіздік туысын.

Ежелгі арман өтелген,  
Нығайды қазақ елдігі.  
Ақталды шаңырақ көтерген,  
Елбасының ерлігі.

Кыранға лайық өмір боп,  
Жөптеді жолын құмар Күн.  
Сен көркейсең көңіл тоқ,  
Мерейім өсіп қуандым.

Дербестік жедел баптаған,  
Нығайып бекем тез орна.  
Ақ тілекті актаған,  
Жасай бер, асқақ Елорда.

21.02.2003 ж.  
Астана

*Ағалар үшін алғысым  
(Нұрсұлтан Назарбаевқа)*

О, тоба жүзіміз ашылды,  
Жаңалық бүркәнған күн жетті.  
Оналдық бір сілкіп ғасырды,  
Жаңқалап астамшыл індепті.

Сәкен мен Ебіней, Қаңыштың,  
Аттары бұлт жарып жарқ етті.  
Шашқандай ақ сәүле жаны үшкын,  
Жас қыран басты ескі тәлкекті.

Басталды аюжолтай жақсы ісі,  
Оқысак “Правда” газетін.  
Біздің ел бүгінгі басшысы,  
Сыналты ескілер ғадетін.

Қос ғалым, ақыық ақынның,  
Күтінде болғаның айтты анық.  
Ақ қайнар шығарды батыл үн,  
Үшеуін халқына қайтарып.

Қаныш пен Сәкеннің тойлары,  
Елдіктің еңсесін көтерді.  
Дес келіп ақ тілек ойдағы,  
Бар қазақ құткені өтелді.

Университет өзінің төл ісі,  
Ебінейдің атына берілді.  
Жан аға өркендереп өрісі,  
Тарқатты көкіректе шерімді.

Жыр күмар жасымнан салтым бар,  
Толтырып қойыппын дәптерді.  
Айта алмай жүруші ем сан жылдар,  
Бір парыз ақтайтын сәт келді.

Осы өлең алғысым, Нұреке,  
Үш жұлдыз, үш аға атынан.  
Әр ісің тапсын зор береке,  
Ел-жүртты бірлікке шақырған.

19.01.2000 ж

## *Бәйкен ағы бүгінгі*

Ізгілік Бәйкен тілегі,  
Қонды зор бақыт асылға.  
Бар өмірлік тірегі,  
Бақыт женғем қасында.

Орны сай төрдің көшінде,  
Шырайын бұзбас нұр жузі.  
Жарқырай түсті төсінде,  
Ерліктің алтын жұлдызы.

Сыпайы, мығым жүрісі,  
Күш-куат тағдыр сыйлады.  
Ойлантып өлем тынысы,  
Саясаттан хабар тыймады.

Тарихтан жіті талдайды,  
Кешегі мен бертінді.  
Мактауга бірақ бармайды,  
Горбачев пен Ельцинді.

Конгресте қызу сөзбенен,  
Үдеткен есер айқайды,  
Иран жақты көздеген,  
Бушке де басын шайқайды.

Естелік сөзін шындаиды,  
Ақ қағаз, қалам құралы.  
Көзімен көпті тындаиды,  
Кемістік етсе құлағы.

Қазбаламай бар сырын,  
Тоқтайын қозғап шетінен.  
Сүйеді ол өлі жасырын,  
Женгемнің тәтті бетінен.

*07.07.2007ж.*

## *Тіл жорығы*

Тіл күрмеліп кеңестік “жұмагында”,  
Судай сіңсе курдымға құба құмда.  
Байтұрсынов бастады корғау жолын,  
Ана тілін “ортак тіл” кұрамында.

“Рухани көсемі” ұлтымыздың,  
Деп Әуезов құптағын ғұрпын ізгі.  
Тіл жорығын өзі де жасап өтті,  
Сүйсіндіріп тұған ел-жұрттымызды.

Мағжан ақын ұрандал Тұран барын,  
Шекерімдер үзбеді құран нәрін.  
Жасап берді жас Қаныш ғылым тілін,  
Есеп-қисап оқулық қуралдарын.

Егемендік алғанда елім менің,  
Тіл туғыры берік деп сеніп едім.  
Орыс аздай, өзгеше корыс келіп,  
Тіл жорығы байқадық кемігенін.

Өндірісті сатумен маздаушылар,  
Татулығы тіліммен аздау шығар.  
Қазақтардың дінкесін қатырады,  
Ағылшынша сөйлесіп “жалдаушылар”.

Міне, содан үрейім еселенді,  
Орыс аздай шет тілдер кеселі енді.  
Ахаң айтқан “Қазақтық қалып” қайда?  
Сол “қалыпқа” салайық өсер елді.

“Ана тілі” — деген зор бастаманы,  
Табылмайды қорғаудың басқа мәні.  
Тіл жорығын Ақанша ағындағасқ,  
Ұлтты сақтау сол болар басты амалы.

Тазаланып шұбар тіл ала-құла,  
Нұр байлансын жас үрпак талабына.  
Барша казақ казақша сөйлеспесек,  
Дым бітірмес әрекет шала, пула.

03.10.2000 ж.

### ***Кекшетаудың қаласы***

Кекшетаудың қаласы мен даласы  
“Қопа” көлдің құмқайрақты жағасы  
Бала күнде талай асыр салған жер  
Шабыт қозғап жібергенін қараши.

Қасқыр көріп бұға қалған баладай,  
“Бүкта” жатыр жан жағына қарамай.  
Беу, ескі дос!  
Көтер, десем басынды,  
Міз бақпайды жалт қарауга жарамай.

Жетіжкілдің ер балалар мектебін,  
Тәмәмдап ем,  
Тентек етіп ерке күн.  
Төбелессіз өтпеуші еді үзіліс,  
Әр сағатты еске алып сыр шертемін.  
Әне, шулы “Шағалалы” өзені,  
Қандай ғажап...  
Жар тубінде кезеңі.  
Жалаңаяқ ізім жатыр күмдақта,  
Дәл көрсетіп балық үйір межені.

Қара мойыл жарқ еткенде жанары,  
Шыдай алмас тірі қекірек саналы.

Суга келген  
Көрші қызы телміріп,  
Қармактағы ақмарқага қарады.  
Егделі пен ерке күннің арнасы,  
Алыс екен көрінбестей шамасы.  
Осынау қызды тым ертерек ұзатқан,  
Ол да сенсін Көкшетаудың қаласы.

15.08.2000 ж.  
*Бурабай*

### *Саясаткерлік Абайы*

Қындық жастай табысқан,  
Нәр алған ар мен намыстан,  
Сайыстан мол ғой үққаны.  
Әр күні жігер қайратқан,  
Төсіне жұлдыз байлатқан,  
Зор бақыт төрге шыққаны.  
Бәйкен елдің абызы,  
Тәгілген көпке арайы,  
Саясаткерлік Абайы.

Қолына билік тигенде,  
Қыраны құсты ілгенде  
Қазынаға қолын сұқлады.  
Сабырмен болжап жан-жақты,  
Ел-жүртқа болды ардақты,  
Ақыл мен ойды жұптады.  
Бәйкен елдің ағасы,  
Жақсы мен жайсаң маңайы,  
Саясаткерлік Абайы.

Тер төгіп, биік ар сақтап,  
Шындықты өсті ардақтап.  
Дұлдулді өрде жықлады.  
Шығармай ерсі дауысын  
Тындырыды мықтап әр ісін,  
Дәстүрін ел-жүрт құптады.  
Бәйкен үздік қайраткер,  
Әрі ерен, әрі жабайы.  
Саясаткерлік Абайы.

Мың кісідей бір өзі,  
Тұрлаулы түйік міnezі,  
Қалпынан берік шықлады.  
Не қиямет көрсе де,  
Найзагай оғы тәнсе де,  
Ар-намысты жықлады.  
Бәйкен аbzal азамат  
Тарихым әр күн, әр айы,  
Саясаткерлік Абайы.

23.10.2005ж.

Астана.

## *Қызылжар*

Аккайың елі жайдары,  
Сарыарқа алтын айдары.  
Абылай қонған бел, белес.  
Қазақтың ғажап аймағы.  
Әнші де, күйші ғұрпынан,  
Көркіне терең сыр тұнған.  
“Гауһартас” сенсің құлпырған,  
Қыраны елдің Қызылжар,  
Жұмағы жердің, Қызылжар.  
Орман көл толы айналаң,  
“Гәккулі” өлкем жайнаған.  
Сандуғаш сайда үніне.  
Інжу мен маржан байлаған.  
Мағжандай қайсар жаралған  
Ұлдары арыс сан алуан,  
Атадан мирас нәр алған.  
Қыраны елдің Қызылжар.  
Жұмағы жердің Қызылжар.

Жауқазын туған үлбіреп,  
Гүлден де сұлу гүлдірек.  
Ұлпанға тартқан үлтjanды,  
Қыздары шымқай Қыз Жібек.  
Есілдей көвшіл тілегі.  
Бірліктің берік тірегі,  
Достықтың туы — жүрегі,  
Қыраны елдің Қызылжар,  
Жұмағы жердің Қызылжар.

*2004 ж.*

\* \* \*

“Сакта, күдай, өмірдің “әттенінен”,  
Өлең өріс көкжиең тапты өрінен.  
Гүл теремін,  
Бір әсем үн теремін,  
Даркан өмір тамаша сәттерінен.

Алауласа кенші-ақын, жырым-жалын,  
Екі ғасыр еңселі шыныңдағын.  
“Жезқійк” — жыр кеп, женіл жаралған жок,  
Мың айтсам да таусылмас мұңым қалын.

Кызығына тірліктің тоймайды өлең,  
Жақұт іздел теренге бойлай берем.  
Етпен кетер сүйекке сіңген мінез,  
Тойда отырып Арады ойлай берем.

Дербес елдің қарқыны сүйсінтеңі,  
Дәріптеуімен тынбайды тылсым щебі.  
Астанага аң-таң бол қызықсам да,  
Тұған ауыл хал-жайы курсінтеңі.

Төрт түлік мал кең жайлап, тебіндеген.  
Ояу көзім тоядай жерім кенен.  
Дөтім берік,  
Сәтім де адасқан жок,  
Келер қунгеге қол созам сенімменен.

Жаным разы көп өнер достығына,  
Бәрі өзінше,  
Дем берді сөз нұрына.  
Әкімдік пен кеншілік қоштасса да,  
Ақындықта жетемін өз шыныма.

2002 ж.  
Астана

**Жан әлемі**  
*(Серік Кирабаевқа)*

Сері-аға, “жан әлемі” — деген сөзің,  
Ғұлама ойшылдықтың аштың көзін.  
Қанша бай болса адамның “жан әлемі”,  
Соншама биіктетер өмір өзін.

Асылға арналғандай бар мәнері,  
Ойлы сөз, өте нәзік жөне әдемі.  
Жеткізді занғар биік зор межеге,  
Сені де даналардың жан әлемі.

Баурагыш тұла бойың мейірімділік,  
Көрмедің әлдекімше жеңіл күліп.  
Кетпейді жылы шуак келбетіннен,  
Шапағат, мейірім мерей төгілдіріп.

Анаңның ақ сүтімен ұялаған,  
Жасады сол мінезің зиялы адам.  
Қыздырып ішкі намыс құлшынасың,  
Тұлпардай баяу желіс ұнамаған.

Қазакқа сен арнаған жақты мол сын,  
Қыргыз да бауыр басты құтты көршін.  
Ұлттымның осы күнгі “Виссарионы”,  
Сері-аға, сексен жасың құтты болсын!

*30.03.2007 ж.*

*Астана*

## *Бір жаңартып өтетін*

Кей қаланың аты әншіл үн берді,  
Ақмоламыз Астана боп үлгерді.  
Кей қалалар атын жиі өзгертіп,  
Әр заманға сай боларлық күн көрді.

Ескі Ермак Ақсу болып оңалды,  
Ата-жұрттың нұры жанган өң алды.  
Шетте жүріп елге жеткен секілді,  
Тараздарым өз атына оралды.

Ал, Павлодар мызығымай түр шертиіп,  
Сыйлық емес “дар” дегені шер күйік.  
Ақ патшаның бекінісі емес пе,  
Намыс козғап түрған өңсіз мелшиіп.

Сан ойланып,  
Сана мұнын кешесің,  
Отпеді ғой ұлыққа айтқан неше сын.  
Мазалайды Петропавловск дегені,  
Басқан кезде Қызылжардың көшесін.

Тағдыр осы өңменіңе жететін,  
Әу, дем сәтте мәңгүрт етіп кететін.  
Тәуелсіздік тәзбейтүғын аттар бар,  
Кезі келді бір жаңартып өтетін.

Гәптің бәрі түпкі негіз затында,  
Затын ойлар бар ғой берік хақым да.  
Екі қала тұрса деймін жарқырап,  
Құтты есіммен ата дәстүр салтында.

*2002 ж.  
Алматы*

## *Бөрте ханымның сөзі*

— Шұғыла елін Шыңғыс хан талқандады,  
Ақ Бұқа атты патшасын арқандады.  
Ай мен Күндей күлпүрған қызын алып,  
Құлан ханым қасында алшандалды.

Бәйбішеге хан тақсыр хабар қылды,  
Мәмлекерді жіберді табар тілді.  
Сонда Бөрте сөз айтып хабаршыға,  
Ата дәстүр салтына сала білді:

— Эмір солай  
Көлден құс атсын — деді,  
Сондай едім өзім де жас күндегі  
Хан иеме қызғаныш ете алмаймын,  
Жас іспен қызыққа батсын — деді.

Тілегім мол  
Ниет пәк жолын булас,  
Мен өкінер емеспін долы қу бас.  
Етегінен кім қоңырау қақса-дағы,  
Жошы, Үгедей,  
Шағатай, Толы тумас.  
Хан иеме жарасқан еркелігім,  
Ұлғайғанда бүлінбес мөлтек үнім.  
“Қабат шапан тондырmas,  
Қабат арқан тоздырmas”.  
Жас тоқалдан кемімес Бөртелігім.

*27.11.2002 ж.*

## *Оңдасынға*

Ардакты інім Оңдасын,  
Басыңа бақыт орнасын.  
Әйгіл әулет ішінде,  
Өз жолың айқын ордасын.  
Ғалымдық берік қорғаның,  
Үстаз боп гибрат жолдастын.  
Қыл көпірден өткізді,  
Бәйкеннің ұлы болғаның.  
Сынаушы сансыз сезілсе,  
Қаулаган қауым көзінше,  
Атақты әке атына  
Абырай қостың өзіңше.  
Басылмас асая ағынмен,  
Бойында өршіл жалынмен,  
Биікке талай жете бер  
Байыпты, бапты сарынмен.  
Көрінген көркем көшіңнен,  
Жұрагат кетпес есімнен.  
Қудаги, құда мың жаса,  
Ботакөзді өсірген.  
Беу, құда бәрі тегін бе?!

Көкшеге тиді себің де.  
Жарасып Жасыбай, Сексен көл,  
Біз жарыдық келінге.  
Қызыдырып өнді үдейін.  
Алғысты асыл үйейін.  
Құдагиым Райхан,  
Бетінізден сүйейін.  
Оңдасын, болдың табанды,  
Баса бер алға қадамды.  
Құтты болсын әр күнін.  
Көтерсін тәңірім бағанды.

Қылдыр конып қасында,  
Бекінсін бақыт басында.  
Қырандай өрге құлышынтысын,  
Тағдырың жаңа ғасырда.

21.03.2001ж.

Алматы

### *Батырга ескерткішпен күттыхтаимын*

Ұлан іс бастау алған Бас қаламыз,  
Куаныш құтты болсын Астанамыз!  
Ескерткіш Қаңжығалы Бөгөнбайға,  
Орнаттың,  
Құттықтаймыз, шаттанамыз!

Атағы Алты Алашқа дастан-аңыз,  
Қасарса жер бермеген жатқа қарыс.  
Атасы батырлардың Қарт Бөгөнбай,  
Жасы да тоқсан бестен аскан абыз.

Айбынын өзгелерден асыра алған,  
Батырдың зор әuletін жасыра алман.  
Ересен күшті, ержүрек өңкей қайсар,  
Еркіндік таңын еткен асыл арман.

Еңсегей Ер Есімнің дәуірінен,  
Атасын барша қазақ тәуір білген:  
Әлдеуін Түркістанга әмір болған,  
Сокқылап сансызы жауды сауыр белден.

Қазағым сүйді әкесі Ақшаны да,  
Қолдады өз Тәукедей тақтағы да.  
“Ақ дауыл” — деп атапты мысы құрып,  
Қысылған сан айқаста қастары да.

Бөгөнбай Ақшаұлы тартты атага,  
Бөлөнді аруақ қонған ақ батаға.  
Ерлігі,  
Абылай ханға елшілігі,  
Жер жармай атақ-даңқы жай жата ма.

Бермеген жауға дауда үпайды да.  
Қазаққа құтты есімі құтайды ма,  
Күгіндап казақ-орыс, жонғарларды,  
Асырды Үрімжіден Қытайды да.

Орнаса елге нешік ор замандар,  
Осылар үлттың рухын қолдағандар.  
Көкшетау — Алатау мен  
Алтай — Атырау,  
Арасын сойыльмен көргағандар.

Орнатсан Астанадай асыл қала,  
Зор белгі батырға да, ғасырға да  
Тағы да бір жүлдзызың жарқырады,  
Есіл де акты көкшіл-жасылдана.

Ақылмен ой толқынын басқарамыз,  
Мактаудан ерді неге жасқанамыз?!

Елбасын бүтін қызу құттықтайық,  
Нұреке, бәрі құтты бастамаңыз.

Ерекше қуанышқа туды сай күн,  
Бөгелмей Бөгөнбайша қанат жайдым.  
Байтақ жер,  
Тәуелсіз ел — қазағымды,  
Батырға ескерткішпен құттықтаймын.

02.07.2007 ж.  
Астана

\* \* \*

Жаманға етсөн жақсылық,  
Жадына тартар надандық.  
Кей міні кетпей асқынып,  
Жөн тапсан жасар карандық.  
Келер деп осым көңілге,  
Ойламай кетер карысып.  
Ұмтылған оттай көмірге,  
Қырсығы жүрер жабысып.

Жақсыға айтқан ақылын,  
Ақ нанға сары май жаққандай.  
Құшынар үғып татымын,  
Асыл ой түбін тапқандай.  
Дос жақсы үғар сәлемді,  
Шыққандай бір үядан..  
Жүрсе де шарлап әлемді,  
Қол сілтер алыс киядан.

Секілді сүйген тәбеті,  
Адамды билер әдеті.

19.10.2006 ж.

Астана

### *Бір қазақты бөлмейікші екіге*

Ескі Одақтың кезінде де бар еді,  
Елді үш жүзге бөлүшілер әлегі.  
“Командалық” ғұрып келді бұл күнде,  
“Ескі”, “жаңа қазак” туды әлемі.  
О, құдай ау, әңжүмелеп жастарды,  
“Жаңа қазак” деген дакпырт басталды.  
Бір қазақты бөлме қаққа бауырым,  
Оның басқа себебі бар астарлы.

“Жаңа қазақ” біздер бакқан балалар,  
Жасөспірім тілге шорқақ “шаралар”.  
Бірак, байқа, жаны таза арымен,  
Тіл мен ділді игеруге бара алар.  
Пәле жауып,  
Жықтайыкшы сойылға,  
Біл одан да не жатканын ойында.  
Тілге олақ казактардың бүтінгі,  
Бір кінәсі біл өзінің мойнында.  
Жаппай қалап кеттік орыс мектебін,  
Токтау салар кім шығарды өктем үн.  
Орыстанып кеттік-ау, деп осқырсақ,  
Ондал кара ағылшындық жеткенін.  
“Ески”, “жаңа” деген үғым журмейді.  
Жактырмайтын ондай іштен үрлеуді.  
Кең мінезбен гибрат, тәлім көрсетіп,  
Жетілтейік шорқақ тілін күрмеулі.  
Қатыгез дос, өзіңе бір карашы,  
Ол да осынау қара қазақ баласы.  
Сен гүпініп “мерседеспен” заулатсан,  
Оның өмірі жер мен көктің арасы.  
Қолың жетсе, кетпе інім, қатайып,  
Өткен күнде жатыр біздің бас айып.  
Жас үрпақты жасқандырмай тузеуте,  
Шыңамдықпен шын қамқорлық жасайык.

02.08.2003 ж.

## *Сағындым*

Қыран жетпес биіктерді сағындым,  
Сөүледі көз байлаған.

Қырда желген киіктерді сағындым,  
Жанаарлары жайцаған.

Құмар болған,  
Ұлар қонған,  
Ұлытауды сағындым.

Аулым қонған Сырымбетті сағындым,  
Таңдайым бал татынып.

Бауыры толған жиын топты сағындым,  
Құрбы, құрдас шақырып,  
Аққулы өлкем,  
“Гәккулі” өлкем,  
Көкшетауды сағындым.

Алтын алка Есілімді сағындым,  
Аққайындар өрлеген.

Көрші қалқа есімінді сағындым,  
Көптен айтып көрмеген.

Сары жайлаулы,  
Таң байлаулы,  
Сарыарқамды сағындым.

Аға, женге, бауырласты сағындым,  
Сайран салып жүретін.

Аман қалған ауылдасты сағындым,  
Ата-анамды білеңін,  
Кіндік кескен,  
Бауырында ёскен,  
Жалғызтауды сағындым.

*1989 ж.*

## *Данияр құдага*

Менің де құдам  
Құдасы болса Мұсаның,  
Ардақтай берем  
Алшактамай үш адым.  
Жұпар женгем тойында тарту сый еттім,  
Жыр кітапты өлең бол жайған құшағын.  
Естелікті енді ойға шақырам,  
Алататуды өзімдегі мұнға батырам.  
Өтіп кетті женешем кеше өмірден,  
Бет сипасып отыруға шақырам.

Тойымызды, қайғымызды бөлістік,  
Бұрынғыдан жақынырақ көрістік.  
Данияр, Бақыт Алматыңда болдыңдар,  
Тұсымызың ең қадірлі, ең ыстық.

Ақиқатты тура айтпауга хақым жок,  
Жүрмес едім мен үйтпесем ақын бол.  
Мұса ағамның балалары үшін де,  
Кеттіңіздер біздерден де жақын бол.

Өмір өзен тоқтатпасын кемесін,  
Есте ұстайық өткелдердің елесін.  
Кездесерміз қуанышты күндерде,  
Үкілі бабам аруағы жебесін.

*2001ж.*

***Байшілікте***  
***(Есепгелді Мұқыжановка)***

Аппақ үйлер тігіліпті аланда,  
Бәрі осында,  
Ауылтың да, қалаң да.  
“Отан” туы, “Отан” үні шалқып түр,  
Осы екен ғой лайық тойы заманға.

Талай шешен ұшыргандай жан құсын,  
Арнап жатыр сөздің сара нәрлісін.  
Осы ауылға жәрдем еткен Есенге,  
Жерлестері төкті мың-мың алғысын.

Көп әжелер әні шықты аспанға,  
Қостап қетті кекселер де, жастар да.  
Мағжан елі екеніне қуандым.  
“Бәрінен де сен сұлуға” басқанда.

Жан толқытты жас талантқа нұрлы үміт,  
Күмбір қакты домбыралар дүрлігіп.  
Сегіз Сері атамызыңды еске алдық,  
“Гаянартасты” шырқағанда бір жігіт.

Кез болыппыз  
Шын айтулы шат үнге,  
Балқып кеттім жастай құмар тәтті үнге.  
Үкілі бабам елестеді құс салған,  
Бір қарындағас салған кездे “Гәккүте”.

Сарыарқаның бой жазғандай нұр тауы,  
Үн биледі орман, тогай, қырқаны.  
Ағаларың сыйлағаны-ау, жастардың,  
Кербез жігіт “Жезкиікті” шырқады.

Шелім қанды туған елдің өніне,  
Дәстүрлі өуен ел сүйсінді нәріне.  
Қолдан келген жақсылығым сол болды,  
Бір-бір кітап сыйға тарттым бәріне.

26.06.2004 ж.

*Өнерпазға ақ бата*  
*(Гаухар Сұлтановага)*

Игере бер сұлу саздың ғарышын,  
Есіміңді барлық әлем танысын.  
Дана дарын  
Мың жылда бір келетін,  
Нұргисаның аруағы дарысын.  
Әрістей бер,  
Абырой, атақ таптың көп,  
Орындаі бер  
Сол қарқынмен ақ міндет!  
Ақ батамның түйіні осы  
Гаухаржан,  
Қолдап жүрсін Құрманғазы, Тәттімбет!

18.10.2000ж.

*Астана*

*Бас мұфтииді құттықтау*  
*(Әбсаттар Дербісөліге)*

Жақсылық күтем  
Жүзі жылы адамнан,  
Күлім қаққан  
Көзінің сыры сан алуан  
Әбсаттар қажы  
Шырайына қараши,  
Көрген адам  
Нұр шуақтан нәр алған.

Жазық маңдай,  
Қырғылыхты білмейді.  
Ашық таңдай  
Адамдарға гүл мейірі.  
Айтқан сөзді  
Естіп, ұғып, аялап,  
Нәзік жаны,  
Беріледі шын пейілі.

Ажары да  
Алла берген ақсары,  
Тек жақсылық  
Бұл жалғанда аңсары.  
Пайғамдардың,  
Шын құлы гой,  
Қазактар  
Бас мұфтиге  
Сондай жанды аңсады.

Қарсы алғандай  
Тәуелсіздік жеңгенін,  
Көрдік елге  
Дін басшысы келгенін.  
Аз жылдарда  
Білдік адад, әділ жан,  
Тұған елге  
Тың қолғабыс бергенін.

Өзіне еріп,  
Шәкірттері талпынды,  
Көтерді олар  
Ең алғашқы бар сынды.  
Мұсылмандық  
Білімі де шамалы,  
Келе жатыр,  
Жөнге салып халқымды.

Көрдік қазақ  
Дінге ниет бұрганын,  
Жана мешіт  
Сөн-салтанат құрғанын.  
Әне, сонда  
Бізге де Алла көз салды,  
Деп төгілттім  
Көкейімнен нұрлы ағын.

Түркістанга  
Жасап қайттым тағым,  
Үқтый молдау  
Қожа Ахметтің аңызын.  
Кітап қылыш  
Сонын бәрін хаттаған,  
Менің де артта  
Мұсылмандық бар ізім.

Куаныш қой  
Яссайді үккан да,  
Не жетеді  
Шын жақсылық жүққанға.  
Жыр арнадым  
Әбсаттар қажы қазаққа,  
Бас мұфти боп  
Ұлы төрге шыққанда.

Тоқсан ауыз сөзге тапсам тың түйін:  
Жаса менің,  
Бек құрметтер мұфтиім!  
Алпыс жасың құтты болсын, Эбеке,  
Сәлем айтты,  
Астана, ауылым, құтты үйім!

21.04.2007 ж.

Астана

## *Сағадат Нұрмамбетовтің сөзі*

Сейлеп түр генерал Сағадат,  
Тындағық тіл қатпай жамағат.  
Арнап түр Бәйкенге бар сөзін,  
Әскери үгымда бағалап.

Деді ол: “Кей дөкей аты ірі,  
Қай күні өмірі тоқтады.  
Сол күні алысы, жақыны  
Сыртынан сыпыра боктады.

Сау қалған осындаі жазадан,  
Әшімов — ғажайып, таза адам.  
Суворов секілді сөз ермес,  
Біз көріп, білетін аз адам.

Ар-намыс тұғырын жықпады,  
Қадамын ел бірге құптады.  
Ол — берік қолбасшы, мызғымас,  
Алғы шеп отынан шықпады.

Ол мықты тәртіпке сеніммен,  
Жері жоқ дүшпанинан жеңілген.  
Жүті ауыр, төсінде жүлдыз да  
Маңдай тер селіне берілген”.

*1998 ж.*

## **Көңілім**

Тасқын едім, шалқыған тұнық та едім,  
Осы күні көңілім сыйық менің.  
Беу, тағдырым! Бір тыным бермедің ғой,  
Мың құлатсан мың рет тұрып та едім.

Арпалысқа үйірмін құлын күннен,  
Кейде алмасып кетеді күнім тұнмен.  
Есерлердің сақтай ғөр саяғынан,  
Есті тентек жақсы еді сырын білген.

Жасқанамын достан да, дүшпаннан да,  
Сескенемін өзеуреп құшқаннан да.  
Қара бастың әркім жүр қамын ойлап,  
Зәру болды мұнымды үққан жанға.

Беу, домбырам! Кел, қосыл, аландама.  
Сыр бұту жоқ жалғанда саған ғана.  
Шеккен қасірет меншікті еншім емес,  
Талай тарлан іздеп жүр табар пана.

Күннен күнге қарыштап үдеулі едім,  
Кілт тоқтадым алғандай біреу кегін.  
Ел қабағы тезірек ашылса екен,  
Сонда күйім түзелер жүдеу менің.

*1994 ж.*

*Абаймен ерте табысқан  
(Бәйкен Әшімовке)*

Жақсыдан үлгі алғаны,  
Атадан мирас жалғады,  
Ақыл мен ойды жұптады.  
Не киямет көрсе де,  
Өтірік айтпас өлсө де,  
Адалдықты құттады.

Мын кісідей бір өзі,  
Салмақты болды мінезі.  
Қалыптан әнтек шықлады.  
Сабырмен болжап жан-жакты  
Ел-жүртқа болды ардақты,  
Осы ғой ең зор үққаны.

Тигенде билік қолына,  
Әділдік түсті жолына,  
Қазынага қолын сұқпады.  
Аз сейлеп көп тыңдады,  
Шешімді берік шыңдады,  
Айтқан сөзін жұтпады.

Әлдекімнен жалтақтап,  
Есерді досқа айтақтап  
Асылды өрде жықпады.  
Шығармай ерсі дауысын,  
Тыңдырды мықтап әр ісін  
Тасада қалып бүқпады.

Абаймен ерте табысқан,  
Жасынан ақыл жабысқан  
Бойына сінді үққаны.  
Дамылсыз жігер кайратып,  
Төсіне жулдыз жайнатып,  
Шын ерлік төрге шыққаны.

*13.10.2005 ж.  
Астана*

*Есімін жылдар жасырмас  
(Сәкен Жұнисовке)*

Көз жүмдү өнер пырағы,  
Қазақтың ғажап дүлдүлі.  
Самғауық қыран құлады,  
Бұлт жарған асқақ тынды үні.

Шаршы топ тұрар бас иіп,  
Сол еді-ау, жігіт озығы.  
Занғарға жетті ең биік,  
Өзі ірі саңлақ сөзі ірі.

Сағымнан шықты жалындаپ,  
“Жапандагы жалғыз үй”.  
“Ақан сері” ағындаپ,  
Ел-жүргіттан Сәкен алды сый.

Құлагер мұнын қозғаған,  
Шұрқырап шықты құлындаі.  
Болса да Ақан өз бабам,  
Жалғасты Сәкен ұлындаі.

Сан қылыш өнер тоғысты,  
Сергітіп дала жарысы.  
Тандантты казак, орысты  
Италияшыл әсем дауысы.

Тұлпар сол жайнар шапқанда,  
Қай думан оны қарсы алмас.  
Абайдың әнін айтқанда,  
Алдына тірі жан салмас.

Таппады таныс бірауық,  
Драмаға терең бойлады.

Сүм жалған ескен шырмауық,  
Шырмамай оны қоймады.

Өнерін көптен асырса,  
Сері еді жанға бас ұрмас.  
Қара жер көзден жасырса,  
Есімін жылдар жасырмас.

21.04.2007 ж.  
Астана

*Асыл тұлға бақыл бол  
(Өмірзак Сұлтанғазине)*

Өтті өмірден қазақтың шын арысы,  
Ғұламағалым елге айғақ әр ісі.  
Жүдеп қалды-ау,  
Сол мезетте қазақтың,  
Фарыштану мәресінде жарысы.

Асылды алу сүм ажалдың соқпағы,  
Айту қын...  
Үлкен жүрек тоқтады.  
Қарт Алатау қарлы шыны тенселді.  
Ардақты ұлын Тобыл сыңсып жоқтады.

Ұлттық тұлға  
Әлем білген көшелі,  
Ол бар жерде үтты елдің есебі.  
Бәйге өрінде Құлагердей мерт болды,  
Фарышкерлер ақылға бай көсемі.

Үлгі еді ғой, Өмірзак сенің атың сол,  
Саңлақ едің жер бетінде даңқың мол.  
Қаныш аға нық қазығы деп сүйдік,  
Таңғалдырса өрге ұмтылған даңғыл жол.

Қайда жүрсөң жіті көніл бөлуші ем,  
Алға тарттың ағалықтың төрін сен.  
Бар қазаққа көрік берген кеменгөр,  
Ахмет аға інісіндей көруші ем.

Жүректі едің  
Әр қадамың тың дастан,  
Жок деуге де сені бүтін қимас жан.  
Топырағың торқа болсын нар інім,  
Үрпағыңа ашық болсын нұрлы аспан.

Үлтжандылық таңдайында татым мол,  
Нағыз қазақ болып өттің атың зор.  
Ойда жокта қулап қалды-ау, бір тауым,  
Елің бақыл, асыл тұлға бақыл бол.

24.05.2005 ж.  
Астана.

### *Шәкір ағайдың айтқаны*

Жас келген соң алды-артынды ойлайсын,  
Бар ақылды тындағанға жолдайсын.  
Ішпеймін деп кесіп айтпа шырағым,  
Бұрын ішсөң,  
Қайта соктай қоймайсын.

Мінезіңе үлкен сенім артасын,  
Бір басыңа жетер дос пен бар қасын.  
Кесіп айтпа.... тартпаймын деп темекі,  
Тарықканда тағы да бір тартасың.

Ер жігітті қалдыратын арманда,  
Бір-ақ нәрсе оралмайтын жалғанда.  
Бара алмайсың қара көзге құмартқан,  
Жас үлғайып қуат бітіп қалғанда.

15.02.2000 ж.

### *Сәкен аға қакпақылы*

Сәкен құлді Бейімбетке: жұпыны  
“Жаман плащ ескертіп түр күпіні,  
Елден ерек болу керек  
Қашан да,  
Би-ағасы ... классиктердің күтімі”.

Би-ағамыз депті: — “кезек күтем мен,  
Жол тимейді бір кіші, бір үлкеннен.  
Сәкен, Фабит — серілерден  
біздерге,  
Дым қалмай жүр қазакта бар дүкеннен.  
2000 ж.

### *Алпыс деген алтын шақ* (*Марат Жәркеновке*)

Дегендей асыл таста, ақыл жаста,  
Бүгінті кешегіден қарқын басқа.  
Өзіміз үйлендірген інім едің,  
Марат та келіп қалды алпыс жасқа.

Тілегі, Жезқазғанның жүрегі едік,  
Жас қала, кенші қауым тірегі едік.  
Маратжан, күтты болсын алпыс белес!  
Биікке жеттің мығым жүре беріп.

Құттықтал мол жаямын шат құшқақты,  
Зор ынтаң жаңа заман салтын тапты.  
Деген ат: академик, профессор,  
Жайнатты алпыс деген алтын шақты.

Бұл шақты еңсеруге мен тақадым,  
Қалып түр жетпіске де жарты-ақ адым.  
Алпыста арыстандық бітеді екен,  
Жарыста намыс козғар жан талабын.

Қазактың бір мінезі — ырымшыл ғой,  
Қырымнан құс ілерлік білінсін ой.  
Мақтаса Қаскелендік қудашалар,  
Айтпаймын қупиясын інімсін ғой.

Селтенін серіліктің ежіктемен,  
Тықырын жетпістің де сезіп келем.  
Ойқастап, ойлы жолға орын сайладап,  
Өлеңнен басқа істен безіп келем.

Алпыстың кірсең данғыл көшесіне,  
Сәт бағыт дәл сілтейін төтесіне.  
Алладан не тілесең соны берсін,  
Тер төккен ерен еңбек есесіне.

Жұлдызың жанса Марат, жолың ерен,  
Жарқылын берсін Алла молыменен.  
Ағанды ақындыққа жібер-дағы,  
Қарышта Қаныш-аға жолыменен.

Қыз — нарық көнбей тәлкек, бұлтағына,  
Ойда бар әлі де зор мін тағына.  
Көктен нұр, жерден шаттық бере берсін,  
Ескендер-аға барлық үрпағына.

Алпыстың күлаш үрсаң өресіне,  
Қартандық қарайлама көдесіне.  
Қыздай жас Құләшіңің колтығында,  
Жұз белес жалықпай шық төбесіне.

1999 ж.  
Алматы.

*Ағалық ақ тілегім  
(Марат Қенжегозинге)*

Мактау күтпе бүгін менен Маратым,  
Мактан етем бар — деп берік канатым.  
Мықты екенсің  
Қол ұстасып, бірлесіп,  
Қан майданда барлауға да баратын.

Асыл ұлсың туған біздің халықтан,  
Мінезінде көп жақсылық бар ұққан.  
Алатада алшаң басып жүрсөң де,  
Кінәрат жоқ інілікке жалыққан.

Сәлем берсөң аға сыйлап иіліп,  
Мен қуандым табылғандай тың ілік.  
Кісліктің бар байлығы мінезде,  
Кішіліктен басталады ірілік.

“Жілік алмақ, мінезінен баланың” —  
Деген сөзден бастау тапты бар әнім.  
Евней-ага секілді нар жігітсің,  
Байқағанға құтты боп жүр қадамың.

Өлеңдесем 60 жылдық тойында,  
Сау қайындағы  
сымбат та бар бойында.  
Ерке Есілдей еркін жүріп келесің,  
Қызынарыктың жүтін артып мойынга.  
Фальм болсаң  
Мен сүйетін ғұрпын көп,  
Ақ жүргегін лұпілден түр ұлтым деп.  
Үлесің сол,  
Құресің сол өмірде,  
Сейілте алсаң тар кезеңнің бұлтын көп.

Салсаң құрық  
Қызыл тұлқі — нарыққа,  
Сақ қырандай алпысында шарықта.  
Реформалар “Макросын” алып ен,  
“Микросы” да керек боп түр халыққа.  
Сан қиындық  
Қаулап тұрса легі,  
Мызыгымасын сендей елдің тірегі.  
Тығырықта себің тисін тезірек,  
Осы деп біл саған аға тілегі.  
Елдің жайы  
Бар түйіні сөзімнің,  
Онсыз қалай, қашан жеңіл көз ілдім.  
Мен сендерді аз қамшылаң келемін,  
бар мінімді айта кетсем өзімнің.

Тыңдал түр ғой  
Есіл, Ертіс, Іле де,  
Ақиқаттан басқаны олар біле ме?!

Тар кезеңнен есен өтіп алғанша,  
Марапаттау, мақтау, бөсу тілеме.

Бөсе берсін шен сайратқан есерлер,  
Бөсе берсін шалапотнай “көсемдер”.  
Тайғақ жолда тартпасын де етектен,  
Ел талағыш, құлқыны кең кеселдер.

Мінезім жок  
Той үстінде мін айтар,  
Ақ тілек қой қаркынынды тыңайтар.  
Құлдірмедім, арманымды білдірдім,  
Қадау сөзді мен айтпасам кім айтар.  
Жалаулатып жетіп қалса алпысың,  
Шанқай шырқау осы деп біл талтусің.  
Өрлеу жолда  
Әкпен талмай өршелен,  
Нарық жолы салтын түзер паркы үшін.

Той басталды  
шақырып түр би алан,  
Алпысынды кең жайлап жүр бұл ағаң.  
Келіншекшіл көп сырымды айтар ем,  
Әттең, шіркін, келіндерден үялам.

Беу, ағайын!  
Көтерейік шарапты,  
Той дүбірі бойға қызу таратты,  
Бағы жансын!  
Жетер шыны көп болсын,  
60-сымен құттықтайық Маратты.

04.06.1999 ж.

Алматы.  
Қабылдау ғимараты

## *Мәриямға*

Қайсармын, найзагай жасынмын,  
Ешкімге келмейді бас үрғым.  
Мәриям бір саған табынсам,  
барымды асырдың,  
Жоғымды жасырдың.

Махаббат қызығын татындым,  
Жұзінде жарқырап жатыр Күн.  
Ақ желкен серігім, сен болдың,  
Күмбезі — шатырдың,  
Шабыты — ақынның.

Күндерде қулашты кең жазған,  
Қияға ұшырды Жезқазған,  
Сан жылдар өшірмес ізің бар,  
Әр таста кең қазған  
Әр сөзде мен жазған.

Тәгілген әр тамшы терімде,  
Үлесің аз емес сенің де.  
Дауылдан шайлықпас әл бердің,  
Арал-құм шөлінде,  
Ақ макта елінде.

Фибрат алып ем Қаныштан,  
Әлі де жебеп жүр данышпан.  
Есен-сау оралдық ел-жүртқа,  
Оралдық алыстан,  
Жеткендей гарыштан.

Мың қыздан мен сені таңдағым,  
Мың жаса аялап тармағың.

Бір ғажап ақылды ісім бар,  
Ол — сені алғаным.  
Сен қанат жалғадың.

Дастарқан молдығы байқалған,  
Дос-жаран мақтауын айта алман.  
Асылсың үл мен қыз анасы,  
Бәйбіше майталман,  
Бәйтерек жайқалған.

22.0.1998 ж.

### ***Корқамын***

Шаш ағарып,  
Жас ұлгайса шошыған,  
Мен емеспін зар қағатын қосып ән.  
Корқатыным... Қайран қазақ тағдыры,  
Үрейлі азап сығалаган қосынан.

Ел тонағыш  
Есерлерден корқамын,  
Шен сайратқан шешендерден корқамын.  
Ойдан, қырдан ойран салған төріме,  
Қараниет кеселдерден корқамын.

Жаным сүймес  
Жұмбақ сөздің жортағын,  
Екі көзім көрген істі корытамын.  
Бүкіл қазақ болмасын деп осындаі,  
Көшедегі қайыршыдан корқамын.

Болжамаған тар өткелдің сортанын,  
Жолықпасын қайран елге сор қалың.  
Заты қазақ зәре-күтын қашырган,  
Сайқымазақ даңғазадан корқамын.

Қараң қалған алаңдардан қорқамын,  
Құлқы тоймас сарапандардан қорқамын.  
Айдал салғыш елді ру-жыруга,  
Залым, кесел, арамзадан қорқамын.

Тұлқі жортак түрленгеннен қорқамын,  
Тайрандаш жүргендерден қорқамын.  
Асыл арман дербестігім жасқантып,  
Күле кіріп, күніренгеннен қорқамын.

Шыылдасқан тұзын татып тортаның,  
Шығарады майлы ауыздар шорқақ үн.  
Шырылдаған шындық сырын айтпауга,  
Абай ата аруағынан қорқамын.

1995 ж.

### *Серікбай құдам сексенде*

Асылысың казак деген халықтың,  
Дес бермедин арасында бар ұлттың.  
Есімінді, Бекенұлы Серікбай,  
Қауырт жолда талай елге таныттың.

Аз да болса таныстырып өтейін,  
“Үндеместер” бір сырына жетейін:  
Ескі Одақтан әйдік “Контр-тыншысы” ең,  
Көз көрместі көре білген көкейің.

Аға деуші ем қосылғанша балалар,  
Құдалыкты жанмын берік бағалар.  
Біз Мәскеуден көшіп кетсек ел жакқа,  
Сағынышқа болды жүрек қамалар.

Қасында жұр тұнғыш ортақ немерем,  
Бұл жалғанда одан артық не көрем?  
Егер Арман бізге еріп кетсе гой,  
Сен де ел жаққа аттануға көнер ең.

Қызынбаймын қайда жүрсө бар болсын,  
Әлем сүйген шын бақытты нар болсын.  
Мен Арманның өнеріне сенемін,  
Құшағына жаны құмар жар қонсын.

Шанырағын ұлы Мәскеу өрінде,  
Көшен күттү Женіс ізін көруге.  
Келген сайын бір тебірентпей қоймайды,  
Терезенен қарал көніл бөлу де.

Жайнап жатыр Отан соғыс жолдары,  
Ой козғайды ұлы женіс толғагы.  
Әкелердін аруағы деп қалам,  
Бір қазақтың бұл аланда болғаны.

Тойлы күні көңілді ептең екшедім,  
Әз бейненді суреттедім мен сенін.  
Ағайынның ең асылы өзіңсін,  
Құтты болсын, асыл құдам, сексенің!

Орта бойлы, тығыршықтай шымырың,  
Борқа емессің, жас күнінен мығымсың.  
Сексен жаста серттен таймас сак қыран,  
Куатынды келіншектер үғынсын

Не де болса,  
Сәке, сау бол, есен бол,  
Шындағы гой шеккен дауыл, нәсер мол.  
Сексен деген осы күнгі орта жас,  
Тоқсан. жүзге бастап жаңа кетер жол!

Толқын жырым лупілдесе жүректі,  
Алда тұман түмшаламас тілекті.  
Люциядай косағыңмен қоса агар,  
Ол да бүгін жан қызының үдettі.

Шөберелер алдымызға гул егер,  
Күн тақады сол бақытқа иегер.  
Бар қызықты бірге көріп өтейік,  
Ортамызда күлім қағып жүре бер.

10.03.2007 ж.

*Мәскеу*

### *Осы жүрт Шарбаққөлді біле ме екен*

Сұлу жер Омбыдағы Шарбаққөлім,  
Сәт-сапар бір көруге арнап та едім.  
Мың алғыс елші інім Жәнібекке,  
Ойымды тапты әдейілеп бармақ менін.

Ұқсаған Құлагерге құба тайдың,  
Сыры көп біздер естіп білген жайдың.  
Өйткені осы ауданда туған жері,  
Әйгілі Шаяхметов Жұмабайдың.

Шұрқұрап Шарбаққөлде құлын жүрек,  
Ойланды атамекен нұрын тілеп.  
Баскарды Қазақстанды бодан күнде,  
Қазақтан шыққан көсем бірінші рет.

Сапарым туды сәтті Айым жарық  
Жұлдызым жарқырады анық жанып  
Туыпты осынау жерде мен іздеген,  
Ардақты ағам Фазыл Кәрібжанов.

Мақтаса аңыз етіп Қарағанды,  
Ол да өрлеп төрге шығып дараланды.  
Ардақты асыл тұлға ерте кетіп,  
Жүргім кенші қунде жараланды.

Шарбакқөл әні көп пе, сөні көп пе,  
Шоқ жүлдyz үмтүлышты бәрі кекке.  
Тұыпты осы жерде Тұрсынбаев,  
Қайрат та Көрібжанов Жәнібек те.

Тудырган Жұмабек, Фазыл, Қошкелерді,  
Топ жарған Жәнібек, Балташ өнкей ерді.  
Осы жұрт Шарбакқөлді біле ме екен,  
Арыстар туған асыл көркем жерді.

27.10.2006 ж.

### *Kұттықтау*

Көргенде атамекен зираттарын,  
Жан толқып көкірегімде жыр баптадым.  
“Мына жер Тұрсынбайдың жұрты” — десе  
Таңғалдым құтты әнгіме тындал бәрін.

Жасасам үлкендерге ұлы жорық,  
Құтты жер ашылғандай сыры толық.  
Балташты Керей өлде Атығай деуші ем,  
Ол шықты Қарауылдың ұлы болып.

Інімді содан бері іздеп журмін,  
Жаз өтті Алматыға күз кеп журмін.  
Осыны біле алмаған, “Жеке батыр”,  
Өзімнін журегімді мұз деп журмін.

Жанымның көpteу болса ойлы құні,  
Демеймін сол мінездің болды міні.  
Қазақты жүзге бөле білмеуші едім,  
Косылсын қос қуаныш тойлы құні.

Тусаң да Қарауылдың ұлы болып,  
Сен десе, бар ауылдың сыры толық.  
Ержеттің әр ауылдың мұнын жоқтап,  
Кең дала ойы менен қырын шолып.

Тойынды малшындырысам селдей жырға,  
Сан килы қанку сөзге сенбей тында.  
Беу, Балташ! Алпыс жасың күттү болсын!  
Көп емес бар қазақта сендей тұлға.

27.10.2006 ж.

Астана

### *Мактанаalyқ*

“Жырламаска теңіздей,  
Куаныштың шегі жок.  
Ардакталған өзіндей,  
Қазақта акын тегі жок.  
Ілияс Жансүгіров.

Сөзі ғибрат тараган хатта қалып,  
Асыл аз ба әспеттер жаттап алып.  
Ілиястай Сәкенді катар жүріп,  
Шын сүйсініп, сыйлауға сәт табалық.

Саф алтынды бос тастан ақтап алып,  
Бөсіп кетпей, көкімей, мактанаalyқ.  
Жақсы деуге жақсыны құлқы кимас,  
Қараниет індепттен сақтанаalyқ.

Кісі өлмейді паш етсең алқа тағып,  
Оқтай тиер итаршы қақсағандық.  
Қандай ғажап “үкілім”, “сал”, “серім” – деп,  
Ізет, құрмет, ілтипат сақтағандық.

Біреу озса ағайын, шаттаналық,  
Өсек сөзге бүлінбे жоққа нанып.  
Терең ойдың түбіне көз тасташы,  
Сырын үкпай сөккенше отқа салып.

Байқа, қалай сілтейді басқа халық;  
Бисмилладан біртога бастап алып,  
Олжастардан он есе төмендерін,  
Төбесіне көтерер таққа салып.

Арсыз сынмен абырой ашпағалық!  
Күйкілерден асылды сакта халық.  
Мақтаналық паш етіп шын жүйрікті,  
Тастамайды ол үшін тақтан алып.

1984 ж.

### *Ел сенімін актаптан*

Оқыдым кітабынды, Бәйкен аға,  
Ақжолтай ақтарылсын айтар баға.  
Жоқ екен өлдекімді өсіре мақтау,  
Немесе тірі жанға жапқан жала.

Бірде ауыр, бірде тәуір жаз-қысындай,  
Толғантты тоқсан түрлі сазды сырнай.  
Мұнара кешегіге орнатыпсын,  
Бүгінгі Президентке алғысындай.

Сырың көп, ықпалды да, үктарлы да,  
Құптарлы сәтті өрімдер күтті алдында.  
Мағжан мен Сәкенді айтсаң  
Сипаттапсың,  
Қанышты, Сәбит, Фабит, Мұхтарды да.

Кей жерін суреттеуге тіл жете ме?!

Есіп түр жылы лебіз Димекене.  
Тұлғанды тепе-тендес, тік ұстапсың,  
Қатарлас қалқығандай өрде кеме.

Төркінін текті сөздің талқан керім,  
Сырың мол ел алдында ашқан сенің.  
Тебірентті Қарағанды қос шыныңдай,  
Ебіней мен Әбілқасты айтқан жерің.

Кім саған жасында зор үміт берді,  
Тізіпсің  
бастықты да жұмыскерді.  
Мақтапсың ақын Сара сінлілерін,  
Жактапсың жетісулық жігіттерді.

Толқыған қара торғай кей үніне,  
Тұған жер кен түсіпті зейініңе.  
Біржан сал, Ақан, Шокан, Үкілі Ыбырай,  
Алғысын айттар перзент пейіліңе.

Жазғаның қанша қызық жол ақтарды,  
Тоғысқан көрдік сансыз тораптарды.  
Ішінен өз есімін көрем бе деп,  
Кешегі министрлер көп ақтарды.

Иншалла, әр жүйелі бәрі де бар,  
Жастар көп тәрбиелі, кәрі де бар.  
Оқитын кітап екен ұлағатты,  
Үрпаққа жақсылықтың нәрі қалар.

Ақындаі ән төгілткен тал басына,  
Отбасы сөз арнапсың жан басына.  
Дос-жаран, кұдалар бар,  
Жақсы болды,  
Талқыға құдагилар салмасына.

Қызды алсан Сырымбетте ең сүйікті,  
Сөнбейтін жүргегіңе өрт тиіпті.  
Әткізген кеше ғана “Алтын тойың”,  
“Бақытың — шын бақытың” — көпті үйітты.

Кітабың құтты болсын, жолбарысым,  
Ақтаған ел сенімін мол табысың.  
Білгенге бұл кітап та  
Дербес елге,  
Көрсеткен тар кезенде қолғабысың.

Көрмедім қораш тартқан сөз кедейін,  
Бұл сексен бір кезең ғой құзге бейім.  
Құрғатпай қаламыңды, Бәйкен-аға!  
Жаза бер көргенінді жүзге дейін.

25.11.1997 ж.

## *Кіндік қаны тамған жер*

Жанға жылы нұр еккен,  
Жолға шырақ жаққан жер.  
Үнің шығып “шыр” еткен,  
Анаң сені тапқан жер.

Оған еш жер жетпейді,  
Ол киелі арман жер.  
Кекейіңен кетпейді,  
Кіндік қаның тамған жер.

Құрбы-құрдастабыстық,  
Аялады аққан жел.  
Туған жерде бәрі ыстық,  
Ата-бабаң жатқан жер.

Ауылда жүр барымыз,  
Көз ашқалы құмартқан.  
Шықтық ұшып бәріміз,  
Сол тамаша жұмақтан.

*25.11.2001ж.*

## *Шабакбайды*

Алаңсыз мен де серпілдім,  
Арылды көбі дертімнің  
Бәйкен-ага тойында  
Фермасын көрдік Еркіннің.

Еріксіз жаным тамсанды,  
Көнілім үнсіз ән салды  
Құрбылардай ауылдас,  
Қызыңдар қарсы алды.

Ақ балтырлы, ақ білек,  
Самсап түр бізге сөт тілеп.  
Бірінен бірі сымбатты,  
Бірінен бірі сөндірек.

Бәрі де аппақ ірі екен,  
Тік қарауға “дір” етем.  
Көлден шылқан қыздардай,  
Тыр жалаңаш түр екен.

05.09.1997 ж.  
Шабақбай.

### ***Қарасай мен Ағынтай бабаларым***

Айыртау жан баураған сұлу өлкем,  
Секілді қос өркешің нұрлы, көркем.  
Қарасай, Ағынтайдың кесенесі,  
Құлшынбай төбесінде курды желken.

Тағдырдың тура таңдап берген жері,  
Бүйірган белдеу осы сөнген демі.  
Қазактың  
Шекарасын межелеп түр,  
Қос ноян шалғай шепте жерленгені.

Әсем жер әлімсақтан сүйікті едін,  
Жан баурап екі көзді үйірткенін.  
Қазактың Эльбрусы – Айыртауым,  
Сен бүгін бүрінғыдан биіктедін.

Егемен ел күштейтсем дабылымды,  
Сес берер дестелеймін бар ірімді.  
Кесене Ай-әлемге танытып түр,  
Тарихта мениң терең тамырымды.

Өлкеме қос мұнара қарқын сайлап,  
Көркіне жігер қосты барқын аймак.  
Қызылжар қос батырды қолалады,  
Ол-дағы ел орнатқан алтын айғак.

Түсінсең соның бәрін мәнді етемін,  
Толқытам күй күмбірі, ән жетегін.  
Ел білсін, дос сүйсінсін, дүшпан үксын,  
Тұғыры Қазақстан өлді екенін.

Қаскелен үлесі мол той салтында,  
Жетісу көшіп келді сол қалпында.  
Қарсы алды қошеметтеп Есіл, Кекше,  
Ақниет, тілек қосып мол қарқынға.

Қалың ел – мәңгі жасыл қарағайым,  
Қарсы алды дән толқыған дала дайын.  
Алладан не тілесек соны берсін,  
Ас пен той  
Құтты болсын бар ағайын!

15 қазан 1999 жыл.  
Айыртау.

### *Кербез Кекше келбеті*

Келбетіңе қараймын сері Кекше,  
Сал табиғат жаратты сені ерекше,  
Күндік жерден Сырымбет сылан қакты,  
Бой жазғандай Құлагер бел, белесте.

“Оқжетпестің” Бурабай етегінде,  
Шақырып түр “Жұмбактас” екеуін де.

“Алтын қайық” секілді күймелеген,  
Қоскел жаққа Ақтөкты кетерінде.

Қандырады табиғат сырға қандай,  
Ару қайың алдында тұр таранбай.  
Ақын Сара секілді жаутаң қакты,  
Ақ мандайын Біржан сал сипағандай.

Торғын желің толқыған самал тәксе,  
Дерпті жүрек сауығар аман жетсе.  
Үкілі Ыбырай өткендей “Гәккулетіп”,  
Фашық күнді қос акқу салады еске.

Көрген адам тамсанып қарағандай,  
Ақ бураны құлатты жара қандай?!

Кенесары жатыр ғой үңгір тасы,  
Ақ тайлақты ансаған қара нардай.

Күн кешпейді “Жалғызтау” дараланбай,  
Мұңаяды жанында жара бардай;  
Ел-жүртты ойлап тебіреніп Есіл жақтан,  
Мағжан ақын Көкшеге қарағандай.

Қоңыр кеште ырғалып самал ессе,  
“Жеке батыр” Баянды салады еске.  
Жұмбак дүние, көгілдір жұмбак — өмір,  
Мың құбылған келбеті қалады есте.

1997 ж.

## *Асыл ана Айғаным*

Ерен бакыт текті туса алғаның,  
АЗЫП, тозбас ертең артта қалғаның.  
Атығай мен Қарауылдың асылы,  
Сондай салтты құрып өтті Айғаным.

Уәлі ханның ол ең кіші жұбайы,  
Үздік сұлу аппак гүлдей шырайы.  
Кекшетаудан Сырымбетке көшірген,  
Осал емес Ақ Орданың Күн-Айы.

Құт кондырса ұлы адамды жар тұтқан,  
Елге аян жесір күнің зар жұтқан.  
Кеменгерсің атың аныз Айғаным,  
Абылайдың шаңырағын шалқытқан.

Сен көрсеттің кереметін сәулеттің,  
Салып кеттің кең ордасын әuletтің.  
Ақ патшаға өтті айбынды ықтаптың,  
Сал Сырымбет құтты етегін сәнді еттін.

Шымқай ғажап жер бетіне еккенін,  
Есіміңе мың тағзым етті елім.  
Сен орнатқан ақ сарайдың бірінде,  
Мәнгі орнықты іргесі құт мектебім.

Басын құрап өзің салған ғажаптың,  
Есіміңді қайта оралтты азат күн.  
Туган елдің сен билесен бір шетін,  
Аңсағаның дербестігін қазактың.

Бой көрсетсең бодан күнті мұнарда,  
Үқсап едің шында жалғыз шынарға.

Сен болмасаң ұлың Шыңғыс не болмақ?  
Жұлдыз болып Шокан өрге шығар ма?!

Тұлкі-өмірдің табамын — деп қай бабын,  
Ауыр күнде белді бекем байладың.  
Желбіреткен Абылай ханның ақ туын,  
Мәнгі жаса, асыл ана, Айғаным.

1994ж.

### *Baқыт женгеме*

Бақыт женгем  
Бәйкен ага тірегі,  
Кыз Жібектей Төлегеншіл жүргегі.  
Ел ағасын барша қазақ сыйласа,  
Жалау болған женешемнің тілегі.

Жасыбайдың тазалығы жұғыпты,  
Сырымбеттің даналығын ұғыпты.  
Жетісуға Сара апасы секілді,  
Көрсетілті өз-женгелік ғұрыпты.

Басқан ізін кең ақылмен өлшетті,  
Нар тұлғамен үл, қыз баулап жол шекті.  
Жағаласпай Жарлығына Совминнің,  
Ханымдарға кеменгерлік көрсетті.

Бақытты еken Әшімовтер әuletті,  
Бақыт женгем сол әuletтің сәuletі.  
Үлесі бар менің осы женгемнің,  
Қазағымның мықты болса дәuletі.

Сүйеу болса асыл ару асылға,  
Қолдаушысы болды берік қасында.  
Женгелердің маршалы деп өтермін,  
Біздер шеккен XX-шы ғасырда.

## *Бірлігімнен бақыт табар тірлігім*

Құлаш үрсак Ай-әлеммен жарыска,  
Тасқындасын десек күттү табыс та;  
Дербестіктің берекесі, беделі,  
Тұнып жатыр үлттық ішкі намыста.

Өркенді іске бұрсақ жойқын кемемді,  
Озықтармен құрсақ көркі тең елді,  
Сыртқы жаудан, ішкі даудан сактасын,  
Ұмытпайық ел бірлігі дегенді.

Кемел күнді күтсек асыл арманнан,  
Не тындырар құр есінеп, таңғалған.  
Өзіміздің ас-суымыз болмаса,  
Дым бермейді сыртқа қарап жалманған.

Кешегіні көксемей-ақ безеріп,  
Жаңалықка берсек бүтін көп ерік.  
Адал термен ел тілегін актаса,  
Кетсін мейлі кей ісмерлер кенеліп.

**Жат тусінбей**  
Айтқанымды дос тындар,  
Жыптырап түр кедергілі тоқындар.  
Тез көбейді  
Жұмыссыздық әкелген,  
Қайыршылар, қанғыбастар, босқындар.

Жер бетінде туып жатыр ұлы істер,  
Мысал да бар үшар қанат дұрыс дер.  
Алға шықса жапондар мен немістер,  
Бұқіл халқы намыскер, ھәм жұмыскер.

Не керек? — деп сұрай қалсан өл үшін,  
Өз күшімнен өріс тапсын жөн ісім.  
Арман сол ғой асыра білсек қажетке,  
Қазақстан ен байлық пен мол күшін.

Кең ашқанда тәуелсіздік түндігін,  
Сәт тіледі,  
Ел қуанды, күлді Күн,  
Түрлі ғулден жасағандай гүл шоғын,  
Бірлігімнен бақыт табар тірлігім.

2002 ж.

### *Сагындық Қенжебаевтың сөзі*

Біреу ерте кейбіреу кеш біледі,  
Кей ұғымдар әу, демде ескіреді.  
Бергені ғой құдайдың “мерседеспен”,  
Кей дөңгелек дораққа ес кіреді.

Кеше үйінде жасаса іргелі той,  
Жүре, жүре акылы кіргені ғой.  
Ертенінде елеулі бастық болды,  
Бір “дөкейге” жағына білгені ғой.

Талай жорға мініп ек көк аланы,  
Біздің көңіл өткенге жоқ алаңы.  
“Генсектерден” баяғы  
Осы құнгі  
Көмекшілер ақшаны көп алады.

Өмірге жоқ ешқандай күпірлігім,  
Елді ойлаймын,  
Барыма шүкір бүтін.  
Есен жұрсе бәйбішем  
Жаман болмас,  
Жұзге де аман жеткізер күтімдімін.

Жастай серік  
Әл беріп салдық деген,  
Топты жарып токсанға тартып келем.  
Генеральның бәйбішем қасымда отыр,  
Мың тоқалдан мен оны артық көрем.

07.11.1997 ж.

Алматы.

### *Қыз дала*

Қыз дала, қызық дала, күбылмалы,  
Кімбылың кірпік қаққан үғылмалы.  
Қызгана сүйіп келем өзгелерден  
Өзінді жырлап өту ғұмыр мәні.

Мен сені өзек жара сарқа сүйем,  
Үміт, наз, асыл сезім арта сүйем.  
Қызбала секілденіп көктем келсе,  
Таңертең тал буганды қайта сүйем.

Өтермін жыр төгілтіп далам үшін,  
Атқарып ел жүктеген заман ісін.  
Сонда сен мандайымнан сипагайсын,  
Ақ сүтін кештім деген анам үшін.

Жыр жазып отырғам жоқ мұндасуға,  
Жеткенде бір ғасырдан бір ғасырға

Арман жоқ айтқан сөзім тірі қалса,  
Келешек үрпактармен сырласуға.

Кияда жүргемін жоқ ықтап қана,  
Арманым аскар тауға шықпақ қана.  
Бәрі бір қашан болсын бір оралып.  
Жатармын омырауында үйықтап қана.

1976 жыл.  
Мәскеу.

*Саумалкөл*  
(Бәйкен Әшімовке)

Саумалкөл айналайын келбетінен,  
Сендей көл көрмей келем жер бетінен.  
Шомылсам кек толқынға құндақталып,  
Жатқандай сөби болып тербетілем.

Алыстан бір керуге асықканым,  
Барады асыққаннан тасып қаным.  
Қайтадан бозбала боп кетейінші,  
Кездессе, бала құнгі ғашықтарым.

Саумалкөл көңіл толқып сырласқаным,  
Жол тосып жүрген шығар құрдастарым.  
Жағанда жастық шактың ізі жайнап,  
Төгілер айтылмаған жыр-дастаным.

Белгілі шаттығыммен саған қайғым,  
Сагыныш салған дертті баяндаймын.  
Күлімдеп айдынына ай қонғанда,  
Каракөз жарқ етер деп аландаймын.

1993 ж.

## ***Көңілашар***

Дей көрмеші құрбым-ау, өні нашар,  
Тез түлейді қызылшыл бөрібасар.  
Алаулаған ақ ғұлдей  
ақ дидарың,  
Қарсы алдыманнан жарқ етсе көңілашар.

Отты құндер қол сілтеп өткенменен,  
Бір өзіңе ынтық зар дерт сөнбекен.  
Жабырқама қашанда ер жігіттің,  
Жыл санаумен дәл жасы өлшенбекен.

Суга келген киіктей басын шүлғып,  
Сымбатынды қорсемші асыл жыр ғып.  
Есім кетсе  
Судағы суретінен,  
Амал тауып ақырын жетші жылжып.

Үстай алсам білегің дірілдейді,  
Үқсам болды жүректің тілін мейлі.  
Осындайдан көңілім көтеріліп,  
Жас мөлшері ешқашан білінбейді.

Әне, сонда таңырқап көзімді ашам,  
Қуанганнын аяқты жеңіл басам.  
Құшып, сүйіп, күмартыш,  
Баяғыдай,  
Аяласаң сәт туар көңіл ашар.

*14.03.2000 ж.*

## *Түркі тектес елдердің Бас ақыны*

*“Күл Ахмет, дұние құмасан текке бекер,  
Көкіректен шыққан дауысың көкке жетер”  
Көржі Ахмет Яссайи*

Түркі тектес елдердің Бас ақыны,  
Мағжан десен,  
Жок Қазақ сасатыны.  
Түркістан — деп,  
Тұран — деп “көкке жетті”,  
“Көкіректен” азатшыл самғап үні.

Өзгеше едік  
Сергектеу бұдан кеше,  
Жылжып жүрді қасында жылан неше?!  
Кетті атылып Мағжандар  
“Түркі тектес,  
Тұпкі тегім ежелгі Тұран” — десе.

Қапы кеткен замана дауылында,  
Шекті азаптың шегі жоқ ауырын да.  
Мағжан аға  
Жұлдызы қайта жанды,  
Күндер өтті көп салған камығуга.

Мың жарым жыл толғанда Түркістанға,  
Бақыт құсы дермісің бірге үшқан ба?!  
Арыстан баб, Қожа Ахмет,  
Абылайдан соң,  
Мағжанды атау бүтінгі кірді занға.

Ол кеткен кез сүркия заман еді.  
Қалды артында қалқайып аман елі.  
Мағжанды айтса  
Абайдан кейінгім деп,  
Мұхтар салған орныкты дана белгі.

Ақ көңілді осылай актаралық,  
“Сабыр түбі — сары алтын” сактады анық.  
Жалғыз окпен  
Жайратып тастаса да,  
Тастау болмас ақындық тақтан алып.

Дәл осылай тусіну жөні бөлек,  
Берді жаңа Түркістан өнді көмек.  
Мағжан-ага,  
Сен де бір өулиесің,  
Жүргегіне тұған ел қойған бөлеп.

22.10.2000 ж.

### *Домбыра сыры*

Қазактың сөні домбыра,  
Думанды тойын ашатын  
Қазактың жаны домбыра,  
Мұны мен шерін басатын.

Адамға дәру күмбірі,  
Баураган кіші-ұлкенді.  
Бойдағы дерптің білгірі,  
Жөндейтін тозған жүйкенді.

Наз айтады домбыра,  
Арудай әні келісті.  
Азайтады домбыра,  
Жүрекке батқан берішті.

Екі ішек үні талмайды,  
Үзілмес тәтті үміттей.  
Гашыктық тілін жалғайды,  
Құмартаң қызы бен жігіттей.

Сегіз перне сезімтал,  
Қос ішектің үнін жебеген.  
Өрбітер өүен өрімтал,  
Күйгітар күйші көреген.

Кияға қустай ұшырапар,  
Домбыра әншінің қанаты  
Шекітіп, қағып құшынар,  
Басылмай іңкәр тағаты.

Шешен де тапқыр қатарда,  
Төсөлген үлттық мол мұра.  
Аудай қажет қашанда,  
Бір үйге бір домбыра.

13.07.2007.

Астана

### *Бәйкеннің Диханды құттықтауы*

Құтты болсын Дихан-аға тоқсаның,  
Мен де білем қолда жастың көп санын.  
Ақсақал деп  
Ел атаса мың алғыс,  
Есікпенен төрді жалғар топсамын.

Шүкіршілік етем соның бәріне,  
Құмартамын Сіздей тарлан көріме.  
Тоқсаныңнан енді мен де қорықласпын,  
Бірге аттап жүре берем әріге.

Талай жылдар жақтың жырдың шырағын,  
Әр сөзінді аға, гибрат қыламын.  
Жанарыңа күлімдеген сұйсінем,  
Сарқылмасын шабыт қайнар-бұлағын.

Сан дауылын шектің өмір-данғылдың,  
Шындық сырын тік шырқауды зан қылдын.  
Дихан-баба ел атаған абыzsын,  
Қайратты бол, жасын берсін Жамбылдың.

30.01.98 ж.

### *Кекшедегі кездесу*

Кекшетау қарсы алғанда ән, күйменен,  
Пәк сезім қандай ғажап жан билеген.  
Тұған жер сый құрметін көріп қайттым,  
Анамдай ақ бесікте әлдилеген.

Қарсы алды інілерім, ағаларым,  
Әр әннен есті құштар самал ағын.  
Аққудай қарындастар “Гәккулетсе”,  
Қызы-шабыт жан талабын жаңаладым.

Достарым әнімді айтса гитарлатып,  
Домбыра бұлт аунатты ыргай шалқып.  
Думан-той сексен көлді мың толқытса,  
Бой жаздым сағынышты бір тарқатып.

Қалқаның болып жүрген көркі қайғы  
Иран сал шырқап салды “Бөркің-айды”.  
Толқыса “Ақтырналар”, “Аққу жеткен”,  
Шыбын жан қалай ғана толқымайды.

Кездестім бірге оқыған дос-жаранмен,  
Сахнада жыр арнадым, оспак әнмен.  
Бетінен Зейнікештің бір сүйгенде,  
Балқылым бал тосқандай тостаганмен.

Ашылса мектептестің кең жүрегі,  
Көрінді тіл қатысқан ем тілегі.  
Жанары баяғыдай жарқ еткенде,  
Мен түгіл бәйбішем де елжіреді.

Құттықтап жыр төгілткен талабымды,  
Негметжан татымды сөз таба білді.  
Мың рет шакырсаң да қайтып келмес,  
Еріксіз елестетті бала күнді.

Тұған ел, сен шакырсан самғап жеттім,  
Бір кешті сан жылға азық, ардақты еттін.  
Қайтадан көріскенше күн жақсы деп,  
Мың алғыс бәрінізге арнап кеттім.

07.06.2000 ж.

*Көкшетау.*

### *Шыдай берші*

Шыдай берші,  
Шыдашы, сеніп маган,  
Жан толқытпай қоймайды көрікті адам.  
Қудашага бір өлең арнайыншы,  
Мен әйтпесе, бәйбіше, сөніп қалам.

Шыдай берші,  
Шыдашы, кешір мені,  
Еркелік кой шалыңың есіргені.  
Қудашаны қыздыра мактамасам,  
Тағдыр мені санаттан өшіргені.

Шыдай берші,  
Жасайын берік қадам.  
Ол да болғай ішінен жерік маған.  
Бәйбішеден ешқашан жасқанбайтын,  
Дей берсінші мені бір “ерікті” адам.

Шыдай берші,  
Шыдашы, көніп маған,  
Екі көзім барында көріп қалам,  
Құдашаны тап қазір бір сүймесем,  
Енді айналып келгенише өліп қалам.

07.08.2006 ж.

*Нар тұлға*  
*(Еңбек ері Еркін Әуелбековке)*

Сөз сарасын жайнатып, мәнерлі етіп,  
Шындықты айтсам қалмай ма әлем бекіп.  
Ерке Есілде бастаған өмір жолын,  
Еңбек ері, нар тұлға Әуелбеков.

Күттү күнге тапты Еркін пәлен тетік,  
Озды талай сайыста мәрем бекіп.  
— Көкшетауды көркейткен кім? — десендер,  
Тік айтайын:  
Ол — Еркін Әуелбеков.  
Өшіп кетер ауылдар жаңаланды,  
Оқтай заулап тас жолдар бара қалды.  
Елді қанша көтерсе өзі сонша,  
Барша қазақ ішінде дараланды.

Тез өткен жоқ Торгайдан сәлемдетіп,  
Кең козгалды төніректі кемелді етіп.

Бұл өнірді жайнатқан кім? — десендер,  
Нұржанулы  
Ол — Еркін Әуелбеков.

“Қатал” — десен кей достым зәрең кетіп,  
Аlam деме беделін тәмендетіп,  
Қыр мен сырды кім десен жалғастырған,  
Байқа, достым, ол — Еркін Әуелбеков.

Зердесіне бітсе зор дарындылық,  
Асыл түлға көрмеді арын жығып.  
Арпалыстық Аралды сактау үшін,  
Кулагердей мерт болған зарын үғып.

Қызылорда халқына үнап қалды,  
Көшесінде есімі тұрақталды.  
Қатал болса ол сүйді әділетті,  
Содан кеше қалың ел жылап қалды.

22.06.2000 ж.

### *Наурызбен құттықтау*

Сәлем бердім! .  
Бауырлар аграптық,  
Күн туыпты көрмесек сағынарлық,  
“Наурыз” келсе  
Ырымдап осы төрден,  
Көктем сайын күш-куат, жалын алдық.

Жұмақ аула, арнайы нұр үйетін,  
Келтіріпсің Кенжеке мың ретін.  
Әшімов пен өзіңе сәлемдесіп,  
Бибігүлді сәт туды бір сүйетін.

Кездеседі осында Хайдар ағам,  
Құрбыларым сыртымнан “қайдалаған.”  
Оралғандай наурызда қайран жастық,  
Мен бәрін де бүл тойда пайдаланам.

Ән естиміз, бипылдақ би көреміз,  
Жан семіріп, жадырап, түрленеміз.  
Жалаңаш бел көргенде сұлуларды,  
Мың тіріліп, бәріміз мың “өлеміз”.

Көңіл шіркін сондайда бүрады өрге,  
Төл төгіттіп жатыр ғой қуба белде,  
Ақ мол болсын! Наурыз құтты болсын!  
Жақсын бақыт мәңгілік шырақ елге.

Бие сауып мәз болса женгелер де,  
Өзге сусын қымызға тең келер ме.  
Не де болса кенелсін молшылыққа,  
Бизнесмендер, жабайы пенделер де.

Әркім елдің ахуалын сараласын,  
Әкім ойлап кетпесін қара басын.  
Әр күн сайын теңгенің құны түспей,  
Әр гүл киген кейлегін жаңаласын.

Бұзықшылық, талапай, таралмасын,  
Алаяқтың азайтын арам асын.  
Тентіреген жойылсын жұмыссыздық,  
Қайыршылар қамығып қарамасын.

Наурыз келді,  
Назданып дала жатыр,  
Бота боздап, құлын-тай салады асыр.  
Тәуелсіз ел ардақты онжылдығы.

Қала, дала төрінде бара жатыр.  
Жақсылықтың нышаны шын түзелсін,  
Жамандықтың жүрнағы бір күзелсін.  
Қалың елім, қазағым, карыштай бер,  
Көрген адам дегендей мұнсыз елсін.

### **Қытайды болған елшіміз**

(Жәнібек Кәрібжановка)

Ардақтаймын Кәрібжановтар әuletін,  
Жайнатып нұр Фазыл ағам сәулетін.  
Жәнібек, саған  
Жан-жүргім шын разы,  
Көтеріскең тәуелсіз ел дәулетін.

Дәлдеп айтсам, ак жүрегің кең екен,  
Оны білмес арлы қазақ кемде-кем.  
Қазақстан туын көкке көтеріп,  
Көкшетауды басқарғаның мерекем.

Қытайға да елші болған інімсің,  
Аруақ қонған,  
Асыл туған ірімсің.  
Қызылжар мен Омбы — бауыр-туыстар,  
Қос аймакқа  
Жақындығың білінсін.

Мақтан етер асыл ісің көп сенің,  
Тұған елдің бар қажетін көкседің.  
Орта жолда Өскеменді өрбітіп,  
Құтты болсын, Астанаға жеткенің.

02.07.2007.

## *Біздің ауыл*

Біздің ауыл — Үкілі Ыбырай ауылы,  
Қойны ырыс Жалғызтаудың бауыры.  
“Гәккулеткен”

Аққұлы өлкем осында,  
Осынау жерде қыз, бозбала тәуірі.

Көрші жатыр Ақан сері мекені,  
Орынбай ақын еліне әнім жетеді.  
Біздің ауыл шырқағанда қыздары,  
Сексен көлдер төңкеріліп кетеді.

Акку, қаздар бебеулетсе сырнайлы,  
Ұмыт болар  
Мың қасірет, мың қайғы.  
“Жезқиікті” құмарлана тәгілтсем,  
Сұлу Кекше мұнарлана тыңдайды.

Тербеледі Саумал көлім шүпілден,  
Тебіренеді орман көкшіл түтінден.  
Аққайындар  
билегендे қарсы алып,  
Денсаулықты түзеп берер бүтінден.

Бала күнді, болашақты зерлеймін  
Үнсіз ғана:  
“Қайран туған ел” — деймін.  
Беу, ағайын! Шыныымды айтсам,  
Баспа бас,  
Жалғызтауды Гималайға бермеймін.

Елестейді кешкен тағдыр жасымда,  
Бабам ізі  
жатыр тау мен тасында.  
Мен Меккеге табынғандай тебіренем,  
Жан анамның тұрып қайтсам басында.  
*05.07.1998 ж.*

*Достықтың құтты белгісі*  
(Кеңес Үшбаевқа)

Жалғанда ділі мығым, діні мығым,  
Болғаны қандай жақсы бір ілігін.  
Қатерден есен қалған  
азаматқа,  
Той жасау Кеңес нағыз ірілігін.

Деместей беу, ағайын досын қайда,  
Көрсетер жігіт бойын осындаїда.  
Жақсының жақсылығын ұран етсем,  
Қолпаштап естіген жан қосылмай ма.

Ерекше Кенжекенәнди бағаладын,  
Дес келер сыйына ол да дара ғалым.  
Тәнірім жарылқасын  
Өзінді деп,  
Береді ақ батасын агаларын.

Сәнділік үшін емес бар амалын,  
Дәл біліп құтты құнді шамаладын.  
Мәңгілік достық үшін ақниетпен,  
Зан қылып ұлт дәстүрін жаңаладын.

Құт конса ақылы мол зейіндіге,  
Кен, даркан береді екен пейілді де.  
Ақтасаң досқа — достық парызынды,  
Алады үлгі, сабақ кейінгі де.

Тілек бар саналы істің жетесінде,  
Мырзага берер тәнірім есесін де.  
Аруақ жебеп жұрсін талабынды,  
Атақты Тәттімбеттің көшесінде.

2000 ж.

\* \* \*

Бір теңеумен бар сырынды ашпастын,  
Сонда дағы келер дәлдеп тап басқым.  
Бір өзінде  
Күн көзіндей жылу бар,  
Артық жылу бұл жалғаннан таппастын.

\* \* \*

Жөптейді тағдыр сенгенді,  
Бір жолда болар мың жолын.  
Бір қолынмен бергенді,  
Қайтарып алар бір қолың.

\* \* \*

Биікте еркін жұргуге,  
Ақжолды жалғыз кім табар.  
Адамша өмір сүргуте,  
Қасында болсын тұлғалар.

\* \* \*

Мөлшер бар таудың шынында,  
Өлшем бар теніз сұнында.  
Мұхиттан көңіл терең ғой,  
Шек болмас адам мұнында.

28.05.2002 ж.

### *Көңіл назы*

Өмірдің жазы өтіп қысы қалды,  
Көңілдің іші тозып тысы қалды.  
Сыр бермей серілікпен жүрсем-дағы,  
Кәрілік қыр соныма тусіп алды.

Барады жылдар өтіп ағындаған,  
Таусымас қайран қөңіл назың маған.  
Баяғы қызыл ішік киген қызды  
Боламын сағынсам да сағынбаған.

Келер деп ел шетіне сырласуға,  
Қарайлап тұргандаймын шың басында.  
Көрсем де, көрмесем де естен кетпес,  
Қалғандай аңыз болып бір ғасырға.

Ақтарсам айтылмаған үзік сырды,  
Жүрекке тым ертерек бұзық кірді.  
Көкшетау көп қызының еркесі едім,  
Бір қызы Қызылжардың қызықтырды.

Қыс келіп сағындырса өмір жазы,  
Өзіңсің туған елім — әділ қазы.  
Қалған жас қалған іске жетсе екен деп  
Үйқыдан ерте оятар көңіл назы.

2006 ж.

## *Шөберем менің Әділге*

Шөберем келді өмірге,  
Сағындырып, аңсатып.  
Орнады жайлау көнілге  
Жүрекке қонды бар шаттық.

Тірліктің қызық бір шағы,  
Қызыпқа мәлдір қанғаным.  
Ойлаганға бұл-дағы  
Орындалған арманым.

Есен бол Әділ қарағым,  
Фалым бол, әйдік батыр бол.  
Бек құтты болғай қадамын,  
Әділдікке шатыр бол.

Әділ деген атыңа,  
Сай болсын бүкіл ғұмырын.  
Ұқсасын деген затына,  
Аллаға жетсін сыйбырым.

*24.03.2007 ж.*

*Астана*

## *Tіршілік*

Сумандаған сүм дүние сен бір түлкі,  
Жылмандаған таусылмас ойын-кулкі.  
Қара жерге бірақ та, сыймайды екен,  
Қарынбайдың тойымсыз жиган мүлкі.

Жат қылыққа жоламас арлы кісі,  
Жақсылыққа бастайды барлық ісі.  
Жылап келіп, жыламай кетуді ойлар,  
Таусылғанша тірлікте бар тынысы.

Қыз баладай тым ерте шырайланған,  
Қызығың көп тіршілік үнай қалған.  
Содан болар өзіңе ғашықтығым,  
Өкінбестей жолымды құрайды арман.

Іші тарлар тартса да кері мейлі,  
Жақсы ұлынан туған ел жерімейді.  
Алғанынан бергені көп адамның,  
Ешқашанда беделі кемімейді.

Фажабы көп кей күннің алшаңдатқан,  
Азабы бар кей күннің арқандатқан.  
Мезет екен тіршілік өтө шығар,  
Жанарындай маралдың жаутаң қақкан.

07.07.2007 ж.

### *Сағынып көрдім тағы да*

Сандал кер, күміс бауыр, жоны алтын,  
Қыл сағақ құлын қабак, жүзі жарқын.  
Жарқ еткен кен далада жезкиікті,  
Күн нұры аялады қызыл жалқын.

Қыз ерін, гүлжелбезек тыныс қандай,  
Ақ тамақ, тоты бұғақ үн қыскандай.  
Адасқан жас ботадай екі көзі,  
Мөлт етсе кіргігінен мүн үшқандай.

Самалда сай жағалап гүл қүшқандай,  
Сал бөксө сағым құған жүріс қандай?!

Қосақтап қос қаракат әкетердей,  
Тебірендім тілсіз тілмен үғысқандай.

5.

Аңсаған қос жанары жағып шырак,  
Шер қаулап қарайлайды қағып құлак.  
Жер бетін жарқыратып бара жатты,  
Өткенде ел шетінен киік шүбап.

Толғанып кимастықты үғып сана,  
Көп түрдым бел белеске шығып дара.  
Қара көз кимай қарап жаутан етті,  
Алғандай жүргегімді жұлып қана.

От сезім толды жаныма,  
Орнады тасқын қаныма.  
Жабығып көрдім,  
Қамығып көрдім,  
Сағынып көрдім тағы да.

*29.06.2007 ж.  
Астана*

### *Досқа сыр*

Еліктірмес бос айғайшыл тобырлық,  
Ес билетін ақсақалдық жолынды үк.  
Әр нәрсенің затын ойлатап келемін,  
Үндемесем жеңді деме момындық.

Талапайға ел түскені жамандық,  
Кейбіреуге жұғысты осы мамандық.  
Қызықтырды, құнықтырды бейсана,  
Сырты бүтін, құлқы түтін қарандық.

Беу, достым ау, жанган отпен ойнама,  
Қырга шықсан қөзінді сал ойга да.  
Ұрынғаннан сұғынғандар көбейді,  
Жұрттың ауызы бұылған деп ойлама.

*30.06.2002 ж.  
Алматы*

## ***Наполеонның сөзі***

Ел талқыға қанша салса,  
Кешірілмес қате бар.  
Құдай жерде қанша аталса,  
Сонша атым аталар.

Сырымды айтам нөпір пенде,  
Бос атакқа ермедім.  
Женіс көрдім, женілсем де,  
Ар-намысты бермегім.

Кештім соғыс сан дүрмегін,  
Көсем етті көп егес.  
Жер бетінде бар білгенім:  
Наполеондар көп емес.

*02.11.1997 ж.*

## ***Қажымурат Нагмановтың айтқаны***

Нарықтың болсақ басын құрай келген,  
Жігіт көп күтті өлкеге шырай берген.  
Әкімдер келіп жатыр,  
Кетіп жатыр,  
Мызғымас Қызылжарда Құдайберген.

Өр істін бояуы бар лезі бар,  
Біреу пәс, біреу бірден іле жұлар.  
Микоян секілді деп ойламаңдыр,  
Жуковтың бұл ағайда мінезі бар.

*02.10.2000 ж.*

\* \* \*

Жетіммін жігіт демейді,  
Арамза достан қақсайды.  
“Жетілдім” қозы демейді,  
Ертерек сойып тастайды.

Ішкен жігіт ешқашан,  
Мас боп қалдым демейді.  
Қайда жүрсе есті асаяу,  
Улкендерді жебейді.

25.10.2000 ж.

### *Сағындыққа Бәйкен-ага айтқаны*

Ел бұзарлық аулақсың “белсеністен”,  
Хабарың мол ғалымсың оң-терістен.  
Жетпіс беске нық келдің  
Сағындығым,  
Сексенге жет сал сері теңселіспен.

Күндер кайда бір шиша тең бөліскен,  
Алшактадық бұл күнде ол “женістен”.  
Егделіктің төріне  
Еркін шықтық,  
Татып қана жүтпауды жөн көріскен.

Қол үзетін күнің жоқ еңселі істен,  
Азаматсың ел жүтін еңсеріскен.  
Ұстаздықтың қасиетті төріндесің,  
Өкімдіктен шықса да жел терістен.

Сексенді ме сен жасар “төңкерістен”,  
Миға сыймас қарады-ау өлшеніспен.

Әділдігің  
ел разы кәмілдігің,  
Жасқанбаган ешқандай тексерістен.

“Төрағасын” кішіге жол берісken,  
Пәлсапаң мол өрелі ой бөліскен.  
“Төр апа” боп атанды Нагимаш та,  
Кісліктің көшінде тер төгіскен.

Таймай журсен әлі де сен желістен,  
Рахат таптың жас үрпақ төл жемістен.  
Сол калпында жұз жасқа бір жетейік,  
Мен келістім Сағындық, сен келіссен.

30.06.2002 ж.  
Алматы.

### *Дүниеден озды екі сәйгүлік*

Ел бас қосса, Еркінді айтпау жараспас,  
Тарлан еді бәрімізben қанаттас.  
Бәйкен-ага сексен жылдық тойында,  
Еңбегі зор одан үздік жан аспас.

Атамекен қабылдаса Шабақбай,  
Жүрді Ер-агаң той қамында таң атпай.  
Айыртауды салтанатқа бөледі,  
Бақыт сепкен киелі алтын қанаттай.

Бәрі меже, асыл белгі өткенге,  
Қауырт келген күрт өкініш көп менде.  
85-ті серуен етер едік қой,  
Осынау тойға Еркін есен жеткенде.

Жер бетіне тың жақсылық еккенге,  
Сарқылмайтын шын мархабат көп менде.  
Төлеш інім дүлдүл тұган мұсінші,  
Ол да үқсайды Еркінді іздел кеткенге.

О, тағдыр-ай! Қаталдығың бұл қалай,  
Еске түссе жүрек қайтсін туламай.  
Көрінеді жетімсіреп қалғандай,  
Еркіні жоқ, Төлеші жоқ Бурабай.

Жан азасын айтсам жырмен қайғырып,  
Дүниеден озды екі сәйгүлік.  
Екі тойдың арасында дал болдым,  
Асыл аға, дана інімнен айырылып.

Бәйкен-аға қайтсін қатты ойлайды,  
Ел аман ғой басы қатпас той жайлышы.  
Салтанатты думан қызар, бірақ та,  
Еркін, Төлеш орындары толмайды.

29.06.2002 ж.

Алматы.

*Біздің мектеп түлегі*  
*(Бақыт Әсетқызына)*

Бақыт женгей!  
Құтты болсын жетпіс бес!!  
Бұл да занғар өркімге тез жеткізбес.  
Бәйкен ағам екеуіңе қызығып,  
Қандай қазақ шын сүйсініп көз тізбес.

Жол көслес қияларға төсмелек,  
Сондарынан жүрді сыйлы көш өрлеп.

Алатауды сілкіндірді “алтын той”,  
Ағамызбен “Гаұар тойға” есен жет.

Бәрі жөнді  
Келсе ерекше мақтағым,  
Тап Сіздердей отырыпты тақта кім.  
Бәйбішеле бол, ел Анасы атанып,  
Ағамыздың зор беделін сактадың.

Бұл қазакты үшке бөлсе көп шылық,  
Мен ризамын  
Сіздерде ондай жоқ қылық.  
Тойған қозы сияқты бол  
Монтиған,  
Нұр жүзінә сән беріп түр токшылық.

Кәрі-жасқа баппен сөйлер ғұрпың бай,  
Еңбек еттің үйде, түзде бір тынбай.  
Сынынды да сырынды да сақтадың,  
Еш адамға қабак шытпай, құнтимай.

Биік таудай  
Қарағайлы, аршалы,  
Ұл-қыздарың, немерелер самсады.  
Бәйкен-агам Еңбек ері атанса,  
Сен атандың женешелер маршалы.

Фаламат көп  
Сізден байқап біз сезген.  
Жан баурайсыз тілден шыққан бір сөзбен  
Баянауыл қыздарындаидай бәлсініп,  
Әлі күнге төгілтесіз нұр көзден.

Көрікті еттің Бәйкен аға жетегін,  
Үлгі мирас  
Жеткен белес екеуін.  
Тойлы күні елестетем алдыңа  
Қыз кезің мен Сырымбеттің етегін.

Ерте бітсе  
Махаббатшыл дерт деген,  
Сырымды айтам өзге жерде шертпеген.  
Көл шетінде  
Сіздер жүрген жолдарды,  
Қыздарды ертіл.  
Мен де біраз зерттегем.

Қыз-бозбала  
Күндерінді актарам,  
Құпия көп кекірегімде сақтаған.  
Бәйкен ағам таңдап алған  
ең сұлу,  
Біздің мектеп түлегі деп мактанам.

Дән ризамыз  
асыл женге бізде бар,  
Қапылыс жоқ біреу шенеп мін тағар.  
Сексенниң де сенгірінен көрерміз,  
Одан да әрі жетер қуат сізде бар.

Кенжегали, Амангелді, Әшірбек,  
Есенгелді талпынды той әзірлең.  
Бетініңден қайта-қайта сүйеміз,  
Бұл думанды қыздырамыз әзілдең.

Бәрі лайық тағдыр мәңгі жебесе,  
Маңыздысыз маршалдыққа теңесе.

Бәйкен-агам,  
балаларың баптаған,  
Жетпіс бесін құтты болсын женеше!  
*06.04.2001 ж.  
Алматы.*

\* \* \*

Әшірбек, ауыл жаққа барайықшы,  
Үлкендер ақ батасын алайықшы.  
Көргендер әкелерді қанша дерсің,  
Қасында бірер күнге қалайықшы.

Қалайша елді көрмей адам шыдар,  
Куанып Сәлімжан да алдан шығар.  
Қайтайық дүға оқытып ата-анаға,  
Көп тосып екеумізді қалған шығар.

Көбейсін ағайынмен әзіліміз,  
Женгейлер тосар балғын қазы, қымыз.  
Үйқыдан Үкілі Ыбырай аунап түсер,  
Әuletke аруақ қонған қазығымыз.

Бәйбішем көрсін ғажап тетелесті,  
Сүймейді ол жоқ нәрсеге ерегісті.  
Мен-дағы бала құнді еске алайын,  
Бір көріп Құлизәт пен Елеместі.

Есен-сау жүрген бапты кезімізде,  
Көш түзеп көрінейік өзіміз де.  
Тағы да қайта айналып оралғанша,  
Жұздері жұрсін бірге көзімізде.

*25.03.2000 ж.*

\* \* \*

Куанышта ағайын ағылады,  
Ағылады “агалап” табылады.  
Қайта жасау өмірді қолдан келмес,  
Реніште дос қана табылады.

1992 ж.

\* \* \*

Бала күнде балдырган еркем еді,  
Өмірге де ерекше еркеледі.  
Тұсініспей кеттік пе  
Кездеспедім,  
Оны іздегіш жүрегім желкен еді.

Кыз қылығын ел жеті көмкереді,  
Біреу қате, ал біреу жән көреді.  
Жән көрсе де  
Мың мәрте төңкерсе де,  
Пай, пай, шіркін!  
Ол ғажап көркем еді.

1992 ж.

*Бурабайда кездесу*  
(Жұмаш Әубекіровке)

Кездестік Бурабайда Жұмаш-аға,  
Егделік жастық шақлен үласа ма?!

Куандым, тұлған тұзу сақталыпсын,  
Кер заман қанша қатты сынаса да.

Құсындаі бірге өскен осы көлдін,  
Атақты Евнейдің досы болдың.  
Көремін Бәйкен-аға інісіндей,  
Бастаған көшімізді тәсіне өрдің.

Жұмеке! Мен білетін іргелісің,  
Болған жоқ достық үшін бір кемісің.  
Қағылған Қарағанды қақ төріне,  
Мызғымас біздің үрпақ діңгегісің.

Көкшеден алған бойға кайрат пайдаң,  
Осы ғой енді біздің салмақ сайран.  
Сағыныш қапа, назын женілдетіп,  
Ризамын ниетіңе канат жайған.

Дос-жаран жүрген жерің жиын болсын,  
Немере, шәбереге үйің толсын.  
Женгейді еске алғанда оқып жүрер,  
Осы өлең Сізге арналған сыйым болсын.

09.09.94 ж.

*Бурабайдагы “Оқжетпес”.*

### *Kіm асаяу*

Асаяу тайым бұзық еді,  
Тұлпар тоқым салғанда.  
Құлын ұсташа қызық еді,  
Әжем бие сауғанда.

Дедім сәулем, сені де асаяу,  
Қол салғанша жақын кеп.  
Көреді жүрт мені де асаяу,  
Адуынды ақын деп.

Көп жылқылы елім асаяу,  
Асаулыққа баулайды.  
Осы күнде келін асаяу,  
Сиыр, бие саумайды.

Мол қымызға жүдә зармыз,  
Коры азайып келеді.  
Орыстардан сұт алармыз,  
Қымызды кім береді?

Тағдыр саған көп қой сенім,  
Көкірегімде сөнбес нұр.  
Бие саяу білер келін,  
Женешеме кездестір.

*17.08.2000 ж.  
Бурабай-Алматы*

### *Самолеттегі экспромт*

Мұқыпш-аға сексен жылдық асында,  
Бірге болдық Бәйкен, Сұлтан, Қасымда.  
Құралайдың салқынымен қарсы алды,  
Қарағанды бауыр басқан жасымда.

Келгеніміз елге мирас дес болды,  
Талай арыс ағалармен көш толды.  
Жұрт жаураса,  
мен тоңбадым,  
Қасымда,  
Рымжандай қызу құрдас “пеш” болды.

Арасындаі тойлы думан топырдың,  
Құрдастардың бәсендетер отын кім.  
АН-24 сұық болып,  
Қайтарда,  
Рымжанға қыздырынып отырдым.

*28.05.2000 ж.  
Қарағанды-Алматы*

## *Алпысқа келген інілеріме*

Айтып жүрген  
бей, ағайын, алпысың,  
Бесін емес, ымырт емес, талтұсім.  
Елуімнен айырмасы көп емес,  
Әлі талай арпалысқа бар қүшім.

Алпыс — деген шуақ күзде тың алан,  
Қыран жасы  
Құс ілетін қиядан.  
Сексендері ағаларды көргенде,  
Өз жасымды айтуға да үялам.

Есті сұлу  
Кәрі демес мендейді,  
Көніл жықпас ақниетпен емдейді.  
Пайғамбардың келсем-дағы жасына,  
Құдашалар оңашада сенбейді.

Алпыс жаста  
Кәрілік күтіп түр деме,  
Көп өзгеріс енбес өн мен түрге де.  
Пенсионер — дегендердің бәрі де,  
Етегіне намаз оқып жүр деме.

Қанша қызық  
Көрер ме едім өл кетсе,  
— Үры емеспін алакуйын “баукеспе”.  
Талай жылдар кездеспеген бір күрбым,  
Жастық шактың от-жалының салды еске.

Алтыс келсе  
Жасқанамыз біз неге,  
Құрбыларға “күдерінді үз” — деме.  
Бұл алпысың көрі де емес, жас та емес,  
Екі ортада әрі-сәрі бірдеме.

Өзінді өзің жас жігітке балайсың,  
Келіншектің кербезіне қарайсың.  
Қырып-жойып кетпесен де алпыста,  
Сен әлі де бір көдеге жарайсың.

Бір күн бұрыс,  
Жүре салсаң бір күн тік,  
Женіп кетпес женіл-желлі сылқымдық.  
Осыған да зор боларсың  
Сілтеп қал,  
Алпыс — деген ең ақырғы мүмкіндік.

14.09.1997 ж.

### *Қамзабай Бекетовтің сөзі*

Дәстүрі бар әр елдің,  
Тірлікте жаңым құптайтын.  
Сыйлаймын ерек, өйелдің,  
Асылын сөздің жұтпайтын.

Алдамшы ақымак жігітті,  
Ерек деме қатын де.  
Ақтаған асыл үмітті,  
Асылды нағыз батыр де.

Сұлуды тұраг сөзінде,  
Жел сөзден мен ақтаймын.

Қызығып кеттім өзім де,  
Есімін бірақ айтпаймын.

Әр мүшесі мәнерлі,  
Жұлқынып түрган қарқын де.  
Ондай ғажап әйелді,  
Қатын деме алтын де.

2006 ж.

### *Еслам Зікібаевка*

Қырандай Жалғызтаудан шарықтаған,  
Ақжолтай әр қадамың анық маган.  
Шаттандым  
Шалкар думан - ел жинасан,  
Жасамай саңдығын нарық саған.

Қазактың еш перзентін етпес өгей,  
Қызы көп тау жақты ма Көктөбедей.  
Әйтеуір Алатауды жайлап алдың,  
Ешқашан қайын-жұртқа өкпелемей.

Жасыннан сыршыл ару - құсты іліп ең  
Шабытшыл ләzzат, зәузәт түсті үніңде:  
Заулай бер Құлагердей өршеленіп,  
Жалғасып Магжан-аға үшқыннымен.

Сақтаған “Аққайындар” дауыл, желден  
Көп жылдар артта қалса тәуір желген;  
Қанатын қаға берсін “Аққу-арман”,  
Күн тусын бұдан да зор дәуірленген.

Жер жыртқан бала күнде өгізбенен,  
Батырлық өшкен емес негіз сенен.

Есілдің бір еркесі кездесер деп,  
Келінгे ризамын сені іздең.

Жастық шақ егделікке талмауратып,  
Жол берсе  
Қабылдай бер жалаулатып.  
Елінен Президенттің қызы алғанды,  
Құдайым қоймас деймін жаяулатып.

Атынды өлеңінен білген едім,  
Тілегім кездескелі бірге менің.  
Өрінде ақындықтың жайнай берсін,  
Желкені “Есләм” атты жыр-кеменің.

17.08.96 ж.

Алматы

### *Табысым*

Ерте кезде салмай ескі сарынға,  
Көне білдік бойда қызу жалынға.  
Приватизация маған жасап алыпсын,  
Үкімет пен партияның барында.

Табысым сол — татулықты талғадым,  
Жоғалтпадым жекеменшік бар мәнін.  
Жас тоқалмен жаңа ферма құрмадым,  
Жақсы болды бір өзіңмен қалғаным.

Табысым сол — кең дүние сеп берген,  
Кезім жоқ қой сені сөгіп жек көрген.  
Жасамадым сұлулармен оңаша,  
Серіктестік жауапкерлік шектелген.

Өзің болдың көп айтылар бас әнім,  
Бас әніме қайта-қайта басамын.  
Саған мәнгі референдум өткізіп,  
Өзге әйелге мораторий жасадым.

25.03.2000 ж.  
Алматы.

### *Альбомдағы сөз*

Жаңылма, тағдыр, жаңылма,  
Жастардың тойын қабылда.  
Бақытты қызық ғұмыр бер,  
Алуа мен Сабырға.

Аталық асқар жолым бар,  
Әр сөзді жетік шолындар.  
Бір-біріңе қашанда,  
Кешірімпаз болындар.

Үлкені осы батамның,  
Артықтау сөзге қаталмын.  
Алуа саған тілеймін,  
Ақ жолын Бәйкен атаңың.

Қызыққа бүл той бөлейді,  
Көрмедім ешбір өгейді.  
Құдайдың маған бергені,  
Құдағиларым көбейді.

28.08.1999 ж.  
Алматы.

## *Өзгеріс*

— Ішпендер — деп, ағаларым зарлады,  
Саулық үшін қанша әрекет арнады.  
Ал, өздері аз ішкен жоқ  
Бірақ та,  
Тұған елді талапайға салмады.

— Ішпендер — деп бастықтарым қақсады,  
Қатты бүйрық, қатал қаулы қаптады.  
Ал, өздері аз ішкен жоқ,  
Бірақ та,  
Тұған елдің бар байлығын сатпады.

Ал, қазір ше. Байқап созар көмейді,  
Ішпей ғана, көп жейтіндер көбейді.  
Өзгеріс сол:  
Осы күнгі бастықтар,  
Қанша жесең  
Тоқтатындар — демейді.

*1996 ж.*

## *Ағысым*

*(Falym Mұтановка)*

Тұған жер,  
Сағынышың құса кылған,  
Аз күнге табылдым мен құшағынан,  
Түсімде құс қанатын байлағандай,  
Өнімде жігер бітті үшар жылдам.

Кездестім алдындағы ағалармен.  
Жұздестім артымда алтын тағалармен.

Құлшындым студенттерге дәріс оқып,  
Тұлдестім өрімталдай балалармен.

Куандым университет алаңына,  
Ішінде білімнің мың амалына.  
Келіп түр бәрі де сай компьютерлік,  
Интернет қулаш жайған заманына.

Кездескен іс оңалар адамына,  
Өнердің бәрі икем саналыға.  
Галеке, шын сүйсіндік бастамаңа,  
Нұр жаусын әрбір басқан қадамыңа.

Әр күнім ойын тапса дүйім көптің,  
Әйгілі үстаздардың күйін шектім.  
Құрметті профессор атағымен,  
Жүректің жұқа жерін бүтіндеттің.

Алдағы ашық күнді тіректі еттің,  
Тап солай шабыт селін үдептек кім.  
Сырымды өлеңге орап тұған елге,  
Молшылық, құт, береке тілеп кеттім.

Жетпіске тақап қалған жаз, қысым бар,  
Тұған жер, жан толқытқан алғысымын ал  
Жетпісті кіші бесін көремін ғой,  
Қартайтпас өн-жыр деген жан қысым бар.

31.04.2000 ж.

## *Тұған күнің Астана, құтты болсын!*

Қоспай жүрмін өлеңге Вашингтонды,  
Менсіз де оның қойнына жақұт толды.  
Алматымды  
Көп жырлап, әнге орасам,  
Бір мен емес,  
бір дәуір ғашық болды.

Кекшетауды көп айтсам  
Жан құмартты,  
Жырга бөлеп, балауса ән тұтатты.  
Жезқазғанды паш етсем  
“Жезқиікті”  
Көптен көрмей сағыныш қалжыратты.

Жаңа жырға бөлеймін Ақмоланы,  
Маган шипа ақланда ақ бораны.  
Жаңа заман  
Ол - жаңа астанасы,  
Маңдайына береке, бақ қонады.

Әлдескалай түспейді адасып нур,  
Ақмолаға сулу тәж жарасып түр.  
Сіп-свежий астана әлемдегі,  
Көнелермен бой түзеп, таласып түр.

Сал бойына сай пешпент киіп жатыр,  
Жаңа ғасыр жасауы білінді акыр.  
Ақмоланы ерке Есіл бөлеп, тербеп.  
Сарыарқаның самалы сүйіп жатыр.

Жас астана есімі елеңдетіп,  
Еңсем биік,

Ұмтылдым өрем бекіп.  
Ол — кең дала киелі ақ күмбезі,  
Көп үнілсем тарихқа терең кетіп.

Дабылынан азатшыл жаңғырықтын,  
Қайта туды қазаққа  
Жаңғырып күн.  
Ақмоланың ардақты есімін де,  
Ата-рәміз деп атар заң қылыштын.  
Президентім бекіткен жарлықпенен,  
Сол күн туды сөйлейін дәлдікпенен.  
Ол — оныншы желтоқсан  
Жырмен шашу,  
Төгілтетін ақ шуақ таң құткен ем.

Маган елсің  
Ақмола бесікке тең,  
Көкшетаумен ортақсың  
Несіпке сен.  
Атамекен көрінер көз үшінда,  
Құшағыңа  
Мен де ертең көшіп кетем.

Көп қарайлап,  
Жүрмін ғой қия алмай да,  
Шалқып едім шабытшыл құмар жайда  
Әкетер ем арқалап Алатауды,  
Болады ғой қиянат Тұманбайға.

Осал жерге  
Ортаймас бақ қона ма?!

Ел көңілі толмаса тақ қона ма.

Атар тандар  
бере ғөр құт-береке,  
Елдің төрі қасиетті Ақмолага.

Беу, жас қала!  
Ардакты ақ қаласын,  
Жасап жатыр  
тұған ел салт-жорасын.  
Тұған күнің Астана құтты болсын!  
Бақытты бол! Ортаймас баққа орасын.

10.12.97 ж.

*Атағын берсін Ғабенің  
(Оңдасын Әшімовке)*

Ғабит аға тойында,  
Оңдасын бізді басқарды.  
Байсалды күші бойында,  
Бұлжылткан жоқ жоспарды.

Бәйкеннің ұлы екені,  
Білініп маңғаз түлек түр.  
Қызылжарда мекені,  
Университетте ректор.

Алғыр ұл туар тектіден,  
Әмірдің міндет артқаны.  
Қуаныш осы деп білем,  
Әкеге бала тартқаны.

Көліктері құтімді,  
Тайбурылдай шабысты.  
Өз қимылты үтимдым  
Жібермес босқа намысты.

Сүйсінді достар ұндеңей,  
Болған соң ортақ тілек бір.  
Шыдамай кетті-ау, тіл, көмей,  
Алғысым айттар ұдең түр.

Ел-жүртты көрдік анықтап,  
Жолбасшы болдың Ондастын.  
Не дейін: даңқың шарықтап,  
Жолыңды Тәнірім қолдастын.

Тәлімгер, ғалым қашанда,  
Үздігі болғай әлемнің.  
Әкендей мығым бас алға,  
Атағын берсін Фабенің.

15.06.2002 ж.  
Ғабит ауылы.

*Aңшылық*  
(Кенжеғали Сагадиевке)

Ер жігіттің құштар сөті аңшылық.  
Қыза тартса, қалар артта шаң шығып.  
Таудан тұлқі күстү шалса  
Құлшынар,  
Нар тәуекел, жан шықпаса қан шығып.

Ұзап кетіп шаң-тозаңнан бұлықкан,  
Осы емес пе ак шуақтан нұр жұткан.  
Мүн мен шерін тіршіліктің ұмытып,  
Тамаша гой бостандыққа бір шықкан.

Қызғын шакты кім, қалайша шектейді,  
Қызарғанға көніл ұшып, жет дейді.  
Құралайды қуалай шапқан мезетке,  
Бұл жалғаның еш қызығы жетпейді.

Қай сырымды білер дейсің маңайым,  
Қызба мезет шам-шырағын жағайын:  
Құба жонда құйындарта Жезкиік,  
Куып жетші,  
көріп қана қалайын.

Жан баурайды таза нәркес жолдағы үн,  
Есің кетер естіл тоты толғағын.  
Әр бұтадан  
жарқ етеді бір сұлу,  
Содан деп біл қызуқанды болғаным.

Қызгалдағын дала алдыңа үйеді,  
Қымыз ауа самал жел боп сүйеді.  
Акку құстың  
Қыз баладай уыз жас,  
Келбетіне жүрек шегі күйеді.

Ақ періште құс патшасы қабағы,  
Ақ пейіште мың әуреге салады.  
Ең қызығы:  
үйге оралсан бәйбішен,  
Сол акқудай жап-жас болып қалады.

18.01.2001 ж.  
Алматы.

*Алатайдың ақыны*  
(Амангелді Ермегіяевқа)

Биікте ақын болып самғасам да,  
Әкім боп жердің бетін шарласам да.  
Алдында жайран қағып қарсы алады,  
Өзіндей жақсы інілер өрқашанда.

Бойыңа жарасып түр ар биігі,  
Екі көз қырағы екен әр қыны.  
Құмарттым бір көргеннен мінезіңе,  
Самғауық Алатаудың ақыны.

Айтыстың атасындай ағындалың,  
Тапты ғой ұлы дәстүр бабын жаның.  
Егемен елдің туын тік көтеріп,  
Мәңгілік сөнбес оттай жалындалың.

Жігітсің жақсылыққа құмар жаның,  
Бір емес сенің асыл мың арманың.  
Әкелді туған елден ұлken алғыс,  
Қасымның қос кітабын шығарғаның.

Саялды болсаң елге біткен шынар,  
Жемісің қаулап шықты күткен құмар.  
Аруагы Абылай ханның қолдан сені,  
Жарылғап батыр аунап түскен шығар.

Біреуі алдымызда ақ міндеттің,  
Атағын асқақтату Төттімбеттің.  
Қасыңа мен де еріп ту үстаймын,  
Тасыған жырмен қосып ағынды екпін.

Осы ғой өміріңің бұла шағы,  
Әр ісің ұлан-ғайыр сыр ашады.  
Дәстүрін туған елдің жалғап жүрсөң,  
Есімің ұлылармен ұласады.

Затыңа атағын сай Амангелді.  
Бақ күсы тұра заулап саған келді.  
Қашанда  
Шарықтасын, жалықласын  
Қанатың жарылқаған тәмам елді.

2001 ж.

## *Тойдағы есеп*

Жөн сұрап болмасақ та төрелеткен,  
Туды сөз женге мактау өре жеткен.  
Бәйкеннің бойындағы кен мінезді,  
Бір ару: Женгем деді өрелі еткен.

Келіншек кетті содан ірі есепке,  
Жөні бар айтқанының мінесек те.  
Тигені Бақыт женгем үлесіне,  
Лекті дөл 95 процентке.

Сендерді деректі сөз есі барды.  
Қол соғып залдағылар шешім алды.  
Сол кезде  
Бәйкен ағам шыдай алмай,  
Деп қалды: Сонда маған несі қалды?

— Қырансыз жан-жағына қарап үшкан,  
Ерекше байыптысыз жаралыстан.  
Дедім мен  
Бәйкен-ага азсынбаныз,  
Қалды ғой сізге бүкіл Қазақстан.

Үйдегі процентпен өсем деген,  
Женгемнен бола берсін есен төмен.  
Шаңырақтың періштесі ол Ана ғой,  
Ал, сізге бір сөз жетер “Көсем” деген.

Ағамыз сөзді салмай шұбыртпага,  
Жымынп “дұрыс” — деді құліп қана.

*7.IX.1997 ж.  
Көжшетау.*

## *Жұлдызың жансын Астана*

Әлемнің күттү көшінде,  
Конғандай ақку Есілге.  
Қанатын жайды Астана,  
Сарыарка алтын тәсінде.  
Асылын әннің арнаймын,  
Басылды ескі бар қайфым.  
Баянды бақыт орнасын,  
Аруағы қолдап Абылайдын.

Жайнатсақ бүтін жолды азат,  
Әлі де талай бар ғажап.  
Жұлдызың жансын Астана,  
Қарап түр саған бар қазак  
Алыста жүрген бауырлар,  
Жақында сансыз ауылдар,  
Тілегі келіп бәрінің  
Тез өтсін қарсы дауылдар.

Ақ Орда дәүлет құрайды,  
Сәулетін болсын шырайлы.  
Өркенің өссін Астана,  
Бар әлем сені сынайды.  
Көnlім алда күдіктен,  
Қараймын сөнбес үмітпен.  
Бекітіп елдің іргесін,  
Жалғайық қанат бірлікпен.

*1998 ж.*

**Көрген сайын Өуезов тілдеседі**  
(Төлеген Досмагамбетовке)

Оқыс келген қазаның ауырын-ай,  
Қара жердің міз бакпас сабырын-ай.  
Жеке-дара  
Құйғытып келе жатып,  
Қулагердей мерт болған бауырым-ай!

Бірге жүрген достасып нелер елес,  
Көзге оралып, көңілден кетер емес.  
Евней-агам  
Төлешті дана дейтін,  
Кең кезінде кеменгөр етер кенес.

Артық айтып осыдан  
Не демек, кім?  
Ол бірі еді шын саңлақ кереметтің.  
Көз шалғанда “Мансфельд Мадоннасын”,  
Анамды ойлап ерекше елеңдеппін.

Балға, қашау жүрекпен бірлескенін,  
Көрдік талай көркінен сыр дестенін.  
Білдік, сездік  
Төлеген мұсіндеген,  
Тас тіріліп адаммен үнделскенін.

Біржан салды көргендер толғанады,  
Ақан сері актангер ой салады.  
Көкшетауда  
Шоқаның зор бейнесін,  
Көзің шалса күш-жігер молданады.

Тас бейнеден көкірекке нұр көшеді,  
Асау ақын пәк ғұмыр бір кешеді.

Оперныйдың алдында,  
Алматыда,  
Көргөн сайын Өуезов тілдеседі.

Міне, осы  
Мен білген кызық заман,  
Қас дүлдүлдің бергені үзіп маған.  
Мұхтар аға сағынып көріскендей,  
Үзақ уақыт алдында тұрып қалам.

Әне, сонда  
Қыз-шабыт қурап өлең,  
Әр мезетті қисапсыз мұра көрем.  
— Ал, кеттік — деп  
Төлеген айттардай-ак,  
Данышпанның алдында тұра берем.

27.11.2001 ж.

Астана.

### *Aққулардың арманы*

Дара аққуды қөрдім айдың шетінде,  
Бейнесі оның үқсан кетті жетімге.  
Күз келгенде өзге құстар толтанды  
Үйірімен кетуге.

Біреу айтса ойлар ма едім бекер деп,  
Ол да ертең өз тобына жетер деп.  
Кім ойлапты сұлуларды өмірде  
Жалғыз, жалғыз өтер деп.

Аяулы екен дара аққудың қалғаны,  
Көл теңсөлте дала-күнге салғаны.  
Дүниеде жалғыз қалмау екен ғой  
Аққулардың арманы.

1968 ж.

## *Балым құдагиги*

Ақынның айтары мол заты қызба,  
Сүйсіндім Балым деген атынызға.  
Ең үлкен құданыздың інісімін,  
Жас отау сәт тілеймін затынызға.

Құдаги жан екенсің төрін ізгі,  
Алуга өркім құмар қолынызды.  
Сексенде серуендеп тойда жүрген,  
Біздерге берсін сәтті жолынызды.

*28.08.1999 ж.*

## *Тойдағы сыр*

Бөйкендей ағамызды таниды өлем,  
Деп жүрсек үлкен сыйлар қагидамен,  
Балымды сексондегі маған тастап,  
Кетті өзі елудегі Сәбилимен.

Көнсем де атам қазақ төл ісіне,  
Көнбеймін құдагилар бөлісіне.  
Нешауа, Бакыт женгей не де болса,  
Алуаның бақыт қонсын өрісіне.

Мен кейде осындағыдан қарқын алам,  
Бұктемей ойдағыны айтып алам.  
Болғанда шәберелі той жасаңыз,  
Мен сонда Сәбилины тартып алам.

*28.08.1999 ж.  
Алматы.*

## *Ел шетіндеңі тәбіреніс*

Қайынды елдің ұлымын, қайынды елдін,  
Аккайынды жырлауга дайың келдім.  
Барып, көріп, аралап білсем деймін,  
Нарық берген бүтінгі жайын елдін.  
Жалғызтаудын жазық бел саласында,  
Маган қымбат жаннат жер бөрі осында.  
Жатқан шығар қос анам  
Мен келер деп,  
Селдір кайын көз көрген арасында.

Араларын өсіп ем қосуменен,  
Толғаныстан менде жоқ шошу деген.  
**Жол-жөнекей**  
Әйтеуір бір соғар деп,  
Аунап түсті-ау, екеуі тосуменен.  
Жыр жазғанда сыр қалмас актармаған,  
Қайындар да өкпе, наз сактар маган.  
Парызым бар  
Қос анам жатқаны үшін,  
Үкілі Ыбырай аулына акталмаған.

**Кастерлесек**  
Ата мен анамызды,  
Ойладық па Үкілі бабамызды.  
Ол қай жерде жатыр деп  
Сұрай қалса,  
Ұялғаннан ұстармыз жағамызды.  
Соның бәрін  
Жүрміз ғой біліп қана.  
Аққайындар теңселер үғып қана,  
Белгі орнатсақ Үкілі бабамызға,  
Үлгі болар үрпакқа, ғұрыпқа да.

Тұған ауылын көркейтсе байтақ елі,  
Сонда парыз, шіркін-ай, қайтар еді.  
Ақ сүттерін кешіріп  
анамыз да,  
Мың-мың алғыс біздерге айттар еді.  
Аққайынның түбінде ашпақ елік,  
Қосылғандай аңсаған сапқа келіп,  
Ыңекеме лайықты мұсін тұрса,  
Мәнгілікке есімін сақтар едік.

24.03.2002 ж.

### *Зейнолла Қабдоловқа*

Өмірден озды дегенде,  
Теніз ой тартты теренге.  
Кинальш жатса Зейнолла,  
Қамалдық катты еленге.

Не десек сияр айтуға,  
Көз жұмса, абзал нар тұлға  
Атқан октай дөл тиер,  
Айтқаны қалды артында.

Білетін сөздің бар затын,  
Әр затында бар татым.  
Жақсылығын жақсының,  
Мақтанышпен айтатын.

Сөт түсіп ерте табыстым,  
Құлы еді ар мен намыстын.  
Егіздей адал досы еді,  
Ебінейдей зангар арыстын.

Кызы-шабыт қызу отымен,  
Жігерді бойда қосып ем.  
Сонеттен тізген гүлтәжді,  
Екеуіне алғаш оқып ем.

Жан еді-ау, Зекең салмақты,  
Парасат жолын анғартты.  
Мұхтарша мұқият толғанып,  
Абайдың жолын жалғапты.

Сындарлы жерде самғайтын,  
Қонырау дауысы талмайтын.  
Дәл бүгін айтқан тапқыр сез,  
Тап ертең елді шарлайтын.

Тапжылмас тарлан өрінен,  
Төсекке болды телінген.  
Бумасы алтын бұлғын сез,  
Булығып кетті-ау, өмірден.

2006 ж.

Астана

\* \* \*

Жас үрпакты жасқанбай қолтықтаған,  
Қайда жүрсе ақжолтай  
Ол — құтты адам.  
Арпалыстың басында сонын ойлап,  
Арыстанның аузына қол сүқлаған.

Қашан көрсөн жаңылмас есебінен,  
Бүтін сергек үйқысы кешегіден.  
Кісліктің үлкені осы шығар,  
Жаңылғанды жазғырмай кеше білген.

10.02.2000 ж.

Алматы.

\* \* \*

Қаулады жалын Күн көзін,  
Ұшқыны жерге жетердей;  
Жаулады сенің нұр жүзін,  
Жүректі оты тесердей.

Алмагұл бакша жамылды,  
Сүйсінер адам баласы.  
Махаббат, саған табынды,  
Жер менен көктін арасы.

Табылды ғашық сауалы,  
Алмасам болды сұтып.  
Іздеген таптым дауаны,  
Есейген жасты ұмытып.

Саулығым берік болғасын,  
Жадырап мен де шаттандым.  
Жолымды құдай ондастын,  
Сағыныш билеп аттандым.

Жорысам көрген түсімді,  
Гүл жауар құтты жолыма.  
Ұшырдым өлең-құсымды,  
Кондыра көрші қолына.

25.05.2002 ж.

Алматы.

## *Елдің сыйлы ағасы*

(Бәйкен Әшімовкө)

Әні Мұратхан Есінбаевтік

Жас кезінен жарасқан шыдамдылық,  
 Қолдаң жүрді қадамын құдай біліп.  
 Қан майданда оқ кешіп женіс көрген,  
 Қос қанаты талмайтын қыран-жігіт.  
 Ғұмырында Құлагер шабысы бар,  
 Еділ, Жайық, Иленің ағасы бар.  
 Таба білер тың жолды сын сағатта,  
 Қаны — қазақ, Мағжанның намысы бар.

Қайырмасы:

Көкшетаудың түлегі,  
 Қарағанды тірегі.  
 Жетісу деп соғып түр,  
 Лұпілдеген жүрегі.  
 Ол — ерекше бағасы,  
 Елдің сыйлы ағасы.

Қарағанды, Көкшеде, Қызылжарда,  
 Жетісуда жарқырап ізі қалған.  
 Саумалкөлдің жігіті сертке берік,  
 Баянауыл ең ғажап қызын алған.

Айта білсек сырды көп басқа тағы,  
 Оған күә жұлдызды жақсы атағы.  
 Не десек те қазактың Бәйкен-ага,  
 Ең ардақты бүгінгі аксакалы.

Қайырмасы.

*06.07.1991 ж.*

## *Ақ батасын бергендей Сегіз Сері*

Кұлагерше күлшындық жасымызда,  
Дарындылар  
Мол еді заты қызба.  
Сәбит, Фабит, Евнейлер қандай еді,  
Кеше жүрген көш түзеп қасымызда.

Бұл үшеуін біледі әлем тегі,  
Сафуан, Мұрат, Аманжол мәнерледі.  
Мұса, Ермек, Төлеген, Нагималар,  
Тұрлендірді Марат пен Сәкен сері.

**Ата мирас**  
Жалғасқан ел арасы,  
Бәрі ортақ өзен, көл, көң даласы.  
Неміс болып туса да кемістік жок,  
Бельгерім де қазактың өз баласы.

Ақан сері, Ыбырай қадам басқан,  
Атамекен осында бабам жатқан.  
Даналардың ығында  
Жараптадым мен,  
Фажап жерге шын ғашық махаббаттан.

**Даркан аймак**  
Қызығам өміріңе,  
Бәйкен, Еркін нұр жайды көніліме.  
Ақ батасын бергендей Сегіз Сері  
Талай тарлан ту тікті өніріме.

Сұлу өлке Солтүстік Қазақстан,  
Көлдерінді қайтқан құс санап үшкан.  
Аққайындар аймақты алқалаған,  
Аппак етіп сән берді жааралыстан.

*2002 ж*

## *Керекудің кереметі*

*(Оралбек Қожановқа)*

Оралбек бірі үлкен азаматтың,  
Иесі сол ардақты зор атактың.  
Қанында бабалардың киялы бар,  
Жанында жайлайуы бар парасаттың.

Кеңейді еркін елде арқа қандай,  
Ол кайтсін, еркеленбей, арқаланбай.  
Жетпіске желіп жетіп құшак жайды,  
Бұлттары Баянаула тарқағандай.

Шалқыды Кара Ертістей дариясы,  
Көркейді, бұтақ жайды жанұясы.  
Мөрөгө қолтықтасып қатар келді,  
Жан жетпес, үздік сұлу Мәриясы.

Сейлесе, Орекеннің оты қандай!  
Ән салса, көмейінде тоты бардай,  
Билесе, сал бикештер естен танаар,  
Бұлқілдеп бөкселері толқығандай.

Қоныпты кеменгерге өнер жеті,  
Тарихшы, ғалым десем келер реті.  
Қаламгер, әділ басшы, білтір қажы,  
Оралбек Керекудің кереметі.

Бой жазған өр Алтайдың аскарындай,  
Ой салған Сұлтанмахмұт дастанындей,  
Жайнатты бүтінгі үрпақ белгісіндей,  
Кітапты “Жасыбайдың тастарындей”.

Тамсантып алабөтен ұнағандай,  
Көргенде кім қалт етер тына қалмай?!

Оралбек сол кітапта жарқыратқан,  
Сөйлеп түр көне тастар тірі адамдай.

Жазғандай әрбір мұсін асыл хатты,  
Тастандардың әлем білер таңы да атты.  
“Кереку кереметі” — дегенім сол,  
Сүйсен, сүй, тап осылай табиғатты.

Тастандардан танғажайып қурған белгі,  
Шын құрмет көкірегі ояу үлдан келді.  
Жасалды Баянаула “Тас шежіресі”,  
Сүйсен, сүй, тап осылай тұған жерді.

Күлімдеп алғыс айтты асыл айдын,  
Мен қалай қуанышта тасымаймын!  
Тебіреніп жетпіс жаспен құттықтаған,  
Қосылам толқынына Жасыбайдың!

Алыстан Баянаула көрер бойын,  
Ореке, сұранып түр нелер ойым.  
Он жылдай қанаттасып бірге өткіздік,  
Жұз жылдық Сәтпаевтың мерейтойын.

Сүйсінтсе тұған елді бір ісіміз,  
Ашылар кен пейілді тынысымызы.  
Дананың құтты жолы бізді қосса,  
Қаныштың екеуіміз де інісіміз!

19.05.2007 ж.  
Павлодар

## *Еспай Сүлейменовкө ода*

Кербез еді Сырымбеттей тұлғалы,  
Мангаз еді қарағайдай шындағы.  
Ер Тарғындай  
Мың кісінің ішінде,  
Көрінетін Еспай-аға тұрганы.

Мың тоғыз жұз отыз төртінші жылдарда,  
Ауыр шақта ел оранған мұн, зарға  
Еңбекшілер ауданының “Детдомын”,  
Құрған кісі түсіп талай сындарға.

Кер заманда айғақ етті ер күшін,  
Ел аңғарды тәрбиегер зерлі ісін.  
Жас шөкірті Шамжанова Розаға,  
Сонда Мәскеу такты “Құрмет белгісін”.

Мейлі болсын саясаты Кеңестің,  
Орынсыз деп ортайдапайды оны ешкім.  
Көкше қызы Кремльде жарқ еткен,  
Ол да бірі көзден кетпес белестің.

Асыл аға соғыста өтті бес жылы,  
Қырғын майдан қияметін кешті ірі.  
Тұған елдің шуағында серпіліп,  
Құлағында “Катюшалар” өшті үні.

Ауыр күндер соғыс біткен жылдарғы,  
Сырымбеттің мектебі зор құндалды.  
Интернаты күтіп бізді жыл бойы,  
Кешкізбеді қабақ шытар мұн, зарды.

Тағдыр берді Есекендей еренді,  
Ол басқарды біздің асау беленді.

Ұмыта алмас  
Дәсін татқан балалар  
Интернаттың директоры дегенді.

Асыл арман, зор қияга ергеміз,  
Білім алу, тәртібі де келді егіз.  
Үркия-апай тәрбиешім болды ғой,  
Еспай-ага үйіндегі женгеміз.

Үқсайтұғын Еспай аға көсемге,  
Білгір еді, айттар сөзге шешен де.  
Еске алайық  
Бірге оқыған үл-қыздар,  
Бірі әкең болды бірі шешен де.

Сонда туды Орал, Онғар, Сәулелер,  
Келді өмірге Зәрә, сұлу Зәурелер.  
Еспай аға шанырағы шалқызы,  
Сәт оралды батырға да “тәубе” — дер.

Шындықты айтсам көңіл ауып әrnеге,  
Пай, пай, шіркін! Қызығы көп өлде де.  
Сол күндерде ғашық болып қалыпты,  
Әжімұрат ініміз де Сәулеге.

Еске түсіп, бір көтерсем еңсені.  
Біздін қиял қияларды көкседі.  
Бірге оқыған Сырымбетте, Мәскеуде,  
Сағынып кетем Әжімұрат мен сени.

Еспай аға әр баламен сырласып,  
Отыратын көкірегінен нұр шашып  
Сөз біткенде  
бір жаңарып қалушы ек,  
Көңілде өн, пәк жүректе жыр тасып.

Мейірбанды естен кетпес мәнери,  
Қарапайым, кішіпейіл жан еді.  
Балаларға баяндайтын  
казакы,  
Ата дәстүр, салт-сана мен кәдені.

Артық айтып, зекірмейтін балаға,  
Ашық айтып, ой құятын санаға.  
Ықтырмайтын  
Ол үқыра білетін,  
Әрбір сөзі кетпеуші еді заяға.

Әр үғымды өте зерлі милайтын,  
Бұзбауши еді-ау, кең мінезді бір қалпын.  
Жасы кіші  
директоры мектептін,  
Мұсаханды ақ патшадай сыйлайтын.

Құлагердің үрпағы деп қолдатқан,  
Мұсекенде қос қарагер болды аттар.  
Ес-аган ғой,  
Қара арбаны сырлатып,  
Пәуескелі “Есіл-қорап” орнатқан.

Болды ағалар ата мирас құрбаны,  
Алпақ күміс қос қара аттың тұрманы.  
Тегін емес,  
Мұсахан мен Еспайды,  
Бүкіл аймақ өшпес аңыз қылғаны.

Жүйрік еді “Сал қарагер” дарасы.  
Тік қаратпас  
Отты көздер шарасы.

Сан жарыста озып келдім  
болған соң,  
Тандап алған “ат айдаушы” баласы.

“Бәйге алғанда  
Сырымбетке құт” — дейтін,  
Кулагер жайлы өңгімесі бітпейтін.  
Озып келсем  
Асханага апарып,  
“Бұл баланы он күн ондап құт” — дейтін.

Солай бізге бақ үшқыны қонатын,  
Достарым да қыр соңымда толатын.  
Нұртас, Қайрощ, Нығметжанды апарсам,  
Бір сұлқиып “свежий етке” тоятын.

Қызғаншақтар сөз қылғанда жақыны,  
Тез үктырар қызық еді ақылы:  
“Сенің балан атты соғып тастайды,  
Кәкімбектің мықты дейтін такымы”.

Мектептегі ойлы ұстаздар бір бөлек,  
Бұл интернат болды бізге шын көмек.  
Жылы жерде,  
Қарнымыз ток болған соң,  
Жүргіме жүрдім балғын жыр бөлеп.

Жүдеген жоқ қозысы мол көгенін,  
Алды ақыры баққан төлден көп өнім.  
Шота, Айша бірге оқыдық Мәскеуде,  
Үзілген жоқ елді ойлагыш өлеңім.

Жамал қыздың ән салғаны жаасты,  
Биши – дедік Зейнікеш пен Сарашты.

Еркеш, Нұртас суретші боп үмтүлса,  
Ұлан бізбен қүйшілікке таласты.

Өнергаздар интернатта толған көп,  
Қосылысты ну сайыста орман боп.  
Кыз, бозбала бәрі өргек талапкер,  
Арамызыда осалымыз болған жок.

Ер балалар жігіттікке қамданып,  
Жақсы оқыдық ел алдында бак жанып.  
Тәрбиеші, мұғалімдерге мың алғыс,  
Біз солардың ізгі арманын жалғадык.

Беру киын үстаздарға бағаны,  
Олар бізге қақты берік тағаны.  
Тәрбиешілердің генералы атایмыз,  
Нар тулғалы абзал Еспай ағаны.

*09.09.2005 ж.  
Астана*

*Қазақтың асыл тұған азаматы*  
(Бекет Тұргараевка)

Балдызын ардакты дос Орынбектің,  
Келіп түр тойында бір шолып өткім.  
Досымның туыстары – маган туыс,  
Батырдың ел қостаган жолын шектім.

Мәскеуде Орекенмен бес жыл бірге,  
Окуда студент кез костық ірге.  
Қақ бөлген қара наңды нар жігіттің,  
Қосылды балдыздары достық үнге.

Рахым мен Рахманберді, Бекеттерім,  
Шымкентте еркелігін екі етпедім.  
Мәскеуден, Нөкістен кеп, сайрандасам,  
Көріп ем көкірегіме гүл еккенін.

Куаныш Теліметов Орынбекті,  
Аға деп, Қаратауды шолып жетті.  
Ер мінез, үздік ақын, асай сері,  
Маган да бауыр-туыс болып кетті.

Аз жылда қайтып толмас келді шығын,  
Бәрі жоқ айтқандардың енді бүтін.  
Тек қана Бекет қалды есен-аман,  
Мұлтіксіз мықты аткарып елдің жүгін.

Мұң-нала белгілі ғой көп батқаны,  
Ол біздің туыстықты тоқтатпады.  
Рахым мен Рахманберді, Орынбекті,  
Қадірлі іні болып жоқтатпады.

Күрметі маган деген үлкен кенес,  
Сақталды бауыр басып журген белес.

Досымның артындағы жан қосағы,  
Көмегін Ұлжанға да үзген емес.

Келгелі құтты қоныс Солтүстікке,  
Кездесер жүр ғой сәтті жол түсіп те.  
Әділ деп бауырларым сыйлайды оны,  
Аязды ел үқсан жылы Оңтүстікке.

Шаттықты Бекет талмас көбейтуге,  
Достықты Орынбекше кеңейтуге.  
Сондыктан аруақ қонған бабаларым,  
Болды оны өз ұлындай жебейтін де.

Қызметін жөн болар ма жазып өтпей,  
Нақақтан жүр ешкімді жазым өтпей.  
Ол камқор  
Тәуелсіз ел табысына,  
Әділ би Қаз дауысты Қазыбектей.

Үнампаз біздің Бекет сырғалыға,  
Ұлдыңдай сұлу қонды гүл бағына.  
Екеуі Қызы Жібек пен Төлегендей,  
Бөлөнді маҳаббаттың құндағына.

Құт қонып қолындағы ақ құсымен,  
Өмірдің құшақтасты талтусімен.  
Жас та емес, кәрі де емес,  
асыл маусым,  
Бекетті құттықтаймын алпысымен!

Сыйлаган бүкіл қазақ жамағаты,  
Шықпаған ешқашан да жаман аты.  
Білгенге Бекет – нағыз ірі тұлға,  
Қазақтың асыл туған азаматы.

16.06.2007.  
Астана.

# **Екінші бөлім**

**Лирикалық поэма**

## **Бәйкен жолы**

(Бәйкен Әшімовтың 90 жылдығына арнадым)

### ***Арнау***

Сабыр сактар ұласып шыдамдылық,  
Қолдап жүрер қадамын құдай біліп  
Қан майданда оқ кешіп, женіс көрген,  
Бәйкен-ага мұлт баспас қыран-жігіт.

Мінезінде Құлагер шабысы бар,  
Есіл, Нұра, Іленің ағысы бар.  
Жаны таза, мейірбан кішіпейіл,  
Қаны – қазақ,  
Мағжанның намысы бар.

Қарағанды, Кекшетау, Қызылжарда,  
Талдықорған төрінде ізі қалған.  
Сырымбеттің саңлағы сері күнде,  
Баянауыл ең сұлу қызын алған.

Қай заманда қайын жүрт сүйеу, пана,  
Құтты өрісті ұлына тілейді ана.  
Одан артық жүрагат қайдан тапсын,  
Болды Бәйкен Қанышқа күйеу бала.

Кекше, Баян егіздей көрінетін,  
Аға, женгем самғады емін-еркін.  
Сынын, сырын жоғалтпай егде күнде,  
Екеуі де бермей жүр әлі көркін.

Нық азамат артында ізі мәрлі,  
Шын қазанат сан қылыш жүкті көрді.  
Он төрт жылдай Премьер бола біліп,  
Нұрсұлтанға тапсырды құтты төрді.

Тәуелсіздік ақ таңы атарында,  
Құттықтады жаңа өмір сапарын да.  
Елбасына келеді аға болып,  
Елabyзы ең үлкен қатарында.

Бір кездескен адамды аңсатады,  
Ел сүйсінер сыры мол басқа тағы.  
Не десек те қазақтың Бәйкен аға,  
Токсандағы ардақты ақсақалы.

### *Bірінші бөлім*

Солтүстікте, Фабиттің ауданында,  
Сәбит елі арттырган салмағын да  
Аты әйгілі Шабақбай ауылы бар,  
Сырымбет пен Саумалкөл ар жағында.

Сұлу алқап тогайға ерген көлі,  
Шексіз орман отардай өрген төлі.  
Аққайындар ақ құміс алқалаған,  
Кәүсар бұлак, мөлдір су, өзен, көлі.

Ата жұрты ежелгі Әлменагаш,  
Жан-жағына жасайды сәнмен талас.  
Абылай сүйген атақты Көшқұлыны,  
Қазақ түгіл біледі бүкіл алаш.

Бұл әулеттің Шабақбай ардақтысы,  
Көшқұлы, Ораз ішінде саңлақ кісі.  
Есімімен ескі ауыл аталады,  
Туды осында Атығайдың сан жақсысы.

Ай-хай, шіркін! Іргелі ел думанды еді,  
Кыздан сұлу, көп өсті үлдан сері.  
Бәйкен, Еркін, Сұлтанды қайдан? – десен,  
Сол маңайда бәрінің туған жері.

Аққайындар ақ балтыр аптағын-ай,  
Кім түргызды жалаңаш сапқа бұлай.  
Судан шыққан көрші ауыл қыздарындей,  
Көз шыдатпас пәледен сақта құдай.

Айыртауға алқа ағаш беттегендей,  
Көш түзепті жетердей көп бөгелмей.  
Шалқар жаққа ну қайың шұбырыпты,  
Ақан-Борлық алқабы жетпегендей.

Кең жазықтың ортасы егіндікте,  
Жайқалып түр сай-сала тебіндікке.  
Ақ бидайдың ішінде қалған зират,  
Сырын айту түспейді тегіндікке.

Көл шетінде мол қамыс, қызыл шілік,  
Желкілдейді жер бетін сыйылдырып.  
Талай ғашық түбінде тіл табысқан,  
Күркे талы жіберер қызындырып.

Сыланып түр көк терек сыптығыры,  
Еңсөң өсер күншуақ құтты күні.  
Көл бетінде акқу, қаз санқыл қағып,  
Әнге бөлеп дүниені жұтты үні.

Ақан сері бұл жерге көп келетін,  
Құба белге Құлагер өң беретін.  
Керей, Уак, Қыпшақтың бәйгелерін,  
Атығай мен Қарауыл өңгеретін.

Актоқтыға арналса сыбыр кілең,  
Ел жиналар жазғы кеш іңірінен.  
Жаны мырза осынау ел ерте оянды,  
Ақан әні, Құлагер дубірінен.

Ақ астаудай Алакөл жарқыраган,  
Маңайында өсті өңкей жарқын адам.  
Ақан сері, өзгеден артық көрген,  
Өнерсүйгіш үнайды салты маған.

Әлде кімге мұнты ақын көз қадады,  
Шабақбайға әйттеуір көп барады.  
Қызыл кеште қызғанда “алтыбақан”,  
Ақан әнін бұл маңай көп салады.

Сабақ алып кең жалған бәсін куды,  
Асылдар көп бұл жерде аты шұлы.  
Шабақбайға шөбере, осы ауылда,  
Жақып байдың баласы Әшім туды.

Ақан сері дарыған аруағы,  
Бітті Әшімге ақжарқын жан шуағы.  
Батыр тұлға, ак құба, нар жігіттен,  
Досы жайнап, дүшпаны қалтырады.

Сұнғакты да, сымбатты шымыр дене.  
Қызды ауылға тез қызды дубірге де.  
Сырымбеттің сұлуы Сақыпты алды,  
Байдың қызы заты тең түбірге де.

Сақыпқа жүрт Ай келбет танғалатын,  
Құрбылары құбылта ән салатын.  
“Сарыарқаның ең сұлу қызын алдым”,  
Деп Әшім де әндептіп мақтанатын.

Әшім сері сан өнер, көп білгені,  
Мерген, балуан, ақылды өсті іргелі.  
Шымкай дұлдул жылқысы, өсем еді,  
Мінген аты байлапты сан жүлдені.

Сөзге шебер, құрессе тәсіл де көп,  
Ақындықтың қосты өткір бәсіне серт.  
Өзі сері, ақжарқын ел айтатын,  
Құлагерден кейінгі ат Әшімде деп.

Он жетінші жылдағы естіп шуды,  
Қазанға да қаз тұрып белін буды.  
Жана өмірге шыр етіп, жар салғандай,  
Күдай ондап, тұнғышы Бәйкен туды.

Мандайы ашық, болардай нағыз дана,  
Ойлы жүзін айта алар аңыз ғана.  
Әкелді Әшім қолына бар өлемді,  
Тойған козы секілді сары бала.

Жыласа да дыбысты бірден үғар,  
Әке әніне, дубірлі күйге шыдар.  
Бірдеме бар жарқ еткен жанарында,  
Жымиғанда нұр төккен күнге құмар.

Ата-баба жар болар киесі көп,  
Қуаныштан Әшімнің дым есі жоқ.  
Той үстінде әмбеге өзі айтты,  
“Осы балам жаңа өмір иесі” — деп.

Әкесі жоқ бола ма бала шатты,  
Нәрестенің аспанын аласартты.  
Алты ай ғана толғанда Бәйкеніне,  
Асыл Әшім кенеттен қаза тапты.

Жан жарасын келмесе жаңалатқым,  
Білем сырын осындағы ғаламаттың.  
Мен кыркыннан шықпай-ак,  
әкем өлген,  
Отыз екінші жыл төлі аманатпын.

Өмір заңын жолдайды тірісіне,  
Кім көндікпес тағдырдың бүл ісіне.  
Қосты ел-жұрт  
Сақыпты бір жылдан соң,  
Қабдолла атты Әшімнің інісіне.

Көрдім, бала кезімде Қабекенді,  
Арыстар бар жоктатпас өз әкенді.  
Жас Бәйкенге әрі аға, әрі әке боп,  
Тірлігіне үр жаңа мән әкелді.

Оқытты да, үйретті төзімдікке,  
Қорғасындағы балады сезін жүкке.  
Айтқанында тұратын берік еді,  
Ақыл жеңер өз жолын сезім қутсе.

Аштық келіп жоқшылық кетсе мендең,  
Бәйкен аман ойлады өссө екен деп.  
— Ойлы бала бір тетік таба білер, —  
Армандады — қалаға жетсе екен деп.

Жаны ашыған ұсынса аға жолды,  
Ойлай, ойлай ақыры бала көнді.  
“Есен болғай ауылда өздерің” — деп,  
Енді аңсары алыста қала болды.

Ерте кеткен әкенің жалғызы еді,  
Қатқан шемен көкіректе қалды шері.

Он бес жаста аттанды бала Бәйкен,  
Қайдасың? – деп, –  
Тіршілік “алғы шебі”.

Көп күрсініп артында ана қалды,  
Ауыр жолда өмір тез жаңаланды.  
Ілкім сәтте  
Жан пида ақ мейірі,  
Бұрынғыдан артықша бағаланды.

Тоқтады ана, толқытпай тынышын алып,  
Беттен сүйді шолп еткен үн шығарып.  
Ағайынмен ілесіп  
Қызылжарға,  
Аттануға жалғыз үл түр сұранып.

Көрші-қолаң жиналған қора тола,  
Айтатыны бәрінің: Алла тоба.  
Құлын-тайдай құлшынған  
балалықпен,  
Жас жеткіншек қоштасты біржола.

Шешіміне ұлының тойды ма ана,  
Жол бөгөуді  
Тәуекел – жойды сана.  
Бата берді: “Жаратқан жарылқа!” – деп,  
Аз үмітін ұлғайтып ойлы бала.

Шайлыштырмай бітсін деп жүректілік,  
Кеңес берді оң сапар тілеп тұрып.  
“Кекшетауға жет, – деді  
Еспай-аган,  
Әрі қарай жіберер ілектіріп”.

Отыз екінші аштық жыл басындағы,  
Зар қақсаған даланың ашынды әні.  
Жолға шығу,  
Ол-дағы қалың қасірет,  
Өжет қосшы болмаса қасындағы.

Аштық, өлім.  
Қаусатқан көп арықты,  
Елдің сиқы өрт шалған жоғалышты.  
“Жығылғанға жұдырық” — дегендейін,  
Аз көмегін үкімет доғарыпты.

Аштық жайлы бастықтар тілге келмей,  
Үндемепті дені сау іргелі елдей.  
Қар жұтқандай көгалды  
ар жоғалды,  
Міз бакласа Сталин білмегендей.

Қолындағы кесапат кесірдей біз,  
Көріндік пе...  
Әлде зор өшіндейміз?!  
Не де болса  
Кеңестің сол сүмдығын,  
Қазак үлтү ешқашан кешірмейміз.

Сен соққандай судағы құсты тұнде,  
Қайран қазак  
Сандалма түсті күйге.  
Зеңбірекпен атқандай сұлап жатты-ay,  
Сансыз адам Көкшетау түстігінде.

“Ақ әскер шыққан жанды алды,  
Қызылдар тыққан малды алды.  
Тұтінсіз қалды ауылым  
Енді алмаған нең қалды?!

Рұымды сұрасаңыз  
Қарауылды Шоқтыбай,  
Қыршын жасқа кез болған  
Шіркін, малдың жоқтығы-ай!"

Деп зарлайды жас әйел баласымен,  
Аш-жалаңаш, жүректе жарасы кең.  
Орман-тогай қосылып, жангырығып,  
Ел қоштасып барады даласымен.

Айтып болмас ол апат зобаланды,  
Бірін-бірі көз көрді тонағанды.  
Қара жолдың жиегі қырылған ел,  
Үйме-жүйме көп өлік обаланды.

Өлімтікке жабысып құзғын-карға,  
Бастырмайды аш, долы ізінді алға.  
Есекене жетті есен  
бала Бәйкен  
Не де болса кетем – деп Қызылжарға.

Еспай-аға  
Кең мінез жаксы кісі,  
Ауыр жолда әдейілеп тапса інісі;  
Аттандырды поезбен Қызылжарға,  
Таныстарға жүк болып тапсырысы.

Елден шықса көнілде нұрлы үмітпен,  
Болды Бәйкен тапқандай құнді күткен.  
Аман барды, аңсаған Қызылжарға,  
Асыл аға тапсырған бір жігітпен.

Беу, Қызылжар!  
Жарқабак құзың сайда.  
Асу бермей салды ғой қызық жайға.  
Жетілем деп жеткенде жер түбінен,  
Беремісің балаға үзім пайдада.

Сөт оралды,  
Жебеуші жаңылмады,  
Береді ғой бергенге барын тағы.  
Қандай бакыт десенші  
Құдай ондап,  
Іздеп келген ағайын табылғаны.

Өздері де азыққа тапшы еді ғой,  
Барын бөлді – жас бала аш – деді ғой.  
Ол кездегі ағайын  
Шын бауырмал,  
Ол кездегі ағайын жақсы еді ғой.

Қала, дала кеткендей зираттанып,  
Көбірстан казақты қиратты анық.  
Жұт жұқартқан Айыртау балдырғаны,  
Тез есейді.....  
Есілде ширактанып.

Албырттық жоқ тез пішіп бұзып-жарған,  
Алғырлығы өл беріп тізілді арман.  
Үзім нанға қол жетті,  
Жүзі жанды,  
Шын талғажау бүйірып Қызылжардан.

“Құймақұлак”, “мығым қол”, “басы мықты”,  
Кешіп өтті “ашқарын” тапшылықты.

Басқарар деп үкіметті  
Кім ойлаган,  
Деподағы “колбала” Әшімовті.

Тірі қалды.  
Төнірек өзгеленді.  
Коң жиналды. Оқуға тез жөнелді.  
Техникумдар ол кезде институттай,  
Құлышындыраш қияға өрлегенді.

Жатақхана құт берді босағасы,  
Шынықтырды қу тақтай төсагашы.  
Кекшетау мен Қызылжар  
Жас түлекке,  
Болып еді арда емген қос анасы.

Аз емес-ау жүрекке еккен арман,  
Жақсы болды қол жетер шетке барған.  
Өтті қундер  
аш-арық, жұт жайпаған,  
Жалғыз ағаш жайқалды өртте қалған.

Аяз кешіп,  
Кеншідей жақұт терген,  
Қыындығы аз емес татып көрген.  
Бәйкен разы Есілге  
Төзімді етіп,  
Ұстамдылық деген зор бақыт берген.

Кейін мықтап игерсе астананы,  
Атамандар бар ғой деп, басқа мәні.  
Адамшылық, ар-намыс ер жігітке,  
Ең алғашқы қадамнан басталады.

## *Екінші бөлім*

Тез кету қайда оңалып,  
Қабағын тағдыр ашпаса.  
Ауылдың шеті жоғалып,  
Аулакқа тағдыр бастанса.

Сағындырды қамар бел,  
Сырымбет таудың етегі.  
Желпіндірген самал жел,  
Аққайың көзден өтеді.

Түседі еске туған жер,  
Күркे тал мамық қойыны.  
Айдыны шалқар Саумалкөл,  
Аққудың кербез мойыны.  
Қалың ағаш қапталы,  
Қаптаған шие, бұлдірген.  
Шие терген қыздар-ай!  
Жұздері жүрек тілдірген.

Аспандагы жұлдыздар,  
Махаббат мың-мың көздері.  
Сырымбette бір қыз бар,  
Есінен кетпес сөздері.

Міндепті өскер мерзімі,  
Біткенде елге оралды.  
Ержеткен бойдак – дер күні,  
Ұялшақ міnez жоғалды.

Сыптығыр бойы әдемі,  
Ақ құба кербез, кең мандай.  
Сұлуға жеткен сөлемі,  
Жүрегін жұлып алғандай.

Ләззаттан шырын татады,  
Бал құндақ кімді бөлемес.  
Үйретті-ау әскер катары.  
Күлгің да жоқ емес.

Ақыл тапқан ойласа,  
Мақұл көрер мың кісі.  
Төтпі әзілмен ойнаса,  
Бауыр басты құрбысы.

Қызықты тағдыр тежеткен,  
Болса да қанша әделті.  
Басталды соғыс кенеттен.  
Қан майданға әкетті.

Кай қырғыны болса да,  
Шен-шекпен, алғыс көп алды.  
Жарақаттанып Польшада,  
Төрт жылдан кейін оралды.

Қажырлы қайсар майдангер,  
Жарага ауыр көндіккен.  
Женіске жетті қайран ел,  
Тойтарды жауды ерлікпен.

Сырымбеттегі мектепте,  
Ұстаз боп бала оқытты.  
Офицер қыздан шеттеп пе,  
Фашықтық ғылым тоқытты.

Кылғыңы басар дертінді,  
Жүрекке салып жара тез.  
Би-Фатима секілді,  
Жолықты ғажап қара көз.

Бұран бел желге майысқан,  
Есілдің күба талындей.  
Үздігіп жүрек табысқан,  
Шыдатсын қайтып табынбай.

Бір көрсе мәнгі зар етер,  
Кездесті нағыз асыл жар.  
Мейірімді, маңғаз жан екен,  
Жузінде тұнған акыл бар.

Фашықтық оты дарыған,  
Махабbat сөнбес жалыны.  
Бәйкенді бірден таныған,  
Қызы екен асқан дарыны.

Баянның қызы Көкшеде,  
Жас сұлу Бақыт кездесті.  
Танысып көп күн өтсе де,  
Ақыры соңғы сөз кесті.

Дәстүрім берік жарғыдан.  
Кім жөптемес жөн істі.  
Ата-анамның алдынан,  
Өтем – деп Бақыт келісті.

Салса да назар ұлға да,  
Шындықты жән гой мақұлдау.  
Қай заманда қыз бала,  
Әкесіне жақындау.

Асығыс асыл тілегін,  
Сол күні айтты ашық қыз.  
Жігітті тосқан жүрегін,  
Тостырсын неге ғашық қыз.

Байыпты сөйлер әрқашан,  
Әсекен әйттү бекемдеп:  
“Бәйкеннің өзі байқасам,  
Есі бар жігіт екен” — деп.

Сырымбетті жөн болмас,  
Асығыс айтып өткенім.  
Көп ұстаз тапқан сан жолдас,  
Менің де сол ғой мектебім.

Куанам тәлім алғанға,  
Көп жылдан кейін барған төл.  
Бәйекен бастық ауданда,  
Астана — біздің Саумалкөл.

Тағдырға тағзыым қылайық,  
Кез келсе меже шамалар.  
Жеріме елім лайық,  
Еліме лайық ағалар.

Шәкірт — деп сүйсө зерек бір,  
Бәйкенге кейпін ұқсатам.  
Ақ патшадай директор,  
Есімде ұстаз Мұсахан.

Еспай ағай сол кездे  
Интернатты басқарды.  
Кісі еді-ау, бармас көп сөзге,  
Баурағыш жаны жастарды.

Төңірекке аты бекінді,  
Қашаннан аруақ дарыған.  
Академия секілді,  
Біздің мектеп дамыған.

Ақтоқтыңай серуенде,  
Фаламат талай қызы бар.  
Құлагер шапқан белдеуде,  
Асыл жер құтты ізі бар.

Сал Сырымбет етегі,  
Ақ астаудай Жекекөл.  
Елестеп көзден өтеді,  
Саумалкөлге төте жол.

Ақан, Шоқан, Біржан сал,  
Үкілі Ыбырай жүрген жер.  
Абылай конған асу бар,  
Бар қазақ үшін үлкен төр.

Біздің мектеп сұлұын,  
Бәйкен аға алғаны.  
Айғаным төгіп жылұын,  
Ақталды асыл арманы.

Қай кияға барса да,  
Сұранып қармақ ілмедік.  
Сол мектеп қызын алса да.  
“Жездеміз” деуді білмедік.

Тіршілік сәтті жетегі,  
Қызыққа қанша жеткізді.  
Дер шағында екеуі,  
“Алтын тойын” өткізді.

Тактырып әдемі жақұтын,  
Сәукелесін сәнді етті.  
“Бақыттым – менің бақыттым”, -  
Деп ағамыз әндettі.

Соғыстан кейін Көкшеде,  
Кешті өмір Бәйкен дауытын.  
Қай биікке жетсе де,  
Бастады құтты дәуірін.

Көңілде жатқан елеңді,  
Өленге қосып жалғасам,  
Айыртау, Көкше, Зеренді,  
Алғысын айттар әрқашан.

Тізуге бәрін сөз жетпес,  
Бірінен бірі көркем жер.  
Құттықтайды “Оқжетпес”,  
Сексен жаспен сексен көл.

Беделің елде көп сенің,  
Жылылық жеткіз солмай гүл.  
Қиналған бүтін Көкшенің,  
Бәйеке, халін ойлай жүр.

Мінезім қайсар болған тік,  
Бұлтарыс жоқ қой сөзімде.  
Көкшетау кейпі толғантып,  
Көңілсіз журмін өзім де.

## *Үшінші бөлім*

Әшімов аты шықты, дараланды,  
Шақырды ауыр күнде Қарағанды.  
“Теміртау төңкерісін” басқан кезде,  
Айқасқа аласапыран бара қалды.

Теміртау шын қырсыққа зор килікті,  
“Төңкеріс” тік көтерді әр түндікті.  
Бір-екі күн ішінде қолына алды,  
Наразы жұмысшылар бар билікті.

Жойылды көшелерде самсаған шам,  
Ақ міндет арга көшті арсалан сан.  
Құнын жеп “өзіміздің” жігіттердің,  
Төгілтті шет елдікке “қаншаны алсан”.

Суы да, сырасы да ақпай қалған,  
Шындыққа атой салды көп сарғайған.  
Әйтеуір бір керемет дүрмек болды,  
Ұрғандай Кеңес елін қақ маңдайдан.

Брежнев Мәскеуден кеп зіркіретті,  
Қайырды оқ қүшімен Үкіметті.  
Сол кезде Қарағанды басшылары,  
Ұшырап топалаңға сүркы кетті.

Тетік көп әр аттаған қадамында,  
Малтықты ескі білгір, маманың да.  
Бәйкендер келді бізге Хрущевтің,  
Совнархоз, қос обкомшыл заманында.

Тоқпакшыл Москваның зілі қонды,  
Әйтеуір бастап кетті ірі жолды.  
Жезқазған – Қарағанды аймағында,  
Қатарлас екі обкомның бірі болды.

Жеп-женіл төсөлген жоқ текше кілем,  
Әркім жүр жеміс алып еккенінен.  
Әйтеуір Қараганды Әшімовті,  
Откізді өндірістік мектебінен.

Жігіт қой ішкі намыс құші мықты,  
Жантелім болды әр кадам ісі құтты.  
Әйгілі Сарыарқаның астанасы,  
Шығарды биігіне кісіліктің.

Мал өссе тез үшталып намыс деген.  
Жездіге жетті үрдіс шабыспенен.  
Келді ол Жезқазғанға  
Көп қонақпен,  
Бір сапар бірге қосты Қанышпенен.

Көнілдің көзден кетпес елесіне,  
Үніліп алам бәрін мен есіме.  
Ойлантып Жезқазғанның келешегі,  
Жиналдық ғалымдардың кенесіне.

Иместей азamatтар жатқа басын,  
Елінде барын сезіп шаттанасың.  
Сүйсініп қос арыстың келбетіне,  
Шың қазақ осылар — деп мақтанасың.

Көрінсе кен қопару — басты ғылым,  
Жезқазған Қаныш сүйген ашты сырын.  
Бақыт қой ағаларын көріп қалу,  
Ол кезде мен шахтаның бастығымын.

Отырды екі маңғаз алтын адам,  
Келісті кербез тұлға салты ұнаған.  
Көрінді кен даланың қос жанары,  
Секілді Арал, Балқаш жарқыраған.

Басылып сөз сайысы ала дауыл,  
Тыныстап отырғандай саяда бір.  
Елестеп Жасыбай мен Саумалқөлім,  
Көрінді Кекшетау мен Баянауыл.

Таныс кой  
Маңдайлары далалыққа,  
Көп ұлық манайдағы қалады ыкта.  
Отырды дана Қаныш  
Бәкенменен,  
Аяғын жаңа баскан даналыққа.

Бәйкенге көптеу түсті заман жүгі,  
Тілейді көмір, темір табанынды.  
Ақыры жанган оттан алып шықты,  
Бір сырлы, сегіз қырлы адамдығы.

Қояды біткен істі жасырып кім,  
Сойылын соққан жоктын асылықтын.  
Орталық Қазақстан өлкесінде,  
Өшпестей ізі қалды Әшімовтің.

### *Төртінші бөлім*

Қайдасың жер жаннаты Талдықорған,  
Шақырсан қай азamat қалды жолдан.  
Әшімов Жетісуга перзент болса,  
Жетісу оған сәнді болды қорған.

Ғажап ел өнер сыйлау бар занында,  
Тамсанып талай ән, жыр арнадым да.  
Бәйкенді ел көтерді,  
Құлагершіл,  
Еліне Илияс ақын барғанында.

Осылай Бәйкен алыс шолып көпті,  
Күш қосып ел іргесін беріктетті.  
Үрпагы Ақан сері, Біржан салдың,  
Илиястың өз інісі болып кетті.

Жетису жеті өзені, орман, көлі,  
Көрінді алыс жолдың болған шебі.  
Кекшетау, Қарағанды қос қанаты,  
Қыран боп Талдықорған қонған жер

Көрінбес мұның бәрі шағын белес,  
Мәселе жердің биік тағында емес.  
Алдына қара салмай дара келген,  
Қай қазақ Құлагердің шаңы демес.

Болжаса, Димекендер керек төрді,  
Байқады түрлі сыйлы зеректерді,  
Үкімет биғіне тік көтерсе,  
Бәйкеннің білгілігі себеп болды.

Көтерді Қарағанды шахтасымен,  
Кекшетау ақ бидайлы сәтті ісімен.  
Жетису демеу берді тасқын сулы,  
Қызылша, куріш, алма тәттісімен.

Бакыттың қонған сонда лезінен,  
Аспаса басқа өрелі бір өзінен.  
Бәйекен төрге шықты  
адал, таза,  
Өзінің құдай берген мінезімен.

Тарихын қазақ елі ашқанында,  
Тұрады шын арыстар бас жағында.  
Кекшенің акыбы Алатаудың,  
Самғап жүр ең занғайыр аспанында.

Асылды шын лайық биік төрге,  
Тандайды тағдыр өзі іріктерде.  
Күннен күн, жылдан жылдар  
озған сайын,  
Самгайды ол одан да зор биіктерде.

### *Бесінші бөлім*

Ежелден мандайы ашық таққа сайдың.  
Әйтпесе әлдекімді мақтамаймын.  
Бастаса бала күннен  
байыптылық,  
Бойында бір мінезі қалды Абайдың.

Құлагер ағынындай шабысы бар,  
Жұлдені қолдан бермес,  
Жарысып ал.  
Жанары қара судай мұң байласа,  
Шын қазақ,  
Мағжан аға намысы бар.

Ақылға ізгілікті қосып алған,  
Тұтатар ұшқыр тілек отынан шам.  
Табады ол  
Ақыл, мінез ең асылын,  
Жағатын жүртқа шырақ оты бар жан.

Зердесін кең жайласа шыдамдылық,  
Қадамын қолдап жүрді құдай біліп.  
Айырды қайда жүрсे  
Қас пен досты,  
Өз мінін дүшпанындай сынай біліп.

Татса да нешік соққы заманадан,

“Әй кәпір”,

Аталған жок “жаман адам”.

— Қол үшін төрде отырып бермеді – деп,

Табалар ой, зердесі шамалы адам.

Өзгеге қалсын – деп те арық-тұрық,

Сыйласа руласын анық біліп;

Ол саған жағар еді-ау

Елді ойламай,

Отырса бар жерлесін қарық қылып.

Орны жок

ойланғанға ол айыптың,

Мал шашар ерсіл-қарсыл “зорайып” кім.

Тенбे тең бағалайық беу, ағайын,

Еңбегін Әшімов пен Қонаевтың.

Беу, достым! Шындыққа көш жара салмай,

Алдыңда ел ағасы нар атандай.

Баяғы ен байлықты үлестіріп,

Жатырмыз бірнеше жыл таратада алмай.

Серік бол, сенімді бол – кімге сендін,

Көбейді онда іштен бірлесер күн.

Жайқалып Жезқазғандар, Теміртаулар,

Бекінді бодан күйде

Іргесі елдін.

Оларға “қолдың үшін” Мәскеу берді,

Бергені бәспен келді,

Әспен келді.

Сары алтын, қызыл мысты түгел алып,

Сыймастай Алматыға өскер берді.

Татқызып  
“Қол ұшымен” мол күшінен,  
Орталық жүрді өзінің “оң ісімен”.  
“Семейдің полигонын” берді бізге,  
Мұнұлы Арал, шерлі Ауған соғысымен.

Соққыға шыдамады дүлдүлін де,  
Қоштасты тұғырымен тың қунінде.  
Горбачев ыржактатқан  
берді Мәскеу,  
Колбиннің Желтоқсанда сүргінін де.

Осындай астан-кестен замандардан,  
Бәкендер берік тұлға аман қалған.  
Арлы жан адалдығы  
Сүйсіндіріп,  
Қолыма шын тебіреніп қаламды алғам.

Биікке Бәйкен адал өрмеледі,  
Барына барша жұртты тең бөледі.  
Мінездің оған біткен ең үлкені:  
Үш жүзге бір қазакты бөлмегені.

Болды ол, өзгеге емес, елге жайлы  
Ер туды өрісті етер жерге байды.  
Құтты жол – Бәйкен жолы,  
Ол – азамат,  
Ақылдың төрт тұрманы түгел сайлы.

Құтты жол – майдангері мактағаным,  
Біл, оның аруақ қонған “окқағарын”.  
Паш еттім  
бір ғасырлық ұлы жолда,  
Күш берген қайда жүрсе аппақ арын.

Кең мандай Сарыарқалы даласындағ,  
Жұлдыздың кеудесіне жарасуы-ай!  
Ол – туы кісліктің, ізгіліктің,  
Тым мақтап кетті деме ағасын жай.

Теңеуім әлі де көп үйіп тұрған,  
Беу, Бәке! Асқақтасын биік тұлғаң.  
Құдайдың бергені сол – сен адалсың,  
Қалайша мақтасақ та сыйып тұрған.

Сыры көп  
Айта білсек басқа тағы,  
Төсінде “Алтын жұлдыз” - жақсы атағы.  
Құтты жол Бәйкен жолы – қанатты жол,  
Тұған ел, ол – ардақты ақсақалы.

Асылabyз тоқсанға келді бүтін,  
Кеше ғана “Гауһар той” терді гүлін.  
Аға, женғең түзелді  
Сен де түзел деп,  
Салтанатта бір тарқат шерді бүтін.

Жігіт емес төс қакқыш дабылы мол,  
Асыл мінез – бойында сабыры мол.  
“Сабыр түбі – сары алтын” – деген осы,  
Ел құрметтеп, ең биік табынды төр.

Бала қунде аштық пен ажал тұрған,  
Ес кіргенде соғыстай тажал тұған.  
Соның бәрін өткертіп еңбекқорлық,  
Еңбек ері Бәйкенді атандырған.

## *Алтыншы бөлім*

Алатау көз тартқандай ақша қары,  
Қазақтың Бәйкен абыз ақсақалы.  
Самған Сарыарқада сақ қырандай,  
Жасынан жайылды елге жақсы атағы.

Ол жүрсे артында зор қалдырып із,  
Сыйлаймыз мактап етіп барлығымыз.  
Еңбегі сіңген адам көп жасаса,  
Молаяр рухани байлығымыз.

Сүйсінтсе ерке күнде елін ері,  
Ерлігі егде күнде кемімеді.  
Сондағы жан құпия ізгі арманы –  
Ақтайтын ел алдында сенімі еді.

Ел сенді жас Бәйкеннің жан нұрына,  
Ол сенді туған елдің нарлығына,  
Талмайтын арман, талап –  
қос қанаты,  
Жеткізді ойға алғанның барлығына.

Заяға кеткен емес сөзі мөрлі,  
Ұл-қызы тәрбиелі өсіп-өнді.  
Тағдырдың бұл да берген зор бақыты –  
Немере, шөберені көзі көрді.

Ар жолы – әрқашанда ұстанғаны,  
Талмады әділдікке құштар жаны.  
Қолында кісіліктің кілті бардай,  
Жалғанда жақсылықты құшты арманы.

Сақтанды алып-қашпа сөз дауынан,  
Бой тартты Елбасының мол жауынан.  
Соныра барша қауым қарық болар,  
Таймады нарық жолын қолдауынан.

Көнілден кетпес сәтті көленкесі,  
Парламент, Үкімет үйі – қос кеңсесі.  
Жақтаса Ассамблея, “Нұр Отанды”,  
Ақниет көтерілді өз еңсесі.

Солтустік түлегім деп жар салады,  
Ұнады Жетісуға оң қабагы.  
Атаның ұлы емес, ол – Отан ұлы,  
Батысы, Шығысы да қарсы алады.

Мақтаса жер кіндігі Қарағанды,  
Бәйекен ауыр күнде дарааланды.  
Игерді бұлқан-талқан Теміртауды,  
“Шахтерлер досы” деген бағаны алды.

Бастауын талай істің ашқан аға,  
Күрт көшті жаңа қарқын бастамаға.  
Қолдады Елбасының еренділін,  
Көшірсе елдің төрін Астанаға.

Сыйлайды Алматыдай құт мекенді,  
Қимайды, көшпеуге де күш жетеді.  
“Інім” деп ізет етсе Нұрсұлтанға,  
“Аға” деп еске алады Димекенді.

Зер салғыш зауыттар мен қойлы ауылға,  
Қалған жоқ тарихтың пәс қойнауында.  
Семей мен Алматыдан алғыс алды,  
Абай мен Жамбыл ата тойларында.

Бәйкендей парыз жолын тыңдырды кім,  
Мұң тарқап, қуанышқа үмтүлды күн.  
Тәуелсіз елмен бірге өткізді ол,  
Бейімбет, Сәкен, Ілияс жүз жылдығын.

Қалған жоқ дауыл-желде ықтасында,  
Жарқ етті ақсақал боп шың басында.  
Сыйлады ел,  
Тебе бидей төрін арнап,  
Бой жазды бір ғасырдан бір ғасырға.

Түспеді ол өткенді ойлау күйігіне,  
Баспады кертараппалар үйіріне.  
Күдайдың бергені сол,  
Сенгені сол –  
Шықты өрлең қос заманның биігіне.

Жоритын жақсылыққа көрсे нені,  
Түләтті биік арман кәксегені.  
Таймады пәрмені мол жүрісінен,  
Дәл келді саясатты өлшегені.

Әр сөзі қаққан шеге секілденді,  
Көрсетті егде күнде жетілгенді.  
Келсе де қанша жасқа сыр бермейді,  
Тандантып күннен-күнге бекінгені.

Жетпістен Желмаядай желіп өтті,  
Сексенді сексен көлдей мәлдір етті.  
Токпейіл топқа кірер Құлагердей,  
Тоқсанның торғын туын желбіретті.

Осылай егделікті еңсергесін,  
Құлшынды Бакыт – женгем дем бергесін.  
Өткерді олар кеше “гаянтар тойын”,  
Нұр шуақ салтанатты дес келгесін.

Ешқашан көпсінбесе арткан жүтін,  
Тіршілік аяған жоқ дарқандығын:  
Төсіне “Алтын Жұлдыз” тағып беріп,  
Ашты Алла ақыл толы ақ сандығын.

Бір ісі асып түссе бір ісінен,  
Алынды талай асу тың күшімен.  
Тізгінді Нұрсұлтанға табыс етті,  
Боларын шын жолбарыс білісімен.

Кезі жоқ елмен басы қуралмаған,  
Құшағын ашты таулар, бұлан далам.  
Алаштың Бәйкен абыз ақсақалы  
Намысын қазағымның ұрандаған.

Үлкендік деген ірі күйге келді,  
Ел сыйлар болды арыс шын беделді.  
Нұрсұлтан сол ағасын қастерлесе,  
Ағасы інісіне шын кенелді.

Көреміз ірі тойлар бастауында,  
Ол сыйлы кәрі-жас пен бар қауымға.  
Сарқылмас салтанатпен бастап беріп,  
Атқарап мархабатпен тарқауын да.

Сыйласа барша қазақ жігіттерін,  
Бірліктің тас қорғаны білікті ерім.  
Ханды да, қараны да бірдей сыйлап,  
Үзбеді қала, дала үміттерін.

Өмірдің сырын үққан мәмлекері,  
Көңілдің көркін сақтар бар мәнері.  
Торқалы тоқсан жасын құтты болсын,  
Соғыс пен бейбітшілік ардагері!

Жасасын, жүзге қарай өрлегені,  
Жалғансын ол жайлайтын төр көлемі.  
Мен үшін, асыл аға, ең қымбаты –  
Үш жүзге бір қазакты бөлмегені.

Келбетін әжімдеген сызат қонбас,  
Жер бетін шарлап өткен түяқ тозбас.  
Аңдасак, ағамызға жүзге жету –  
Арттағы тоқсан жолдан үзак болмас.

Шындық сол пек жүрекке дерек етер,  
Шаттық мол ақ тілекті еселетер.  
Сүйетін ақсақалын өулиедей,  
Бір елге бір Әшімов керек екен.

10.06.2007.

Астана.

## Елдің абыз аксақалы

(Бәйкен Әшімовтің 85 жасқа толуына байланысты  
өткен салтанатты жиналыстағы сөз)

**Күрметті қауым! Қадірлі қонақтар!  
Күрметті ханымдар мен мырзалар!**

Хош келіпсіздер! Қадамдарыңызға нұр жаусын! Қазақ халқының асыл перзенті, біртуар дарабозы, майталман қайраткери, қасиетті ардагері, қажырлы қариясы, еліміздің бүтінгі ең сыйлы аксақалы — Бәйкен Әшімұлы Әшімовтің туғанына 85 жыл толды. Сексениң сенгінен тоқсаның зендіріне қарай өрлей түсті. Көкшетау, Караганды, Талдықорған облыстарын баскарған, Қазақстан үкіметінің табаны күректей 14 жыл төрағасы болған, соғыс және бейбіт күндердің айтулы ардагері, Социалистік Енбек ері ардақты Бәйкен ағамызды сол мерейлі мерекесімен шын жүректен күттіктайык!

Рухы биік адамның қыран құстай самғау шебі өрде, қонар тұғыры төрде болмақ. Бұл той — мемлекеттік дәрежедегі үлкен той. Қазақ үлкенін сыйлап өскен халық. Заңдан да биік бұл ұлы дәстүрді берік ұстанып отырған Қазақстан Республикасының Президенті, сын сағатта тарихтың сәтті сахнасына сұырылып шықкан дербестіктің дауылпазы Нұрсұлтан Назарбаевка, қадірменді Премьер-Министріміз Иманғали Тасмағамбетовке, Алматы қаласының әкімі Виктор Храпуновқа осы мәртебелі жиынды үлкен күрметпен өткізіп отырғандары үшін рахмет айтайың!

Ел ағасы атанған, айта қаларлықтай ер тұлғалы азаматтар халқымызда аз емес. Құдайға шүкір, тоқсанды еңсеріп, жүзге құлаш үрган аксақалдарымыз да барышылық. Ал, Бәйкен ағаның жолы ерекше. Тарихымыздан білесіздер, қазақтың айтулы да айбынды, ардақты да өйгілі есімі —

Абылай. Бұқарлармен қатар аталатын Қаз дауысты Қазыбек би, ақылды сөздің тарланы, шешен сөздің шебер тұған сүнғыла көсемі Әйтке билердің барында жасына емес, жолына қарап, “Карлығаш би” атанған Төле биді Қаз дауысты Қазыбектің өзі бастап, “Төбе билікке” көтеріп “Абыз би” атаған. Міне, бүтінгі ел ағаларының арасындағы тек қана жас мөлшері емес, жолы үлкен іріктісі, ел ішіндегі қадірменді сүйіктісі Бәйкен ағамызды бұдан былай еліміздің “Абыз ақсақалы” атایық деп ұсылымын.

Сыйлауга тұрар аға болса, тірісінде сыйлайық нұры тасысын. Қызу қол шапалақ дүбірін бірауыздан колдау деп түсінемін. Ендеше, бұл той — алдымыздағы ардақты үлкеніміз, ел тағдырын ойлаған бірлікші — тілекшіміз, асыл тұлға Абыз ақсақалымыздың тойы. Бәйкен аға, 85 жаспен ере келген жана атағының күттү болсын!

Қазақ өнерінің алтын ордасы Абай атындағы академиялық опера және балет театрында бұл тойдың өтуінін мәні зор құбылыс. Бұл қазақ халқының көгілдір ту астындағы мызығымас рухының, бұлжымас бірлігінің нығая тусуін көздең ел тілегінің тойы. Тойға той ұлассын, талай облыстардың өкілдері қатысып отырған той бүкіл елге күттү болсын!

Біле білсек, осы салтанатты кездесуіміз — кеше ғана он жылдығы аталған дербестік тойының тамаша жалғасы. Сол қасиетті тәуелсіздігіміз де көктен түсе қалған олжа емес. Ол — ғасырлар бойы мұнлы өзендей жосылған, әр қазақтың қасықтай ыстық қаны қосылған, “Елім-айлап” қатал жаудан шошынған, көз жасымен келген тәуелсіздік. Ол — “актабан шұбырынды, алқакөл сұламамен” жеткен тәуелсіздік. Ол — ақ патшаның табанымен, Кенес үкіметінің астамшылық қазымыр заманымен келген тәуелсіздік.

Шындыққа жүгінсек, XX ғасырдың қазақ үшін сәтті кезеңдері де болды. Кенес дәүірінде Қазақстан өрге басты, елдіктің дербес тұлғасының барлық нышандарын айқын-

дады, бүгінгі егемен мемлекетіміздің іргетасы қаланды. Әлемге әйгілі дарындар, дана ғалым Қаныш Сәтбаев, ұлы жазушылар: Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Габит Мұсірепов, Фабиден Мұстафиндер қанат жайды. Дүниені дүр сілкінтекен “Көшпендейлер” мен “Қан мен тер” және “Аз и Я” ұлы қөшті жалғап берді. Міне, сол кезде саяси-әлеуметтік өмірімізге ұлтымыздың қос кеменгері Дінмухамед Ахметұлы Қонаев және Бәйкен Әшімұлы Әшімов ел басқару сақнасының алдыңғы қатарына шықты.

Д. Қонаев пен Б. Әшімовтің басқарушылық курған заманында ел түрмисы жақсара түсті, жылма-жыл тасқындаған миллиард пүт астықтын заманы туды. Өндірісіміз өріс тапты. Тоталитарлық Мәскеу басқарған Одактың жоспарлы жүйесінің берерін қазак үшін екеуі де барынша ала білді. Бәйкен ағамыз ұлыққа барғанда қылт етіп кіріп, жылт етіп шыққан кісі емес. Барарын алдын ала келісіп, аларын орнықты түрде дәлелдеп, берерін ақылмен пішіп бедел талқан кеменгер басшы атанды.

Партия нұсқауышы һәм басқарушы болса, ол кезде неғізгі істі Министрлер Кеңесі тыңдыратын. Бұл ең жауапты атқарушылық биіктің 14 жыл төрағасы болған Бәйкен Әшімов өзін барлық қыр, сырымен, онменен солынан кенінен танытты, зор атак, данққа ие болды. Үкіметті басқарудың бодандық заманына сай амалын жасап берді. Қазақстанның Халық Қаһарманы Қасым ағамыз: “Қалай десек те, ешбір лауазым-мансалсыз жүрген маган Бәкен, Димаш ағамен қатар түрған аскар таудай көрінетін” — деп жазыпты. Осы қысқа сөзді нұсқа сөз деп білемін.

Халық “Тауына қарай тұлқісі, заманына қарай күлкісі” десе, “Заманың тұлқі болса, қыран боп шал” деп те өситет айтады. Бәйкен ағаның өз басыма зер салсам: ол XX гасырдың киядан ілер ақырық сақ қыраны бола білді. Адам баласында жақсы кісінің бойында қандай ғана абзал қасиеттер бар десек, соның барлығы да бір бойынан табы-

лады. Эне, сол тамаша мінезінің нәтижесінде өзінің де, елдің де досын көбейтіп, қасын азайта білді. Сырт тұлғасы сом болаттан құйылғандай қаншама нық болса, сол салқар да шымыр бойына сіңген абыз рухани қасиеттері де қисапсыз.

Байекеңнен үйренер ұлы мінездің тармақтары орнықтылық пен ұстамдылық, іскерлік пен еңбеккорлық. Рабит Мұсірепов ағамыз: “Талантқа арқау болар сезім емес, сенім” — депті. Бәйкен Әшімов орнықтылық пен жинақтылық тірек болған берік сенімнің адамы. Ағамыздың бойындағы ізеттілік пен ұқыптылық, қылыштың жүзіндегі қылт еттес шыншылдық пен қалы баstryрмас адалдық мол ақылмен аттальып, абырай, атаққа жеткізді. Ұлттымыздың бірлігі мен тірлігін ойлаған парасаттылық өр қадамына зор сенім берді. “Әшімов Бәйкен кім?” — дегенде “ол – ұлттымыздың сенімді тірегі”, — десек жетіп жатыр.

Кейбіреулер жұмыртқа табатын тауықша безек қағып “құт-құттағанда”: “жұмыртқа табам, жұмыртқа табам” — деп мазанды алады. Ал Бәйкен ағамыз адамзаттың да-нышпаны Пифагор айтқандай: “ұлken істі үндеңей тыңдырып үйрентен” қажырлы да табанды қайраткер. Ол елпілдеген сезімнің елгезек құлы емес, қажырлы қайрат пен ұлкен ақылдың иесі. Мараттака мастанбады, жала хатқа қастанбады. Ілгешек іздең әлдекімге қырыққан жок, жікшіл болып өсек-аяңға ермеді. Қазақстанның халық жазушысы Тұманбай Молдағалиев Бәйкен ағаға арнаған өлеңінде:

“Ар иманы өлді деп естігем жок,

Алды сүйк желді деп естігем жок.

Биіктегі әлдебір ағалардай,

Қазақты үшке бөлді” — деп естігем жок”, — десе бұл әйгілі ақынның адал пікірі. Б.Әшімов бір казакты үшке бөлмеді, әлдекімше биографиясы жаққан адамға географияң келіспейді деуден аулақ болды. Ол өрдайым

тұманды теніз өрінде желбіреген желкендей жарқын да, айқын сергек те ергек қалпында қала берді. Азамат деген ардақты атқа титімдей нұксан келтірмеді.

Бәйкен Әшімов Қарағандыдан Талдықорғанға көшкенде кер заманның талай зардабын кешкен ардақты ақсақал, зиялы азамат-жазушы Жайық Бектұров: “Сүйенбесем де, сыйынбасам да, керегінде сеніп, арқа тұтып баратын белді азаматымыз алысқа кетіп қалғанда, көпке дейін қабыргам сөгілгендей болып, жетімсіреп қалдым” — деген екен. Бұл сөз бос марапат, өсіре мақтау емес, Әшімовтің маңызды болмысын шын тебіреніп жеткізіп тұрган абзал жүректің лұпілі.

Бәйкен Әшімов тап осы дәрежеге оңайлықпен жеткен жоқ. Әкеден ерте қалды, 1932 жылдың аштығы буыны катпаган бала кезін әкетті, жастық шағының отты кездері киян-кескі соғыста өтті, бүкіл саналы өмірі ел бақытына арналған азаматтық арпалыстарда өтті.

Бұл күндері кейбір әкімдер мен Министрлер, шенеуніктер ерен байлықты он жылдан астам уақытта бөлісі алмай, киян-кескі шатасып жатса, бүкіл ел ондай емес. Бүкіл Қазақстанның халқы Елбасының сонында, бүкіл ел Бәйекендей занғар ақсақалдардың ақ бата, асыл тілектерін орындалған іске жұмытуда. Ләйім солай бола берсін.

Бәйкен Әшімовтен: “Ел сенімі — қуатым, ел тілегі — қымбатым”, — деген сөз тарады. Бұл жоталы таудай өмірдің тарысадай түйіні, нағыз қорытындысы. Бәйкенге ел сенді, еліне Бәйкен сенді, Бәйкен ел сенімін толығымен ақтады. Сол ардақты ағамыз, еліміздіңabyz ақсақалына баянды бақыт, зор денсаулық, қызғылықты да қуатты ұзақ ғұмыр тілейік!

*Дорогие Алматинцы! Высокочтимые гости!  
Благородные дамы и господа!*

Исполнилось 85 лет одному из видных государственных деятелей Казахстана, бывшему председателю Совета Министров республики, ветерану войны и труда, герою Социалистического труда, почетному гражданину городов Алматы и Kokшетау Байкену Ашимовичу Ашимову, давайте еще раз горячо и сердечно поздравим его со славным юбилеем! На казахском языке постарался раскрыть гражданскую суть юбиляра, теперь кратко хочу осветить его славный жизненный путь.

Я начал глубоко волноваться когда сказали, что докладывать об Ашимове придется в оперном. Ведь здесь все должно быть волшебным. "Пенелопе" не нужны полеты колесницы, а опере они необходимы. Но успокаивало то, что все же мы не оперу ставим, а будем чествовать нашего славного современника. Так, что не будем витать в облаках, а пройдемся по родной земле.

Биография юбиляра четко совпадает с главными вехами прошлого века, с жизнью Казахстана в составе Советского Союза. Он ровесник кровавого октября, к тому отроду в шесть месяцев скончался родной отец.

Леонардо да Винчи писал: "Если с дерева в какой-нибудь части ободрать кору, то природа, направляет туда большее количество питательного сока и кора там растет гораздо толще, чем в другом месте". Как оголенная эта кора с измальства Байкен рос скромным, вдумчивым, внимательным, сдержаным, но умеющим стойко защищать себя и исполнять любое дело на совесть. Высокая порядочность и любовь к порядку в его душу вселились от материнского молока.

Прожив полных четырнадцать лет в семейном очаге матери Сакып и отчима Кабдоллы Жакупова на пятнадцатом году жизни, в голодном, в известном гибелью доброй

половины казахов 1932 году он уходит на поиски дара судьбы, когда от удачи до смерти был всего один шаг.

С помощью родственников, особенно своего дяди Еспая Сулейменова подросток Байкен добирается из аула Шабакбай, ныне Габит Мурзеповского района Северо-Казахстанской области до города Kokшетау и далее в Петропавловск. Здесь он поступает слесарем паровозного депо, кончает ФЗУ и сразу же поступает в Ленинский сельхозтехникум не далеко от города Петропавловск.

В 1932 году и особенно в 1937 году шли массовые репрессии, тоталитаризм истребил лучшую часть интеллигенции народа. Молодого сельхозтехника пригласили в районный комитет комсомола и определили заведующим отдела политической работы. Шел уже 1938 год. Кто уцелел, тот был на коне, а молодому политруку комсомола достался велосипед. Политотдел занимался воспитанием молодежи в духе требований партии. И эту тяжелую ношу он выполнял весьма старательно. Для молодого Ашимова стала законом жизни русская поговорка: "Служи верно кому присягнешь".

В том же 1938 году он призываются в ряды Советской Армии. И армии также не по возрасту степенный казах показал образцы стремой дисциплины. На военной службе того времени молодые люди действительно закалялись, набирали ума и деловитости. Для Байкена Ашимовича армия стала хорошей школой жизни.

В 1941 году заканчивается военная служба, однако через четыре дня пребывания дома в с. Казгородок Айыртауского района Северо-Казахстанской области началась Великая Отечественная война. Около года работал Байкен Ашимович учителем в средней школе, а в июле 1942 года уходит на фронт. За этот счастливый год он не только освоил свою учебную дисциплину: "Механизация сельского хозяйства" но не механически, а трогательно выпол-

нил страстное веление юного сердца, влюбился в выпускницу средней школы, юную красавицу Сырымбету - Бахыт Асетовну. На ней он женился после войны и в настоящее время они составили большой очаг с сыном и двумя дочерьми, с бурной кучей любимых внуков и внучек, отпраздновали “Золотую свадьбу”

Бахыт Асетовна 14 лет пребывая в роли спутницы Предсовмина республики не утонула в бриллиантах. Все кто работали в те годы вместе с Б.Ашимовым отмечают скромность его жены, простоту и целомудрие. Она не цеплялась за вожжи главы правительства, никогда не посягала в кадровые и другие дела мужа. Лишь только тогда, когда Байкен Ашимович вышел на персональную пенсию попал в персональное подчинение и личную ответственность Бахыты Асетовны. “Бахыт” по казахски - счастье и прав аксакал когда говорит “в моем Бахыте мой бахыт”. “Бақыттың — менің бақыттың” стало крылатым выражением в кругу друзей и знакомых.

Как-то на 80-летии Байкена Ашимовича в Kokшетау выступающие восхваляли Бахыт Асетовну и ее заслуги в успехах мужа отмечали в процентах и довели до 95. Тогда Байкен Ашимович не выдержал и сказал: “А мне что достанется? Зал одолел дружный смех.

Я тогда встал и сказал: Ведь Вам достался весь Казахстан, да еще “Золотая звезда” на груди. Зал горячо аплодировал. Давайте, друзья, поздравим Бахыт Асетовну, за ее благородный труд как большого педагога, учителя математики, хорошей матери, и как волшебного элексира любимого мужа, которому 85-лет! Живите, Бахыт Асетовна, в полном здравии и нынешней красе еще долгие и долгие годы! Вместе с Байкен-ага бодро шагайте вперед до бриллиантовой свадьбы. Я верю этому, ибо у вас нет полных месяцев, а все месяцы медовые.

После войны для нашего юбиляра начался упорный мирный труд на полях Кокшетауской области в течение 16 лет, где он от рядового агронома поднялся до поста второго секретаря обкома партии. За тем славная индустриальная Караганда, где он был председателем облисполкома в тяжелейшие годы после “Темиртауских событий” известных восстанием рабочих. Караганда была школой крупной индустрии и развитой науки.

Позже Байкен Ашимович был избран первым секретарем Талды-Курганского обкома партии. Здесь он приобрел богатый опыт руководства южной областью Республики. С таким громадным опытом он оказался наиболее подготовленным главой Правительства, владеющим как никто другой делами и севера и центра и юга Казахстана. Так, с 31 марта 1970 года до 31 марта 1984 года Ашимов был во главе Правительства республики. Четырнадцатый по счету Предсовмина, работал ровно четырнадцать лет на этом посту, по продолжительности больше всех своих предшественников и последователей. Бразды правления Правительством как Вы, знаете, он передал счастливой руке Нурсултана Абишевича Назарбаева.

В эти торжественные минуты надо вспомнить Динмухамеда Ахмедовича Кунаева, который с согласия Москвы, не ошибся в выборе главы Правительства. Они рука об руку долгие годы работали вместе и способствовали укреплению экономики и культуры Республики. Советская власть огорчившая жуткими репрессиями, немало дала для развития Казахстана. Республика по всем показателям прочно заняла третье место после Российской Федерации и Украины. Был создан прочный индустриально-аграрный фундамент государственности, которым пользуется ныне независимый Казахстан.

Хотим ли мы того или нет жизнь таких людей обогащает историю народа, а история украшает их поиски и

стремления. От факта никуда не денешься: при их руководстве Казахстан стал чаще появляться на исторической прене науки и литературы, культуры и искусства. Был высокий контроль и люди смотрели на людей, чтобы не было стыдно перед ними за неразумный шаг. Не было массовой расташиловки народного добра. Так, что не только экономическая мощь и культурный климат но и нравственное здоровье крепли вместе.

Немало различных деятелей которые думают, что они наделены всеми добродетелями, существующими на белом свете, но не существующими у него самого. Наш юбиляр далек от таких иллюзий. Сдержанность, умение поставить себя всегда в нужное разумное русло жизни составили основу его богатого характера. Он наделен богом не только прекрасным умом и замечательными организаторскими способностями, а обладает верным вкусом к жизни, справедливым суждением в оценке себя и других, отсюда им довлели всегда верные решения и уверенные действия. В нем царили всегда благородные порывы. Именно такие черты его характера освещали путь к благоразумию.

Байкен Ашимович не из тех, кто скучает по старой жизни и порядкам, но и понапрасну не охавает полезные стороны прошлого. Он активной деятельностью помогает ветеранским организациям Республики и города Алматы в деле более прочного становления суверенного Казахстана. Благородный аксакал всесторонне поддерживает новые экономические реформы и демократизации страны на благо всех народов страны.

На встрече в аэропорту г.Кокшетау пять лет тому назад во время празднования 80-летия Байкена Ашимовича не равнодушная пожилая землячка ему сказала: “Спасибо за приезд, молодец не постарел, а как-то выглядишь более окреплым чем наши старики”. Права была красивая землячка. Байкен Ашимович как кора того дуба, о которой

говорил великий Леонардо да Винчи вобрал в себя больше силы и здоровья и мудрости чем его престарелые сверстники. Он в свои 85 лет выглядит как гиганская скала никогда незадумывающийся о велении времени.

Наш аксакал уже многие годы на заслуженном отдыхе. Власть его не испортила, а как к чистому золоту на ветру не пристали ни пыль, ни ржавчина. Он вышел из бедной семьи, отца потерял рано. Невольно задумаешься: Жизнь была беднее, а душа оказалась щедрее других. Щедрой души человеку, бог подарил щедрую осень жизни.

Мудрость сопровождает его всегда: и сейчас он встает рано в одно и в тоже время, опрятно одевается и в своем строгом великолепии садится за письменный стол. Он создал хорошую книгу воспоминаний на казахском языке, пожелаем, чтобы к 90-летию написал то же самое на русском языке, не как перевод старой, а как новую с могущественной высоты 90-летия. Ведь этот труд будет неоценимой частью живой истории XX века и начала нового столетия. Страна юбиляра строгая, мне нравится как он тонко владеет чувствами и умно следит за выражениями.

Невольно вспоминаю Гете: “Взор мой взор! Иль видишь снова. Золотые сны былого?” Власть былого не стереть, ведь хорошее былое смешалось с новой жизнью и помогает строить будущее. Воспоминания Ваши дорогой аксакал, нужны для всех, особенно для подрос тающего поколения.

Награды Байкена Ашимовича большие. Он в боях за родину награжден Орденом “Красной звезды”, двумя орденами “Отечественной войны”, как освободитель Варшавы имеет и Польский орден, бережно хранит благодарность полученную за подпись Верховного главнокомандующего маршала И.Сталина. Как видите, он такой же человек, как каждый из нас, но непомерно в большей

степени, помноженной на золотую звезду и четыре ордена Ленина.

Генерал армии герой Отечественной войны “Халық қаһарманы” Сагадат Нурмагамбетов выступая на восьми-десятилетии Б.Ашимова говорит: “Как только иной особо известный деятель сходит с высокого поста тут же его поливают грязью со всех сторон, за спиной и в глаза. Байкен Ашимов к такого рода руководителям не относится, он честен и справедлив как Суворов, потому-то сейчас он на пенсии открыто встречается с людьми самых различных категорий”. Да, именно так его встречают везде с большим уважением и любовью. Это и есть самая большая награда за его большой и успешный труд на благо родины.

Ныне здравствующий корифей нашей литературы Абдигамил Нурпейсов в статье “Добрый след” отмечает “выверенный временем четкий стиль” Байкена Ашимовича. Действительно благодаря разумному стилю жизни он прекрасно сохранился так, что его действия соответствуют словам, а слова соответствуют действиям и он сам всегда находится на переднем крае общественной жизни. Пусть жизнь этого благородного аксакала длится еще многие годы в том же стиле, в том же духе и в том же благополучии.

Спасибо за внимание.

Какимбек Салыков

23.08.2002 г.

Алматы

## Мазмұны

Алғы сөз .....	3
Бірінші бөлім. Өлеңдер .....	4
Өмірдің академіті .....	5
Есіл таны .....	6
Фашық қала Алматы .....	7
Жасай бер, біздін Елорда .....	7
Ағалар үшін алғысым ( <i>Нұрсұлтан Назарбаевка</i> ) .....	8
Бәйкен аға бүгінгі .....	10
Тіл жорығы .....	11
Кекшетаудың қаласы .....	12
Саясаткерлік Абайы .....	13
Қызылжар .....	15
“Сакта, құдай, омірдің “өттеңінен” .....	16
Жан әлемі ( <i>Серік Құраевка</i> ) .....	17
Бір жаңартып отетін .....	18
Бөрте ханымның сөзі .....	19
Оңдастынга .....	20
Батырга ескерткішпен құттықтаймын .....	21
Жаманға етсөң жақсылық .....	23
Бір қазақты болмейікші екіге .....	23
Сағындым .....	25
Данияр құдага .....	26
Байшілікте ( <i>Есенгелді Мұқыжсановқа</i> ) .....	27
Өнерпазға ақ бата ( <i>Гаухар Сұлтановага</i> ) .....	28
Бас мұфтиді құттықтау ( <i>Әбсаттар Дербісөлігे</i> ) .....	28
Сағадат Нұрмамбетовтің сөзі .....	31
Көңілім .....	32
Абаймен ерте табысқан ( <i>Бәйкен Әшімовке</i> ) .....	33
Есімін жылдар жасырмас ( <i>Сәкен Жұнісовке</i> ) .....	34
Асыл тұлға бақыл бол ( <i>Өмірзак Сұлтангазинге</i> ) .....	35
Шәкір ағайдын айтқаны .....	36
Сәкен аға қақпакылы .....	37
Алпыс деген алтын шақ ( <i>Марат Жоргеновке</i> ) .....	37
Ағалық ақ тілегім ( <i>Марат Кенжегозинге</i> ) .....	39
Мәриямға .....	42
Қорқамын .....	43
Серікбай құдам сексенде .....	44
Осы жүрт Шарбаққөлді біле ме екен .....	46

Құттықтау .....	47
Мақтаналық .....	48
Ел сенімін актаған .....	49
Кіндік қаны тамған жер .....	52
Шабакбайда .....	52
Қарасай мен Ағынтай бабаларым .....	53
Кербез Көкше келбеті .....	54
Асыл ана Айғаным .....	56
Бақыт женгеме .....	57
Бірлігімнен бақыт табар тірлігім .....	58
Сағындық Қенжебаевтың сөзі .....	59
Қыз дала .....	60
Саумалкөл (Бәйкен Әшімовке) .....	61
Көңілашар .....	62
Түркі текстес елдердің Бас ақыны .....	63
Домбыра сыры .....	64
Бәйкеннің Диханды құттықтауы .....	65
Көкшедегі кездесу .....	66
Шыдай берші .....	67
Нар тұлға (Еңбек ері Еркін Әуелбековке) .....	68
Наурызбен құттықтау .....	69
Қытайды болған елшіміз (Жәнібек Қарібжановка) .....	71
Біздің ауыл .....	72
Достықтың құтты белгісі (Кенес Үшбаевқа) .....	73
Бір теңеумен бар сырлыңды ашпастын .....	74
Жөптейді тағдыр сенгенді .....	74
Биікте еркін жүргуте .....	74
Молшер бар таудың шынында .....	75
Көңіл назы .....	75
Шөберем менің Әділге .....	76
Тіршілік .....	76
Сағындық көрдім тағы да .....	77
Доска сыр .....	78
Наполеонның сөзі .....	79
Қажымұрат Нағмановтың айтқаны .....	79
Жетіммін жігіт демейді .....	80
Сағындыққа Бәйкен аға айтқаны .....	80
Дүниеден озды екі сәйгүлік .....	81

Біздің мектеп түлегі (Бакыт Әсетқызына) .....	82
Корікті еттің Бәйкен аға жетегін .....	84
Әшірбек, ауыл жаққа барайықшы .....	85
Куанышта ағайын ағылады .....	86
Бала күнде балдырган еркем еді .....	86
Бурабайда кездесу (Жұмаш Әубекіровке) .....	86
Кім асая .....	87
Самолеттегі экспромт .....	88
Алпысқа келген інілеріме .....	89
Қамзабай Бекетовтің сөзі .....	90
Есләм Зікібаевқа .....	91
Табысым .....	92
Альбомдагы сөз .....	93
Өзгеріс .....	93
Алгысым (Галим Мұтановка) .....	94
Тұған күнің Астана, құтты болсын! .....	96
Атағын берсін Габеңнің (Оңдасын Әшімовке) .....	98
Аншылық (Кенжегали Сагадиевке) .....	99
Алатаудың ақылы (Амангелді Ермекияевка) .....	100
Тойдағы есеп .....	102
Жұлдызың жансын Астана .....	103
Көрген сайын Эуезов тілдеседі (Төлеғен Досмагамбетовке) .....	104
Аккулардың арманы .....	105
Балым құдагига .....	106
Тойдағы сыр .....	106
Ел шетіндегі тебіреніс .....	107
Зейнолла Қабдоловка .....	108
Жас үрпакты жасқанбай қолтықтаған .....	109
Қаулады жалын Күн көзін .....	110
Елдін сыйлы ағасы (Бәйкен Әшімовке) .....	111
Ақ батасын бергендей Сегіз сері .....	112
Керекудін кереметі (Оралбек Қожановқа) .....	113
Еспай Сүлейменовке ода .....	115
Қазактың асыл тұған азаматы (Бекет Тұргараевқа) .....	120
 Екінші бөлім .....	122
Бәйкен жолы (Лирикалық поэма) .....	123
Сонғы сөз орнына .....	153

**Кәкімбек Салықов**

## **БӘЙКЕН ЖОЛЫ**

Редакторы *С. Үркімбаев*

Корректоры *Б. Егембердіқызы*

Техникалық редакторы *Ж. Сейтенова*

Коркемдеген *Н. Айымбетов*

Компьютерде беттеген *М. Молдамұратов*


**ИБ № 174**

Дайын диапозитивтен басуға 21.08.07 көл қойылды. Пішімі  
84x108<sup>1/32</sup>. Қаріп түрі “Times Kaz”. Офсеттік басылыс.  
Есептік баспа табағы 10.0. Шартты баспа табағы 10.5.  
Тараалымы 2 000 дана. Тапсырыс № 365.  
Багасы келісім бойынша.

“Сөзлік-Словарь” баспасы, Қазақстан Республикасы, 480124,  
Алматы к. Абай д-лы. 143. Тел: 239-54-46

ЖПС “Жедел басу баснаханасы”,  
Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 71.

ISBN 9965-822-09-3



9 789965 822094

163т

4/10

Кәкімбек  
**САЛЫҚОВ**

**БАЙКЕН  
ЖОЛЫ**

